



# Қазімек Салыков

Шыгармалары





# *Хәкімдек Салыков*

---

## **Шығармалары**

---

Екінші том

**Тұған елге мың тағзым**

*Өлеңдер*



**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

Астана-2014

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 қаз)  
С 18

*Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару»  
багдарламасы бойынша жарық көрді*

С 18 Салықов К.  
Шығармалары / К. Салықов. – Астана: Фолиант, 2014.

ISBN 978-601-292-987-4

49493

Т. 2. Тұған елге мың тағым. Өлеңдер. – 336 б.


ISBN 978-601-292-990-4

Көрнекті ақын әрі мемлекет және қоғам қайраткері Қекімбек Салықтың бүл жинағына негізінен өзі туып-өсken қасиетті де аяулы атамекеніне және тұған еліне арнаған таңдаулы туындылары еніп отыр. Бүл шығармалардың қай-қайсысынан да ақынның елі мен жеріне деген зор махаббаты, шынайы құрметі мен сүйіспеншілігі айқын аңғарылады.


Жинақ көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-292-990-4 (Т.2)



© Салықов К., 2014  
© «Фолиант» баспасы, 2014



Бірінші бөлім

## **ТУҒАН ЖЕРГЕ АЛҒЫСЫМ**

# КӨГІЛДІР КӨРКЕМ ӨҢІРІМ

## I

Көрінді таулар көгілдір,  
Көк мұнар сәлде жамылған.  
Көк шырша сылқым өмір бұл,  
Жарапан көк ніл ағыннан.  
Тұмардай көкшіл жайнаған  
Оқжетпес қандай еңсели?!  
Көк жібек көлдер айналам,  
Сексені бірдей сал-сері.  
Көгілдір маржан өрнекке,  
Ақырғы сәлем бермекке,  
Ақ бура шөккен жер осы  
Оранған көкшіл жөргекке.  
Көгілдір екен жер-көкте  
Сүлұлық патша төресі.

Көк тоғай қолмен еккендей,  
Желкілдеп өзен бойлаған.  
Балқадиша өткендей,  
Құба тал желмен ойнаған.  
Балауса нәзік жауқазын,  
Көкаршын көзді гүл сұлу.  
Балқытпай қоймас жан назын  
Балқурай көкшіл үн сұлу.  
Қараши кербез айбынға,  
Көгілдір аққу айдында,  
Салады «Қайран, Гәккүге».  
Құлшынып құшақ жайдым ба,  
Азайған шығар қайғым да,  
Бой сергіп тажап төтті үнге.



## II

Көгілдір өзен мәлдіреп,  
Жұректің кетті тынымы.  
Өткендей болды желбіреп  
Қызы қалқа толқын бұрымы.  
Көкжарма шатқал, көк жота,  
Көк мақпал шоқы, қыраттар.  
Көгілдір тартты ақ бота,  
Құлыншак, қозы-лақтар.  
Кекілін сипап жел өтсе,  
Бұрқырап иісі ерекше,  
Көк барқыт арша боянды.  
Бір кездесу керекше,  
Дем беріп көркем елеске,  
Сағыныш қайта оянды.

Өудемде жер-көк табысып,  
Көгерпті алқап өңірді.  
Сөулемен жаңбыр жарысып,  
Көгілдір маржан төгілді.  
Тазарды бұта мөуелі,  
Жарқ етті көкшіл қарақат.  
Тотықұс ғашық өуені  
Көкірекке шекті саяхат.  
Кенелтіп адам санасын,  
Кемітіп көңіл жарасын,  
Бурабай бәрін құрапты.  
Көгілдір, мәлдір, жаны асыл,  
Іздесең қайдан табасың  
Осыдан артық жұмақты?!

Көгілдір аспан сарайы,  
Көгілдір күннің арайы.  
Хандық пен салдық жарысқан  
Ел төрі – Көкше маңайы.  
Көгілдір жайма кекілді,  
Қарағай бұлтқа жармасқан.



---

Көгілдір жалау секілді,  
Аспанмен түсі алмасқан.

### III

Өзен, көл, орман аралас,  
Көгілдір таулар шала мас.  
Көркіце, Қекше, құмармын.  
Бір күні тағдыр қызығып,  
Өмірім кетсе үзіліп,  
Көгеріп қайта шығармын.

2002

## ЕСІЛГЕ ҚОНҒАН АҚҚУЛАР

Есілге қонды аққу-қаз,  
Ақ қанат сылқым сусылдал.  
Жағада тұрып болдым мәз,  
Сағынған әннен сусындал.

Айдынның беті жанады,  
Естіліп ерке саңқылдар.  
Жүрекке жалау байлады  
Есілге қонған аққулар.

Қызығып асая Есілге,  
Аз емес ойға түйгенім.  
Есімде... ауыл кешінде  
Бетіңен алғаш сүйгенім.

Толқытып құстар оралған,  
Құба тал кетті желкілдеп.  
Оянды сезім жоғалған,  
Сағынған журек елжіреп.

Жанарың қонды жанарға,  
«Гәккүге» салса аққу-қаз.



---

Өзіңнен жеткен хабарға  
Жалғанды жаным айтып наз.

Сұлу ән еркін төгілді,  
Тулады жүрек бір демде.  
Ажарың қөзге көрінді  
Аққуды аққу сүйгенде.

Қарағай, қайың желпінді,  
Құстарға қарап анталап.  
Биледі менің еркімді  
Жер-кекке қонған махаббат.

24.04.2000.  
*Қызылжар*

\* \* \*

Көкшеде ғажап сұлу бар,  
Көрген жан үнсіз қырындар.  
Мейірім төккен жүзінде  
Жан толқытар жылу бар.

Көргенде бойдың балқуы,  
Тұтанаң көңіл шалқуы.  
Кішкентай ғана аруда  
Шексіз жүрек тартуы.

Көрсөң көзің қарығар,  
Құмартып жүрек қанығар.  
Талдырмаш, кербез бойында  
Не тілесең – бәрі бар.

Қарай қалса көшеде,  
Көз салуды еселе.  
Сені мен деп қалып тұр...  
– Басқа қазақ, – десе де.



---

Себебі бар сенбейтін,  
Ырымы көп сөнбейтін.  
Ол көшеде жалғыз тұр  
Мен ешқашан келмейтін.

Сыры да мол сақтайтын,  
Мұны да бар ашпайтын.  
Қара жолға қарап тұр  
Мен ешқашан баспайтын.

1992

## ЕСІЛ МЕН КӨКШЕ – БІР АЙМАҚ

Көк Есіл, кербез, ер Көкше,  
Аумайсың алтын араддан.  
Мағжандай дарын ерекше,  
Шоқандай дана жаралған.

*Қайырмасы:*

Көк Есіл жыр байласп,  
Сексен көл сырнайласп,  
Оқжетпес тұр жайнап.  
Аққулы көркем,  
Гәккулі өлкем,  
Есіл мен Көкше – бір аймақ.

Байтақ ел өнмен ұласты,  
«Елім-ай» қалай андатпас?!

«Гәккуім» жайса құлашты,  
Жұлдыздай жанды «Гауһартас».

*Қайырмасы.*

Жағанаңа қонды, Есілім,  
Әлемге өйгі Астанам.



---

Ақорда ашты есігін,  
Бақытқа елді бастаған.

*Қайырмасы.*

Серілер өшпес салты бар,  
Бірліктен үрпақ жаңылмас.  
Құлагер жортқан даңқы бар,  
Есіл мен Көкше – бауырлас.

*Қайырмасы.*

## ЕСІЛГЕ ҚОНДЫ ЕЛОРДА

Өзендер қайда Есілдей?!

Тасқыны – өмір көшіндей.

Атақты «Жекебатырдай»,

Жатпайды еркін көсілмей.

Қайда бар өзен Есілдей?!

Тыншымас мұздан шешінбей.

Көк толқын ақ жал бұлқынған

Сұлудың мамық төсіндей.

Қуантты Есіл талайды,

Жарылқап жатыр маңайды.

Қостанай, Көкше, Түменге

Есілдің суы тарайды.

Алқа ағаш – аппақ орманы,

Ақ бидай – өрде органы.

Жағасында – Қызылжар,

Түстікте елдің қорғаны.

Сарыарқаның төсінде,

Әлемнің озық көшінде,

Астана келіп орнады

Көгілдір, көркем Есілге.



Серпілтсем ешбір қысылмай,  
Молышылыш – жазым, қысым – бай.  
Есілге қонды Елорда  
Қазақтың бақыт құсындей.

15.04.2012.  
Астана

## АБЫЛАЙ ХАННЫҢ АЛАЦЫНДА

Бурабайда «Абылай ханның алаңы»,  
Байтақ елге атағы тез тарады.  
Сұлу Қекше, орман-төғай, Оқжетпес  
Қоршап түрған тәуелсіздік аралы.

Әсем белгі, мұнара сәнді, зәулім,  
Аңдатып түр тұңғыш Президент дәуірін.  
Табиғатқа, хан атына лайық,  
Жайнатып түр кербез таудың бауырын.

Хан алаңын көру кірсе заңыма,  
Кім қызықпас Абылайдың тас тағына?  
Орнатыпты өз қолымен табиғат  
Кең алаңның ең биіктеу жағына.

Ақындыққа сәт серік бол ергендей,  
Фадетім бар құбылыстарды тергендей.  
Табиғи тас,  
Ханға лайық, сәнді етіп,  
Қолдан құйып, Тәңірім жасап бергендей.

Жаңа өмірде талай белгі жаңғырап,  
Жаңғырап да сан үрпақты таң қылар.  
Таң қылар да Абылай ханның рухы  
Әр жүректе өшпес белгі қалдырап.

04.01.2008



## АУЫЛҒА СӘЛЕМ

Ассалау мағалейкүм, елім-жұртыйм!  
Сағыныш селі женді дүркін-дүркін.  
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай  
Салтымен жетеледі мені ғұрпың.

Ақындық Қекшетаудай парнасының  
Сарқылмас дария-толқын арнасымын.  
Бастаған Мағжан, Сәкен, Сәбит, Фабит –  
Ұлы көш кейінгі үрпақ жалғасымын.

Келдім ғой көптен көрмей қапаланып,  
Есейдім «Ата» деген атақ алыш.  
Тебіренсем жан анамның ізін көріп,  
Сүйейін қара жерді жата қалыш.

Лаулады Ұлытауда оты өнердің,  
Қияда жалғыз жүріп көшелендім.  
Тербетші жыр бесігін, ауылдастар,  
Келіп тұр алдарында бөпеленгім.

Көнбеймін көңіл қозғап жас үюге,  
Болмаса, тай сойғызып ас үюге.  
Тіршілік бір парызын ақтай келдім  
Ата-ана зиратына бас үюге.

Есімнен, ерке күнім, кетермісің?  
Келіп тұр құз-қияға жетер құсың.  
Ардақты қариялар – дариялар,  
Көргендер ата-анамды, есенбісің?!

Есінде жолдағының жорамал көп,  
Жұрсем де қолым тимей, жоламай көп,  
Сескенем жай отырып...  
Мен де бір күн  
Ауылдың ең үлкені болам-ау деп.



---

Біржан сал сөзі қалды көкейімде:  
«Сүм дүние келтеленер өтерінде».  
Ағалар, алшаң басып жүре берші  
Немере-шөберелер жетегінде.

Шабысым бәсендемес жараудамын,  
Кеңеитем тар дүние шар аумағын.  
Құрбылар, қартайманадар, мен өлі де  
Сендерге қыз күніндей қараудамын.

Өндөтіп «Жезкиікті» еткен үлгі,  
Өздерің білесіңдер еккенімді.  
Баптаған сол жорыққа  
Көре келдім  
Сырымбет баурайында мектебімді.

Тұған жер – сұңқар сүйгіш құс-алаңым,  
Төсінен биік шыңға үша аламын.  
Сау жүрген ұстаздарға сәлем берем,  
Жұзінен өткендей бол ұстараның.

1992

## ЕСІЛ МЕН КӨКШЕ – БАУЫРЛАС

Есіл ортақ, Көкше ортақ  
Бауырлас асыл аймаққа.  
Емес бұл жеңіл сөз жортақ,  
Сүйенген шындық аруаққа.

Бәрі ортақ – сексен көлімен,  
«Гәккудей» өні – бал-дәрі.  
Айыртау Саумалкөлімен,  
Зеренді, Борлық, Шалқары.

Ну орман үнсіз баурайды,  
Сүйсініп денең қызғандай.



---

Ақ қайың көзді арбайды  
Ақ балтыр, аппақ қыздардай.

Қожаберген жырау – өр тарлан,  
Өлкеге ортақ Шал ақын.  
Абылай хан өшпес жол салған,  
Шоқандай туған дара шың.

Көк Есіл мен Ер Көкше –  
Құтты жер, сыры сан алуан.  
Мағжандай ақын ерекше,  
Абайға жақын жаралған.

Сегіз сері, сал Біржан,  
Ақан, Ыбырай, Орынбай –  
Мәңгілік мұра қалдырған,  
Ән-күйдің асыл қорындай.

Көк Есіл ортақ жағасы,  
Сал Көкше жазы, күзі ортақ.  
Қазаққа қымбат бағасы  
Құлагердің ізі ортақ.

Бабалар ерте ұғысқан,  
Жас ұрпақ жолдан жаңылмас.  
Ағайын, асыл туысқан,  
Есіл мен Көкше – бауырлас.

2012

## АҚАН СЕРІ

Ұқсаған тұлпарға да, сұңқарға да,  
Болғаны қандай жақсы атаң дана.  
«Бір сырлы, сегіз қырлы» бар қазақта,  
Атасы серіліктің Ақан ғана.



---

Сұлу саз, асыл жырдың аққан селі,  
Кеменгөр әншіліктің ақтангері.  
Саятшы, бапкер, үстаз, ел ағасы,  
Жан досы Құлагердің – Ақан сері.

Жын емес, пері де емес тақсыр күлген,  
Тозған ел дүлдүлі еді бапсыз жүрген.  
Жасқантқан Жәңгір ханды Исатайдай,  
Сарыарқа патшасы еді тақсыз жүрген.

Аспанда шарықтаса «Қараторғай»,  
Сырымбет сырласады дара толғай.  
Дүниеден Құлагермен Ақан өтіп,  
Қызыққа қалды біздің даала толмай.

## КӨКШЕТАУ – ӘСЕМ ӘН ҚАЛА

Көкшетау – асыл қала Арқадағы,  
Жыр толқып, ауасынан ән тамады.  
Аққұ-қаз саңқыл қақса көл шетінде,  
Көрген жан «Гәккүлетіп» қарсы алады.

### Қайырмасы:

Сәулетті, сұлу сән қала,  
Дәүлетті, алтын дән қала.  
Сал-серілер ордасы,  
Көкшетау – әсем ән қала.

Оятса бау-бақшаны таң самалы,  
Тотықұс тоқсан түрлі ән салады.  
Көлде ән, көшеде ән – көңіл шалқып,  
Адамның еске түсер аңсағаны.

### Қайырмасы.

Ақ қайың тау етегін өрлей өскен,  
Сәлемін жеткізеді желмен ескен.



---

Қаракөз жарқ eterдей елеңдеймін,  
Базарын балалықтың бірге кешкен.

*Қайырмасы.*

Келбетін көзге оралтса сылқым елес,  
Түзелер аққұ-қазбен біздің кеңес.  
Бірауық тыңдай қалсаң айналаны,  
Бір ауыз ән салмауың мүмкін емес.

*Қайырмасы.*

## ҚҰРДАСТАРҒА

Отыз екінші жыл төлі – құрдастарым,  
Тірліктегі ең жақын сырластарым.  
Мұндастарым – опаттан олжа болған,  
Тірі қалған тірнектер – жылдастарым.

«Егделікке сенің не жабдығың бар?»  
Десен, құрдас, ойлы жыр-сандығым бар.  
Өз жүгімді өзгеге сүйретпейтін,  
Ерте жүтқан әкені тағдырым бар.

Айықпастай көбейткен шешем мұңын,  
Жеңіл сөз гой «Ауыр жыл...» десем бүгін.  
Анам шеккен қиямет еске түссе,  
Тірі тамүқ сол шығар кешкен күнім.

Аз болғандай қисапсыз бір басқа мұн,  
Соғыс келді, ел зары тынбас қалың.  
Сиыр жегіп, жер жырттық жалаң аяқ,  
Тоғызы жаста сол еді қорғасқаным.

Егін-шөптің соңында сана бітті,  
Білмей өстік шалдуар шалалықты.



Құлын күннен қол шалғы сыңғыры мен  
Соқа жұтып өкетті балалықты.

Шота, Шерхан, Нұрғожа, Жақсылық бар,  
Өңшең арыс шыңдаған тапшылықта ар.  
Қаршадайдан малшынты ел мұңына,  
Аштық жылды ел кешкен ғасырлық зар.

Мұн мен шерді іштегі құрықтаған,  
Құрдастарым, баспадың бұрыс қадам.  
Сапқа іліксек сарқыла күш тәгумен,  
Тағдыр бізді табиғи сұрыптаған.

Қой бағыстық қол салмай асыққа да,  
Болғамыз жоқ «бұзаубас», «жасық» бала.  
Қасыққа да ертерек жармасамыз,  
Ашқарақпызы жан құштар ғашыққа да.

Алла сақтап қатерден ала жалын,  
Ерте үйретті тіршілік бар амалын.  
Қай билікке жетсек те ұмытпаймыз  
Бөліп жеген интернат қара нанын.

Өмір берген ардакты құрдастарым,  
Сендер жайлы таусылмас жыр-дастаным.  
Сенгіріне сексеннің жетіп қалдық,  
Тоқсанның да қөрейік нұрлы аспанын!

\* \* \*

Алпыстан асқан жас болмас,  
Жөн табар мың бір тілегің.  
Арулар аса қас болмас,  
Үрлата салар жүрегін.

Жетпісте жүрдім желпініп,  
Жас емес, әрі-сәрі бол.



---

Қалса да жылдам жел тиіп,  
Серілік бітпес нәрі көп.

Сексенге жеттім серпіліп,  
Тағдырдан көрмей тапшылық.  
Қалғам жоқ оқыс мертігіп,  
Сабада сарқыт баршылық.

Қызының шабыт жоймаймын,  
Тергендей еңлік гүлдерді.  
Сөз қазған сәтте ойлаймын  
Жез қазған кенші күндерді.

Тірлікten қалмас көнілім,  
Болса да жүрек жаралы.  
Ендігі өлең-әмірім  
Тоқсанға көзін салады.

Толағай қоймас санаспай,  
Тоқсанның қалың орманы.  
Тоғайдан сол бір адаспай,  
Толғанып өтсем болғаны.

17.03.2012.  
Астана

## ЖЕТИСУ МЕН КӨКШЕДЕЙ

Тамсантқан алтын арай таңыменен,  
Сүйсінтекен жан баураған сәніменен.  
Көкшетау Жетісумен жалғасып тұр  
Біржан сал, ақын Сара өніменен.

Балқаштың ғашық болып ақ түніне,  
Алатай сәлем беріп ақ гүліне;  
Оралған сексен көлден аққу-қаздар  
Салады Үкілі Үбырай «Гәккуіне».



---

Тойлы ауыл Сырымбеттің саласында,  
Көз салса оза тартқан қарасынға,  
Құлагер шауып жүрген секілденер  
Кекше мен Жетісудың арасында.

Жаңғырса Ақан сері арман әні –  
Есінен бар қазақтың қалмағаны.  
Ақындық Құлагері Ілиястың  
Тамаша ел мен елді жалғағаны.

1993

## АРДАҚТАЙЫҚ АСЫЛДЫ

(Бәйкен Әшімовке)

Құндер өтті Бәйкен бар деп сенетін,  
Байтақ ел боп көрдік ажал кенетін.  
Нар тұлғаны еске алуды ойласақ,  
Биыл жылды тоқсан бескес келетін.

Кездескенде кең мінезге таңданып,  
Қарсы алатын қуанышпен бар халық.  
Ақ жүрегін туған елге арнады,  
Көрмеді одан ешбір адам зар қағып.

Ноян іспен жолбарыстай өрледі,  
Бір қазақты үшкे бөліп көрмеді.  
Кекшетау мен Қарағанды, Жетісу  
Жоғын жоқтап, аспай-саспай төрледі.

Ел басқару териу емес қыр гүлін,  
Кедергінің жарып өтті мың түрін.  
Жұтты еткеріп,  
Отан қорғап, от кешкен  
Таңғаламыз ағаларға біз бүгін.



---

Тер төгудің шыргалаңы басталды,  
Арыз жазып, кей қызғаныш қастанды.  
Ол сыр бермей, Қазақстан үкіметін,  
Аз емес-ау,  
Дәл он төрт жыл басқарды.

Жылдар өтті жемісі мол ағынды,  
Жеделдettі алмай Бәйкен дамылды.  
Бақыт құсы мәңгі қонды басына –  
Кең төсіне «Алтын Жұлдыз» тағылды.

Тәуелсіздік жеткен кезде зейнеткер,  
Білек сыбап күшін қосты, ел жөптер.  
Елбасының әр қадамын қостаса,  
Адал болды дені таза енбеккөр.

Алатаудың ақырыңы секілді,  
Тоқсан жаста топқа түсіп бекінді.  
Газеттерде бар халықпен сырласып,  
Ел абызы ой бөлісті не түрлі.

Мәңгілікке тоқсан үште аттанды,  
Оқыс қайғы күнірентті қарт жанды,  
Бәйбішесі ерте өтіп өмірден,  
Бәйкен үшін тез қысқартты ақ таңды.

Асыл мінез туса ардагер тектіден,  
Болса-дағы өзге талқы көп кілен;  
Аңсағанда «Бақыт атты бақытын»,  
Жер бетіне сыймай кетті деп білем.

Жардың ісі – ардың ісі осындей,  
Нардың ісі көрінер ме тосындей?  
Аңыз бейне,  
Өлімі де аңыз боп,  
Жүре алмады жедел жетіп қосылмай.



Тағдыр солай өмір етсе қатайып,  
Ақиқаттың дәмін айқын атайық.  
Беу, ағайын, абыз аға, ер тұлға  
Тоқсан бесін сый-құрметпен атайық.

## СИЫНАР ПІРІМ – АБЫЛАЙ

Басқарып қазақ баласын,  
Хандардың ханы атанған;  
Айнала жаудан даласын  
Қорғаумен озған қатардан.

Аруақты кетпе танымай,  
Білмесең, атын анықта.  
Сиынар пірің – Абылай  
Төңгенде қатер халыққа.

Елдігін сақтап қазақтың,  
Ордалы өрге ту тіккен.  
Ансаған мәңгі азат күн,  
Береке, бақыт, бірлікпен.

Бәйгеге жүйрік қосқанда,  
Саятта қыран құс ілген.  
Белдесер жауды тосқанда,  
Айтып жүр атын ішіңнен.

Аруақты кетпе танымай,  
Жасанған жауға жасыма.  
Сиынар пірің – Абылай,  
Төңгенде қатер басыңа.

Іргелес ел боп теңдестік,  
Әлемге атым самғады.  
Бүгінгі біздің дербестік –  
Абылай ханның арманы.



## АҚЫНДАРДЫҢ БЕРГЕНИ

Ақындарда жасыру жоқ жан сырын,  
Аялайды шындық деген тақсырын.  
Құты қашар сонда әңгүдік жаманның,  
Нұры жанар аты өйгілі жақсының.

Қуанышы жүргегіне сыймаған,  
Сағынышы шырай бұзып қинаған.  
Өлең болып өзі өріліп түседі  
Тірліктегі байлығы сол жинаған.

Терең мұңы, қатал өмір шырмаған,  
Өкініші өртендірген бұл ғалам.  
Самал жел мен арай таңдар тебірентер,  
Құбылыс жоқ ақын көңіл бүрмадан.

Түсінер-ау соның бәрін милы адам,  
Ақында жоқ айтуға сыр қимаған.  
Ол өмірде жалған сөзден қорқады  
Шарайнадай түйір тастан қираған.

Асау аттай үзіп өтер кермені,  
Жырлатпайды көкірек жарған шер нені?!  
Ақиқатты айтып өтер тайсалмай –  
Ақындардың өмірге сол бергені.

19.02.2003.  
Астана

## КӨКШЕТАУ – ДАРХАН, ДУМАН ЖЕР

Тау жетпес Көкшетауға жер бетінде,  
Сөз жетпес тенеу болар келбетіне.  
Саясы сексен көлдің жаралыпты  
Жүректің жүқа жерін емдетуге.



### Қайырмасы:

Мақтауға татыр,  
Ерледі батыр  
Абылай алаң құрған жер.  
Көк майса өрі,  
Өн-жырдың төрі  
Көкшетау – дархан, думан жер.

Көк мұнар көсем таулар кербез, асқақ,  
Ту тіккен бар қазаққа ұран тастап.  
Оқжетпес, Сырымбеттер туған екен  
Өтүге сұлулықтың көшін бастап.

### Қайырмасы.

Қазақтың тарихы бар әр тасында,  
Жаңғырды Ақан әні жартасында.  
Жалындай Құлагердің желкілдейді  
Кешкен бұлт көкшіл таулар алқасында.

### Қайырмасы.

1992

## КЕНШІ СЫРЫ

Беу, муз!  
Ен шабытқа бөледің бе?!

Бармаспын ел сырынан бөлек үнге.  
Ояу сез, бояуы айқын, дыбысы ашық,  
Терең ой мекендесін өлеңімде.

Әкелер қан майданға ерте кетіп,  
Балалық жіберген жоқ еркелетіп.  
Үйрендік іске обыр, тілге саран,  
Мың ойлап айттар сөзді келтелетіп.



Кешегім боларлықтай бүгінге сеп,  
Сарқылмас заман мұңы үнімде көп.  
Кен қаздым кейбір ділмар айтпасын деп  
«Білгені, бітіргені тілінде...» деп.

Тұспесін титім нұқсан ар-намысқа,  
Салтым жоқ жан сауғалар қалтарыста.  
Аралдың айқасында шаш ағарды,  
Жүрмей ме нағыз ақын арпалыста.

Қопарған Жезқазғанда жезім өлең,  
Телегей болып кеттім өзім өлең.  
Қыздырып ішкі намыс  
Асыл тасқа  
Қараймын ақын-кенші көзіменен.

Талпынсам туган жерден алыс қонып,  
Қуандым Жезқазғанмен таныс болып.  
Шіркін-ай, арман еді үқсап қалу,  
Дүниеден өтпесем де Қаныш болып.

Беу, достар!  
Демессіңдер бекер еді.  
Жер тілін білу ынта еселеді.  
Сырым сол – Қаныш аға зор атағы  
Көкшеден Ұлытауға жетеледі.

2000

## AҢШЫҒА

Жәңгір аға!  
Шаршадым тас қиратып,  
Қырға кенім жөнелді тасқын атып.  
Киігі көп далага кетейікші,  
Аңға шығып келейік қасқыр атып.



Ақбөкенді аш бөрі басынады,  
Басынады, билігін асырады.  
Сұлу қайтсін, ішкүса ашынады,  
Сая таппай, көргенін жасырады.

Қара көзге мөлтілдеп қапа тұнды,  
Білем не мұң аруға бататынды.  
Қасымызға ертпеніз қасқыр атпай,  
Қастандықпен ақбөкен ататынды.

Қызыл құмда кездесер тарлан шұбар,  
Бөлтірік те бөрі бол қалған шығар.  
Қанжығамыз көкжалға қарық болса,  
Құралайлар қуанып алдан шұбар.

Тұсінеді ол оқыс от тиетінді,  
Тоқтайықшы, ұғынсын ниеғімді.  
Тым болмаса бір көріп қалайыншы,  
Талай жылдар сырымды білетінді.

Ұқсын өмір оралмас мезеттерін,  
Білсін аңсау, табысу кезектерін.  
Жалт қараса басылар шаршағаным,  
Қимастық деп тұсінем тез өткенін.

## ДАНАЛАР СҮЙГЕН ЕСІМДЕР

Орыста Татьянадан есім аспас,  
Құдайдың сүйген құлы тегін баспас.  
Құмартқан, ынтық, құштар жас жүректің  
Өзге есім тап осындағы емін таппас.

Мұлтіксіз таза сұлу Анна Керн,  
Таңдантты-ау данышпанды кербез керім.  
Тамсантып, бір көргенде ғашық етті  
Тең бөліп қос жүректің мұң мен шерін.



Қазақта есім аспас Қыз Жібектен,  
Сұлу сол ғасырларды дүбірлі еткен.  
Теңейміз сүйген жарды Қыз Жібекке  
Махаббат майданында ғұмыр шеккен.

Теңселтсек көкіректегі теңіз-сырды,  
Өлемде кей есімдер негіз құрды.  
Джульєтта екі көзге елестесе,  
Есіңе бір аласың Шекспирді.

Беу, Пушкин!  
Басындастың асыл жолдың,  
Гашықтың әлемінде тасып-толдың.  
«Евгений Онегинді» аударып ем,  
Мен сенің Татьянаңа гашық болым.

Байқатқан қиял-ғайып шың төбесін,  
Үрпақта сабақ болар бұл кенесім.  
Сағынтың кейде адамды шыдатпайды  
Өлемде данышпандар сүйген есім.

## САҒЫНЫШ НАЗЫ

Сағынсам естен жаңылып,  
Сағымда жүзің көрінді.  
Сары бел жатыр тарылып,  
Сандалдым таппай жөнімді.

Сан жылдар өтті – көрмедім,  
Келбетің естен кетпейді.  
Жапанда жалғыз шөлдедім,  
Шақырсам даусым жетпейді.

Ақ қайың шықса алдымнан,  
Жапырағы жылап тербелген.  
Елестеп бейнең балдырган,  
Аңсау да жедел ем берген.



Қасымда жайнап сен тұрсан,  
Демес ем, дүние, өгейсің.  
Бір күні оқыс көз жұмсам,  
Түншығып кетті дегейсің.

## БІРЖАН САЛДЫҢ ЖАНБОТАҒА АЙТҚАНЫ

Жанбота, мені шенеп майырмайсың,  
Тоқымды шаптан тартқан айылдайсың.  
Хан-тере үмбетінен айырганмен,  
Туган ел құрметінен айырмайсың.

Жанбота! Қырындамай бермен қара,  
Деп жүр гой жаңылған ел сені дана.  
Күнде алдан бар қауымның есін алдың,  
Шошытқан жоқсың жалғыз мені ғана.

Атыңның қызыққам жоқ озғанына,  
Жан-жағың кетіп жатыр өз қамына.  
Теңіздей терең тартып толғанамын  
Күйініп туган елдің тозғанына.

Шындықты шыры таза құптар халық,  
Нәсілін сен қинадың үқпай қалып.  
Құрсінем, өзге ағайын оза тартып,  
Жұдеген жалғыз үйдей жүртта қалып.

Үйірде тепкі көрген тайымдайсың,  
Жөн білмей, құрғақ сөзді жай ыргайсың.  
Сен мені бүгін төрден айырганмен,  
Туган ел жүргегінен айырмайсын.

Біздің ел заманында ірі ел еді,  
Қылышың оңбастай қып дүреледі.  
Білмеймін, аласалыран дүние-дурмек  
Қай күні, қайда барып тіреледі?..



## СЫРЫМБЕТ

Көкшенің сал Сырымбет – бір саласы,  
Етегін көл көмкерген жер сарасы.  
Аққу-қаз гәккулеткен сырнай-керней,  
Бәрі әнші:  
Орман,  
Тогай,  
Кең даласы.

Сырықтай тікше біткен шыңы биік,  
Таусылмас құлагершіл мұнды түйық.  
Анамның ақ сүтімен жырга орады,  
Көкірекке аңыз-дастан сырын құйып.

Айнадай Жекекөлі жарқыраган,  
Еркелеп тас бұлағы ән құраған.  
Осындай жерде туып,  
Өрге жетті  
Шоқандай ел данасы,  
Алтын адам.

Ғашық жан Сырымбетке Ақан сері,  
Әніне тауга арнаған құмар елі.  
Серіге серік болып мінген аты,  
Даңқына даңқ қосты Құлагері.

Бүгін де біздің мектеп аты әйгі,  
Үлдары даналардың салтын жайды.  
Қыздары әнші-биші Ақтоқтыдай,  
Сағынтып кейбіреуі салды қайғы.

Осындай шындықты айту болмас айып,  
Мен шықтым осы ордадан қанат жайып.  
Ұлағатты ұстаздарға алғыс айтсам,  
Жүремін естен кетпей,  
Көңілім байып.



## ӨМІРДЕН АЛҒАН САБАҚТАР

Асығыс заулап сағаттар,  
Ойды ой қозғап қабаттар.  
Сондайда жыр боп төгілді  
Өмірден алған сабақтар:  
Адалдық деген ғажап бар,  
Ақ ниет жанға тағаттар.  
Арамдық деген індет бар,  
Байыған сайын жалақтар.

Ел мұңын ерлер қорғайды,  
Оларды аруақ қолдайды.  
Бірге өсіп, біте қайнасқан  
Арысқа бақыт орнайды.  
Арамза жолы онбайды,  
Жемқорға бақыт қонбайды.  
Шет елге ақша тықса да,  
Түбінде мықтап сорлайды.

Көкірегі көпке нұр құйып,  
Тер төккен ортақ мұң түйіп.  
Тасада қалған тарлан бар,  
Бір «дәкей» оған бұртиып.  
Жұмынданап күліп жылтиып,  
Жағымпаз жүр ғой қылтиып.  
Жақсыны сырттай жамандап,  
Жайғасты төрге тымпиып.

Қойсан да берік арқандап,  
Мақтаншақ басар талтандалап.  
Қалтасы қалың пәлекет  
Депутат болды алшандап.  
Тәкаппар шенді тарпаңдалап,  
Бастықты тірек қалқандап,  
Жаман аттай жал біткен,  
Жолатпас досын шалқандап.



---

Жасампаз жанға ары бар,  
Рахматы елдің табылар.  
Алдынан ертең ол кетсе,  
Ел-жұрты қатты сағынар.  
Аталы сөздің жаны бар,  
Әр әкім жеке заңы бар:  
Жұмыстан қуса біржола,  
Жолатпай қою тағы бар.

Көрініс те көп салмақтар,  
Кәсіпкер бар гой ардақтар.  
Жок боп түр бірақ халыққа  
Қамқорлық жасар магнантар.  
Осылай толқып қабаттар,  
Өмірден алған сабақтар.  
Біріңе бірін адад бол,  
Бауырым, үлтым, қазақтар!

12.04.2012.

*Aстана*

\*\*\*

Бір адамды алдарсың,  
Ондайды кім анғарсын?  
Көпті алдауға жаттықсан,  
Киесі соғып зарларсың.

Бір аңқауды жығарсың,  
Мықтымсып төрге шығарсың.  
Жақтырмас бірақ көпшілік,  
Жамбасқа түсіп құларсың.

Пыш-пышқа көмей созарсың,  
Жел сөзге мініп озарсың.  
Бірақ та шындық шырылдан,  
Сонынан қалмай тозарсың.



Алпауыт етер байлығын,  
Ақшамен өсер айбының.  
Ел байлығын енші етсөн,  
Тозағы жұтар қайғының.

Адалдық – мәңгі мереке,  
Ете алмас ешкім келеке,  
Оралса адал теріңмен  
Абырой, атақ, береке.

29.03.2012.

Астана

## ҰЛЫТАУ ЖАЙЛЫ ҮЗІК СЫР

Даналықтың қызықсам салтына бір,  
Қарт Ұлытау төгілер атына жыр.  
Отансүйгіш көтерген рухымды,  
Өзі де бір көсем тау, даңқы да бір.

Ойнақтаған тау-бөктер кілемінде,  
Салтанат бар көп киік легінде:  
Ақ Шоқыны айналып өтіп жатыр  
Білезіктей сұлудың білегінде.

Бауыр басқан таулардың көп легі,  
Қарт Ұлытау – солардың төргі шебі.  
Етегінен ғарышқа үшқан кеме  
Жетегінен шыққандай көрінеді.

Әлімсақтан Ұлытау алшақтайды,  
Кен табылар қай жерден қазсақ сайды.  
Жезқазғанға Құдайым қоса берді  
Қаныш құмар Жезді мен Қарсақбайды.

Ұлытауда ертерек таң атады,  
Кең даланы өудемде жаңартады.



---

Ұлылықтың шын сырды осы шығар,  
Бабалардың ізіне қаратады.

Содан кеттің, Ұлытау, өн-жырым боп,  
Ұларыңа арнаған жан сырым көп.  
Етегіңе құрғанда жаңа ауданды,  
Ат салыстым аяибай, бір ұлың боп.

11.04.2012

## ЮРА АЙТЖАНОВҚА

Әнгे ораған өзі көрген дәүірін,  
Өкетті ажал інімнің бір тәуірін.  
Кербез, биік Оқжетпеске үқсаған,  
Өтті өмірден асқақ дарын бауырым.

Осындайда не келмейді көңілге,  
Көрік берді ол сал Қөкшедей өңірге.  
Евтушенко – ұлы ақыны орыстың,  
Досы болып, сайрандасты төрінде.

Не амал бар тұра келген ажалға,  
Талай-талай тарланды алған тажалға?  
Құміс өүен сыңғырымен гитардың,  
Юра, есімің қалар мәңгі назарда.

Ел жоғалтты сұлулықтың ғашырын,  
Кетті өзіңмен айтылмаған тасып үн.  
Топырағың торқа болсын, нар тұлға,  
Ақылға бай, арлы азамат, асылым!

Содыр әкем жақтырмаған атынды,  
Буырқанып басын бекер қатырды.  
Жыға алмайды, жыға алмады «ақ аю»  
Асқақ өнмен өзің құрған шатырды.



Өтті өмірің талай шапқын желіспен,  
Таттың жеміс ән әкелген Жеңістен.  
Жер бетінде жақсылықты жалғадың,  
Берсін Алла мәңгі тұрақ пейіштен.

*Aстана*

## КӨКШЕТАУ

Көкшетау – өзге таудың тәубесіндей,  
Қызығы – құмартқан қыз әуресіндей.  
Көлдегі Оқжетпестің суреті  
Сұлудың айнадағы сәулесіндей.

Бурабай тауды айнала жатқан еken,  
Жұмбақтас суға белден батқан еken.  
Ақбура шөлі қанып, дөң асқанда  
Қай сотқар көзі қыып атқан еken?

Қос өркеш көшкен бүлтты өкшелейді,  
Сал бойын сандықтастар дестелейді.  
Сыры көп ел аралап аңыз болған,  
Қазағым еркелетіп Көкше дейді.

Аққу-қаз екеу-екеу ойнайды еken,  
Нөзік жан маҳаббатқа тоймайды еken.  
Сақ қыран шүйілсе де шер тарқамай,  
От құшақ күйдірсе де қоймайды еken.

Қарағай қатпар тасты тесіп өскен,  
Бәйтерек көкке бойы жетіп өскен.  
Ақ балтыр ақ қайындар билегенде,  
Тал ойнап, шілік басы желкілдескен.

Жан-жақтан жұпар ауа себіледі,  
Екі аяқ бір басуға ерінеді.



---

Аспаннан күн сәулесін қуа келген  
Ақ жаңбыр ақ маржандай төгіледі.

Айыртау Ақан, Біржан секілденер,  
Сырымбет Құлагердей еркін желер.  
Жалғызтау Үкілі Ыбырай сияқтанса,  
Өзінің сал-сері боп кеткің келер.

Тау – қорған атам қазақ жалауы бар,  
Tay – көсем Абылай ханның алаңы бар.  
Тау – дана Шоқан ескен баурайында,  
Tay – батыр Мағжан аға Баяны бар.

Айтқаным көргенімнен аспағандай,  
Екі көз шыр айналар тостағандай.  
Көгеріп көк белбеудей Есіл жатыр,  
Көкшетау өудем жерге тастағандай.

Тау сері, сексен көлі етегінде,  
Барады сексен қыздың жетегінде.  
Япырмай, соның бәрін қияр ма екем  
Соңыра көз жұмылып кетерімде?..

\* \* \*

Аққусың жел сындырған қауырсынын,  
Беу, қалқа!  
Тағдыр артқан ауыр сырың.  
Кездесіп,  
Шер тарқатты қайран жүрек,  
Назынан рахат алыш дауысыңың.

Көп күткен алыс жолдан оралғандай,  
Қара көз жаутаң қақты қол алғандай.  
Мен тұрдым бір қуанып,  
Бір мұңдайып,  
Көп жылғы өкінішім жоғалғандай.



Коштасу азап болса өмір берген,  
Кездесу жұмақ екен көзім көрген.  
Таттым ғой көп сағыныш жұбанышын,  
Сүйкімді мезет туып көнілденген.

## СӨЙЛЕЙДІ ТАҒДЫР СОНДАЙДА

Сағынбай көңіл толғай ма,  
Толғанбай қиял торлай ма?!  
Махаббат дерті ой қозғап,  
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Елендең көңіл болжай ма,  
Аңсатқан арман, ол қайда?  
Дос деген адам қас болып,  
Сөйлейді тағдыр сондайда.

«Ауылға жетер жол қайда?...»  
Дей қалышы үшқан торғайға.  
Шырылдап саған тіл қатар,  
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Жәズкийк қайда, мен қайда,  
Кездесу шаттық жолдай ма?  
Үшарға қанат таба алмай,  
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Жүйріктен жабы озғанда,  
Әділдік жолы тозғанда;  
Ашынған жаның күйзеліп,  
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Қияға қыран қонбай ма,  
Алыстан шолсам болмай ма?  
Ел мұңы естен бір кетпей,  
Сөйлейді тағдыр сондайда.



## ҚЫЗЫЛЖАРЫМ – ҚҰМАРЫМ

Жарқабақта жанғандай қызыл жалын,  
Байқап қалдым Есілде қызық барын.  
Бала ғашық балдырыған еске түсті  
Жарқ еткенде алдымда Қызылжарым.

Құба талдың қараши сызылғанын,  
Жел қосылған алмайын үзіп өнін.  
Мен келгенде құрбылар қарсы алар ма,  
Құпия сыр ақтаршы, Қызылжарым.

Қызыл ішік баяғы қызығарым,  
Есіме алсам, елжіреп тізілді өнім.  
Құлын білек, аққұба қыз еді ғой,  
Мекенжайын айтсаңшы, Қызылжарым.

Сағыныштың жүректе ізі қалың,  
Байқайсың ба қамкөңіл бұзыларын?  
Бота көзі мөлтілдеп, жаудыраған  
Сол қалқатай қайда екен, Қызылжарым?

Сыр ақтарсам, естелік үзім-тайым,  
Белгілі ғой жан құштар қызық жайым.  
Балапаны аққұдың сияқты еді,  
Кездестіріп жіберші, Қызылжарым.

25.02.2003

## ЭЛЕГИЯ

Арқалап мұңын ғаламның,  
Соққысын таттым заманның.  
Ойда жоқта оқ тиіп,  
Қиянат шеккен адаммын.

Жүргегім шалқып-тасынған,  
Құштарлық шексем жасымнан,



---

Жадымнан менің шықпайды  
Сағымда журген асыл жан.

Көбейді достар төрлетіп,  
Талай жер көрдім ержетіп.  
Таусылды менің тағатым,  
Жезкиік, өрден сен кетіп.

Көп іздеп көкте самғадым,  
Үмітпен сенім жалғадым.  
Шалдықсам жеңіп құсалық,  
Сағыныш селін арнадым.

Өтті ме өсек сөз-күйік,  
Кетті ме қырда көз тиіп?  
Мөп-мәлдір нәзік жан едің,  
Сағындым сені, жезкиік.

09.09.1954.  
Мәскеу

## ҚӨКШЕГЕ СӘЛЕМ ӘРІ АЛҒЫС

Ассалаумагалейкум, Қекшем менің!  
Сексен қызы – қарсы алғандай сексен көлің.  
Желпінтіп аппақ шашын, бас иеді  
Баяғы өз қолында өскен төлің.

Армысың, бауыр-туыс кекшеліктер,  
Жарасты өн-күй артқан көш-көлікпен.  
Көргенде өздерінді көңіл тасып,  
Кеттім ғой өудем сәтте өзгеріп мен.

Бой жазса туған жерде алған дарын,  
Жалғасты Жезқазғанда арман-жалын,  
Жезкиік Сарыарқада жүйіткіп журсе,  
Өзге емес, ол – «Геккүден» қалған сарын.



Құрбылар алса кірпік құрығына,  
Көрінбес тәтті мезет бірі күнө.  
Мәп-мәлдір жанарлары бой балқытты  
Махаббат шомылғандай тұнығына.

Белгілі бар биігім шалқып жеткен,  
Сендерсің сұлу сазды қарқынды еткен.  
Сағыныш сарқылмаған бар сырымды  
Айтады асқақ өнім «Аққу жеткен».

Шақырды шалқар шабыт ерке күнге,  
Қырандай тау бектерлеп кетемін бе?!

Тел ескен тентектермен қызы соңында,  
Сырымбет жүргендеймін етегінде.

Көз салған Есілге де, Ертіске де,  
Жүрегі кей досымның желсіз деме.  
Бір тықыр тақалғандай бәрімізге,  
Нығметжан келіп қалды жетпіске де.

Тәгілтсем талай арнау жыр бұлағын,  
Ансауши ем мектептестер нұр жұмағын.  
Жасында жүрек өртеп, ынтық еткен,  
Қалыпты әже болып құрбыларым.

Не дейін?..  
Баршаңызды құттықтаймын,  
Сәлемге тап осындай құтті сай күн.  
Немере-шеберелі болыңыздар,  
Шау тартып арасында құлыш-тайдың.

Бәріңе ыстық сәлем үйгім келді,  
Сыр айтып ақ тұмардай түйдім белді.  
Меруерт, Зина, Әгір, Зейнікеш-ау,  
ТАП қазір беттеріңен сүйгім келді.

Армысың, женешелер, ағаларым,  
Сендердің маған жүлде бағаларың.



---

Асықпай әр шаңыраққа тәжім етіп,  
Келіп тұр армансыз бір аралғым.

Дос-жаран, зиялды топ алқа толған,  
Сендерсің маған сүйеу,  
Арқа болған.  
Жетпіске тақағанда бір сілкініп,  
Бұлбұлдай түлеп тұрмын баққа қонған.

Жол тартып арнасам да неше күнді,  
Шығардым қажу білмес еселі үнді.  
Тілекtes елім-жұртый есен болса,  
Жұзге де байқап қалдым жетерімді.

Не бітер қуанышта қызыбағанға,  
Қыс тақап,  
Қол сілтеп тұр күз маған да.  
Сіздерден бұрынырақ кім іздесін  
Бас ауырып, балтырым сыздағанда?

Бірі сал, бірі сері, бірі керім,  
Мың алғыс алыңыздар, інілерім.  
Әндегін сандуғаштай қарындастар,  
Пәк жүрек лұпшілімен бірігемін.

Маған деп сайлап Қекше күйлі алаңын,  
Әндегіп бүкіл елді жинағаның.  
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай  
Аруағын сол ғой мәңгі сыйлағаның.

Жан сыры жырға оранса кесектеліп,  
Толқыдым ақ жарылар кезек келіп.  
Тап осы кездесуді айтарсыздар  
Кетті деп алдымызда есеп беріп.

07.06.2000.  
*Қекшетау*



\* \* \*

Жадымнан шықпас ешқашан  
Ауыр ой шексіз қыры.  
Шақырып желге төс басам,  
Жезкиік жонда үйірі.

Сыр төксем құстар шулаған,  
Айдынды шалқар көлдеймін.  
Бір ауыз өлең тумаған  
Күндерде құмды шөлдеймін.

Таудағы үшан судаймын,  
Дүркіреп аққан сарқырап.  
Мезетін сәттің бұлдаймын,  
Откендей жүзің жарқырап.

Тағдырмен жүрсем алысып,  
Өмірден күтіп дұрыстық,  
Шаттық пен қайғым жарысып,  
Бермейді бір сөт тыныштық.

Қауласа сағым жансебіл,  
Үмітке ойран салады.  
Тәубе деймін, өйтеуір,  
Жер айналып барады.

08.08.2000.  
*Бурабай*

\* \* \*

Тау ішінде тауды жырлап өтемін,  
Көл шетінде құсқа құрмет етемін.  
Қырға шықсам, қызыл ішек киген қыз,  
Жырлай-жырлай өзінді іздел өтемін.



Жаршысымын туып-өскен даланың,  
Ақку-қазға сәлем айттар бар өнім.  
Сұлу көрсем бір сүймеуге хақым жоқ,  
Жүдеп түрмай, жүрек тілін аламын.

Алыс жолда елді жылдам сағынам,  
Ата-баба зиратына табынам.  
Қайда жүрсем, ауылым, сені көп ойлап,  
Жөнді жәрдем тимеді-ау деп қамығам.

12.04.2012.  
Астана

## АСТАНА АСЫЛ АРУЫ

(*Raushan Қапанқызының*)

Бота көз неткен тамаша,  
Қара қас біткен жараса.  
Жаныңды өртеп өтеді  
Күлімдеп тура қараса.

Аршын төс тұрса мақтауға,  
Айтпаспын әдеп сақтауға.  
Ақмарал маңғаз тұлғасын  
Бармаспын еркін шақтауға.

Айырылып жігіт еркінен,  
Алыстан ессіз елтіген.  
Патшаның көзі түссе де,  
Селк етер еді-ау көркінен.

Ақылға толы жанарын  
Қиядан андалап бағамын.  
Ісіне берік, елгезек –  
Үлкені осы бағаның.



---

Өлемдік сайыс кең еді,  
Көрмеде бәрін женеді.  
«Фолиантта» үлкен баспағер,  
Талай жыл мінсіз келеді.

Сипаттап қана өтемін,  
Зор мақтаныш етемін  
Астана асыл аруы  
Қазақтың қызы екенін!

30.01.2012.  
Астана

## АСТАНАНЫҢ АЖАРЫН АШҚАН АРУ

Ақ жалын өуез құлшынтар,  
Қыз қайда абзал Аймандай?!

Ай маңдай жайнап үмсyнтар,  
Алдында жүлдyz жанғандай.

Тасыған үнге жан дәрмен  
Жалғасар қызыл шырайы.  
Орнайды өсем балдәурен,  
Тұғандай өнер Күн-Айы.

Жарқ етіл қарай қалғанда,  
Әмбеге шаттық себеді.  
Жеткендей ынтық арманға,  
Табылар жүрек керегі.

От сезім селін жасырып,  
Ұмтылсаң құпия сақтауға,  
Жүзінен жүзім шомылып,  
Шыдатпас сезім шақтауға.

Мейірбан, нәзік жылулық  
Өзіне баурап, бұрып түр.



---

Әлемге біткен сұлұлық  
Тал бойында тұнып тұр.

Ақ марал көрсем ғажабын,  
Айтайын көпке ашық сыр.  
Астана абзал ажарын  
Көркімен Айман ашып тұр.

## ТАҢҒАЖАЙЫП КЕЗДЕСУ

Келдің бе, Қапаш Еркінмен,  
Сайрандайық еркін, кең.  
Құйқылжыт бұлбұл әнінді,  
Тамсандыр балғын көркінмен.

Таңдансын сұлу Бурабай,  
Қызыққа қандыр бірталай.  
Шалқысын Қекше төрінде  
Үкілі Ыбырай, бірде Абай.

Етейік елтіп жан сауға,  
Асыл ән арна өр тауға.  
«Сағыныш» сырын төгілтіп,  
Еліктір елді «Аңсауға».

Шарпысын әуен маздағы,  
Келіп тұр жарқын жаз бабы.  
Қосылсын бірге сексен көл,  
Айдында аққу-қаздары.

Қиялға баста көз жетпес,  
Сұлу ән қалай селдетпес?!  
Сергісін ойлы Жұмбақтас,  
Селк етсін өргек Оқжетпес.

Ақ қайың балқып билесін,  
Кек шырша тапсын үйлесім.



---

Кайғылы жанға қайрат бер,  
Жаралы жүрек гүлдесін.

Улкендер алғыс үйіссін,  
Құрдастар шаттық жиыссын.  
Қыз-бозбала шыдамсыз,  
Оңаша кетіп сүйіссін.

Дерптіге өпер жүз дәрі,  
Өкініш өтсін ызғары.  
Егделігін ұмытсын  
Есіл мен Көкше қыздары.

Шырқап сал өсем, сыпайы,  
Үдесін даусың ұдайы.  
Батасын берсін Біржан сал –  
Әншілік өнер құдайы.

Ақ бидай толқын жайқалсын,  
Тоқшылық лебі байқалсын.  
Ел-жұртты қуант,  
Өзінді  
Алланың нұры айқарсын!

## КӨКШЕТАУМЕН СЫРЛАСУ

Көкшетау, таңғажайып қарлы етегің,  
Көрінер қысы-жазы сөнді екенің.  
Мұз басқан сексен көлді көзім шалып,  
Сағынып өткен жазды өндетеңін.

Қарағай дыбыс бермей қасарады,  
Ақ қайың енді қашан жасарады?  
Жастық шақ еске түсіп толғанамын,  
Лұпілін жүректің кім баса алады?



Біздің ел кең жазықты ойлауда екен,  
Оппа қар қалың тогай, қойнауда екен.  
Алдында есігінің ізім жатыр,  
Тағы да бір келер деп ойлай ма екен?

Сырымды, сері Көкше, білсең кейін,  
Тансығым дүниеде бір сен деймін.  
Шілдеге шідер салып қоя алмаймын,  
Қаңтарда өзіне ұқсап жүрсем деймін.

1977

\* \* \*

Бурыл тартқан шашыма біреу күйінсе,  
Ішіме сыймай, мырс етіп құлкім женеді.  
Ақ шашыма қызығып біреу сүйінсе,  
Жаныма рахат, бой жазар жылу енеді.

Шашымда менің жылтыраған қара жоқ,  
Секілдімін көп жылқыда дара көк.  
Жас келіншек сәлемдессе: «Ата!» – деп,  
Бойым қызып, жүргегімде жанады өрт.

Жыр төуірін өкеледі құба таң,  
Сол шаттықпен өзімді өзім жұбатам.  
Күндіз көрген көп адамның ішінде:  
«Аға!» – деген аруларды ұнатам.

Мың толғанып,  
Шомылсам ойға жай тауып,  
Қарттық, шіркін, қалыпсың ғой байқалып.  
Жасару жоқ, жүзге қарай аяңдал  
Жүріп келем өлеңмен қару қайтарып.

08.04.2012



\* \* \*

Біреулер жүр еліктіріп хандарды,  
Оны халық ішіне түйіп, аңгарды.  
Депутат жүр өз байлығын қоргауда  
Қолпаштаумен кей қолайсыз зандарды.

Кім әкетті қанша бұйым-мұлікті,  
Кім құртты миллиондаған тұлікті?  
Барша халық ішіне тұнған жанартай  
Қыздырып түр үрлеп үлкен құдікті.

Байлар ерен байып бара жатқанда,  
Кедей байғұс күйзеліске батқанда,  
Көп ұзамас, өділдікке қол жетіп,  
Өсіре байлар түсер деймін қақпанга.

Өмір деген – аласапыран арпалыс,  
Нарықта жоқ бәз-баяғы зор табыс.  
Әбжыландай қылқындырып барады  
Қарызға батқан АҚШ-ты да дағдарыс.

13.04.2012.

*Астана*

## **БЕУ, ЖІГІТТЕР, ҚҰЛАҚ САЛ!**

*Әйелді қанша аз сүйсөң,  
Соншама жеңіл үнайсың.*

*A.C. Пушкин*

Дананың сөзін ұгайық,  
Беу, жігіттер, құлақ сал!  
Жерінен айтқан шығайық,  
Махаббат сонда тұрақтар.



Сүйгіштей берме күн-түні,  
Жетпей ме кеш те табынар.  
Жүргегінің дұрсілі  
Жиілеп кетсе сағынар.

Жалына көрме орасан,  
Пұл тосқан құлдай жүдә мас.  
Бір сүйіп қана қоя сал,  
Өзі де сонда шыдамас.

Ләззат алсаң ардақтап,  
Аяма сөздің сарасын.  
Сабырлы сейле, салмақтап,  
Сонымен құрмет табасың.

Сыйластық туын құлатпа,  
Етпей-ақ өсіре жалыныш.  
Аң аулап келші бір апта,  
Қаулады сонда сағыныш.

Бір түскен соң құрыққа  
Асаят та мінгізер.  
Сұлудың сырын ұмытпа,  
Бір сүйсен, қайта сүйгізер.

09.08.2000.  
*Бурабай*

## КӨКШЕТАУДА ҚҰЛАГЕР ЕСКЕРТКІШІ

Құс қанат желден жүйрік ғұмырына  
Орнады Көкшетауда ұлы мұра.  
Құлагер Күнге қарап кісінеп тұр,  
Орнығып мәңгіліктің тұғырына.

Озуга жаратылса құлшынысы,  
Бәйгеге сай жараулы тың тынысы:



Ұнап тұр ойнақ салып, жалын серпіп,  
Арқырап кең аспанға үмтىлышы.

Серт емес қан майданда оқ дарыған,  
Кер дала көрді азап сотқарынан.  
Жануар дара озып келе жатып  
Сатқынның жығылыпты шоқпарынан.

Естуші ем ерендікке сай құланың  
Ақанды құлын құнде таң қылғанын.  
Серінің ес кіргелі айтып өстім  
Құлагер мерт болғанда қайғылы әнін.

Тұлпарға сал Сырымбет тұмар делік,  
Бұйырды бізге жастай құмар ерлік.  
Бетпақта жезқиікті көре алмас ем  
Қанымды қоздырмаса құлагерлік.

Үңілді ескерткішке қарағай да,  
Түн келсе құлімдейді қарап Ай да.  
Жүйрікке жүйткіп өткен кім қызықпас,  
Тәлкегін күйкі тірлік санамай да?!

Сай келер дүлдүл озық өсиетке,  
Өнеге осы емес пе жас түлекке:  
Әлімі Құлагердің елді оятты,  
Айналды қасіреті де қасиетке.

19.03.2012.  
Астана

## БІРЛІК ТӨРІ – АСТАНАМ

Асыл аймак, Есіл еркем,  
Құтты болсын көшің көркем –  
Ел аңсаған.



Жасап қазақ биік төрін,  
Қыран-қала, биіктедің,  
Мен жар салам.

Тілек қосқан барлық достың,  
Жүрек тербел, басын қостың,  
Сен өркенде.  
Нұрың жансын, асыл мекен,  
Саған бақыт ғашық екен  
Кең өлкемде.

Ата жолын білген едім,  
Құштар жаным бірге менің,  
Сен шарықта.  
Сөлем алшы, тәжім етем,  
Заман сырын мәлім етем  
Мен халыққа.

Әнім – шашу, күйім – тұмар,  
Шаттық кернеп, болдым құмар  
Жас сәүлетке.  
Елге – ырыс, жерге – қорған,  
Төрің толсын, Алтын Ордам,  
Мол дәүлетке.

18.01.1998.  
Алматы

## БАҚЫТ ДЕП БІЛЕМ ӨЗІНДЕ КӨРГЕН ӘР КҮНДІ

Сүйемін, Қекше, бауырмал таза салтыңды,  
Көркіңен көркем бірталай өлең, ән туды.  
Көлде аққу-қаз сырнайлатса саңқылдал,  
Бола түстің күннен-күнгө тартымды.

Сексен көлді «Гәккулеп» құстар тойлаған,  
Сондайда түсті таңғажайып ой маған.



Күз келсе де маңайдың бәрі тамаша,  
Жезкийк өтті жаз бойы мені ойлаған.

Ақ қайың гажап, аумайды таныс арудан,  
Желпініп қарап, болады мұңға салынған.  
Қоштасарда ақ білегін кең жайып,  
Сездірмейді жүрегін қаққа жарылған.

Сыйлаймын, Қекше, күз келсе қоңыр салқынды,  
Сеземін сергек бойымда жаңа қарқынды.  
Қысың да жақсы аязды аппақ қарымен,  
Бақыт деп білем өзінде өткен әр күнді.

09.08.2000.  
*Бурабай*

## СӨКПЕЙ ӨТЕМ ДОСЫМДЫ

Тарта-тарта шылымды  
Құмарымды қандырдым.  
Алсын ол да тынымды,  
Бурабайда қалдырдым.

Тарттым Қремль төрінде,  
Кек будаққа мұң артып.  
Тарттым Ұлытау ерінде,  
Жезкийке құмартып.

Өзінде бір дәру бар,  
Алға басар ісің де.  
Қалды талай арулар  
Кек түтіннің ішінде.

Қылмың қақса қызы-шабыт,  
Шектім шылым аңысын.  
Таттым қымбат пұл тауып,  
Сигареттің тапшысын.



Біреу, мүмкін, сөгер де  
Таstadtың деп кешірек.  
Білмеген жан сенер ме,  
Қоштасып ем бес рет.

Тарттым ойлы ақ таңда,  
Келсе мұңға салар күн.  
Біреу шылым тартқанда,  
Бәрін де еске алармын.

Өмір – кейде тың нәсіп,  
Ашыны да татқызды.  
Үйір болған сырласып,  
Тәттіні де тапқызды.

Соғыс жылдар... тым ерте  
Темекі оқыс қосылды.  
Жан баураған мұң шерте  
Сөкпей өтем досымды.

12.08.2000.  
*Бурабай*

## ҚАЙДАСЫҢДАР?

*Тәңірі – қыздар!  
Қайдасыңдар?  
Не болды?*

*A.C. Пушкин*

Қыз тәңірі, беу, құрбылар,  
Қайдасыңдар? Не халде?  
Бір көруге қылдыңдар зар,  
Жол тоғыспай өүелде.

Сау ма көрік, жанарларың,  
Жарқ еткенде жан алған?



---

Жетпей қойды хабарларың  
Жанға рахат санаған.

Қандай екен тұлғаларың  
Ерке сылқым еліктей?  
Бұрса тағдыр шын назарын,  
Көрер едім зерікпей.

Шыдау қайда жігерленбей,  
Қалсам, шіркін, бір көріп.  
Айырбастап жібергендей,  
Кеттіндеге ме өзгеріп?

Балдырган қызы өндерінді  
Жадымда есен сақтадым.  
Өлең етіп өздерінді,  
Ақ тілекті ақтадым.

Жүрген күндер түсер көзге  
Тай-құлындағы желіде.  
Болғам жоқ қой мұлдем өзге,  
Танырсындар мені де.

Көктем де өтті балбырап,  
Жадырап жаз да қоштасты.  
Қалжырап қайтем абдырап,  
Алтын күз берік достасты.

Көп өзгердім мен жырақта,  
Шашым аппак,  
Қудаймын.  
Кездесе қалсан...  
Бірақ та  
Жақын тартпай тұрмаймын.

10.08.2000.  
*Бурабай*



## ЖЕНЕШЕ

(Шәмшиқұмар Құрманқұл келініне)

Ауылға барғанда қайным деп,  
Өзгеден сен қанат жайдың көп.  
Шіркін-ай, білгім кеп тебіренем,  
Жүгіртіп қойды еken қай міндет?

Есімде кешегім, бүгінгім,  
Балдырган күндерге үңілдім.  
Женеше, алдыңда жүгірме,  
Өзімнің келіп тұр жүгіргім.

Жүректің лұпілін санасам,  
Жасарып кеттім жас балаша.  
Ақ көніл, кең пейіл женеше-ай,  
Мінезің не деген тамаша?!

Жүрсем де ауылдан шеткери,  
Ұзамас көңілімнің кептері.  
Ауылымның ұлкені болдыңдар  
Ұлкендер аттанып кеткелі.

Жарқырап тар үйің сарайша,  
Шаттандың достарым молайса.  
Анамдай ардақты женеше-ай,  
Мен парыз ақтармын қалайша?!

1982

## КӨЛ ШЕТИНДЕ КЕШҚҰРЫМ

Бурабай кеші – Тәңірімнің құрметі,  
Естен кетпес таңғажайып суреті.  
Келіншектей көк шымылдық ішінен,  
Тау басынан сығалайды Құн шеті.



Шығыс жаққа жарық молдау түр түсіп,  
Бұлттар етті Оқжетпесті бір құшып.  
Айдындағы «Гәккулетті» аққу-қаз,  
Кетер ме екен ақша бұлтпен бірге ұшып?!

Барша жанға тек жақсылық тіледім,  
Жоғалтпадым көп аққудың легін.  
Бурабайға алғыс айттым ішімнен,  
Баурайынан ләzzат алды жүрегім.

Жар салғандай қоштасуға шақырып,  
Судан балық шоршып шықты атылып.  
Тыңдай қалды жағадағы бар адам,  
Құстар өні мұнды өуенге батырып.

Айдын қалды беті ашылып, жаңарып,  
Мен балқыдым әкетердей өн алып.  
Әудем сәтте құстар кетті алыстал,  
Көп ойлантты дүние қайта жаралып.

Орнағандай әнсіз жерде таршылық,  
Жаутаң қақты жағадағы талшыбық.  
Орман-тоғай ойға түсіп мұлгіді,  
Өлі тірлік тыныштыққа малшынып.

Көңіл бастым  
Ауылдақса жолығып,  
Қиял қостым  
Бар сырымды ол ұғып.  
Мыж-мыж болып  
Соңғы алтын шапағы,  
Күн де батты  
Жақсы адамдай көз жұмып.

11.08.2000  
*Бурабай*



## ҚАРА ӨЛЕНМЕН ЖАЗЫЛҒАН РОМАНС

Кешіп өтсем дарияның кең өткелін,  
Мен өткенде қасымда сен өтпедің.  
Соның бәрі басылар кездескенде,  
Үмыт болар үмытпай мезі еткенім.

Реніште құлдырап қамықпаймын,  
Терең жатыр жан қинар анық қайғым.  
Қинап-қинап соғады ақ қуаныш,  
Айдын кезген ақ құстай қалықтаймын.

Қалықтаймын, құлемін аман қонып,  
Шарықтаймын шаттыққа санам толып.  
Қуаныш пен реніш алмаспаса,  
Жүрер ме едік жер басып адам болып?

Көрінгені көктемдей жаз аяғы,  
Сұлу еken дидарың бәз-баяғы.  
Кездесейік тағы да, кездеспесек  
Тіршіліктің қызығы азаяды.

1992

## КӨКШЕДЕГІ КЕЗДЕСУ

Көкшетау қарсы алғанда ән-күйменен,  
Пәк сезім қандай ғажап жан билеген?!  
Туган жер сый-құрметін көріп қайттым,  
Анамдай ақ бесікте өлдилеген.

Қарсы алды інілерім, ағаларым,  
Әр әннен есті құштар самал-ағын.  
Аққудай қарындастар «Гәккулетсе»,  
Қыз-шабыт жан талабын жаңаладым.



Күрсінткен өмір жүгі, қайда қалдың,  
Сол кеште ойраны көп ойға қандым.  
Желбіреп аппақ шашым жыр оқысам,  
Қайтадан қайрат-жігер қайрап алдым.

Інілер өнімді айтса гитарлатып,  
Домбыра бұлт аунатты ыргай шалқып.  
Оркестр сексен көлді мың толқытса,  
Бой жаздым сағынышты бір тарқатып.

Қалқаның болып жүрген керкі қайғы,  
Иран сал шырқап салды «Бөркің-айды».  
Толқыса «Ақ тырналар», «Аққу жеткен»,  
Шыбын жан қалай ғана толқымайды?!

Кездестім бірге оқыған дос-жаранмен,  
Сахнадан жыр арнадым, оспақ әнмен.  
Бетінен Зейнікештің бір сүйгенде,  
Балқыдым бал тосқандай тостаганмен.

Ашылса мектептестің кең жүрегі,  
Көрінді тіл қатысқан ем тілегі.  
Жанары қимай қарап жарқ еткенде,  
Мен тұгіл, бәйбішем де елжіреді.

Құттықтап жыр төгілткен талабымды,  
Нығметжан татымды сез таба білді.  
Мың рет шақырсаң да қайтып келмес  
Еріксіз елестетті бала күнді.

Туған ел, сен шақырсаң самғап жеттім,  
Бір кеші сан жылға азық, ардақты еттің.  
Қайтадан көрікенше күн жақсы деп,  
Мың алғыс бәрінізге арнап кеттім.

07.06.2000.  
*Көкшетау*



## ЗАМАН-АЙ!

Біржан салдан жаттаған жаңым іңкөр,  
Сүйіп шырқар әнім бар – «Жамбас сипар».  
Сұлу көрсем, құс ілер ақ түйгүндай,  
Бір сипамай қоймайтын мен де қиқар.

*Қайырмасы:*

Қарақат көзі танадай,  
Қызы қалған жоқ қарамай.  
Отті-ау, кетті-ау сол дәурен,  
Махаббат, шаттық мол дәурен.  
Ой-хой, шіркін, заман-ай!

Ақан сері жолында жетілгеннен,  
Қызызы жерді салтым бар жетім көрген.  
Маған ғашық сұлуды тез танимын  
Балқадиша перизат секілденген.

*Қайырмасы.*

Балуан Шолақ дегенде жастық шақты  
Еске аламын қылыштай алтын сапты.  
Қызы-келіншек дегенде дамыл таппас  
Асаулығым бұл күнде салқын тартты.

*Қайырмасы.*

Шал ақындағы дәлдетсем анық басып,  
Ерте жетті ер жігіт қанық нәсіп.  
Қызылжардың сұлулығы іздеп келді,  
Өкеткем жоқ Мәскеуге алып қашып.

*Қайырмасы.*

1994



\* \* \*

Қайран жүрек қысып-қысып кетеді,  
Бір соққаны мың соққыға жетеді.  
Сол бір сәтте өткен күндер тізіліп,  
Қайтқан құстар көз алдыннан өтеді.

Қиянатым жоқ қой ешбір адамға,  
Қайта үңілем арттағы көп қадамға.  
Бір ананың жалғызы бол жүргенде,  
Сенуші едім жүрегім мен қаламға.

Әлі күнге сол екеуі ұғар деп,  
Тіршілікке келем шексіз құмар бол.  
Жүрегіме еш өкпем жоқ, түсінем  
Қатер сезген қоңырауы шығар деп.

Сондай кезде бір суынсам, бір қүйіп,  
Жүрегімде бар демендер мың қүйік.  
Ештеңе жоқ, өзім табам дәруін,  
Көз қызыққан сұлу көрсем бір сүйіп.

04.02.2002.

Емхана

## КӨКШЕТАУ ТЕАТР АШҚАНДА

Ассалаумагалейкум, Көкшетауым!  
Елге құт, маган бақыт есен-сауың.  
Қуаныш құтты болсын театр ашқан,  
Өнерге орда құрдың, өсер қауым!

Қазақтың сал-серілік бас қаласы,  
Атандың ақындықтың астанасы.  
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Үбырай...  
Құт дарын шоғырланды бастамасы.



---

Жүрекке жұлде байлар таптың дәрі,  
Елге аян Мағжан, Сәкен сақ тындары.  
Дүбірі Құлагердің естілгендей,  
Саңқылдар сексен көлдің аққулары.

Асып түр арнасынан дария-өлең,  
Мақтанам жан толқытар жаңа үямен.  
Сәнді етіп сахнаға талай шығар  
Әндептіп Балуан Шолақ Фалиямен.

Сал Көкше нұры жанса театрланып,  
Жақандай тебіренбесін ақын не қып?  
Нар жүгін тік көтерген қан майданда,  
Дәл бүгін бір сілкінер батыр Мәлік.

Шаттанса ақын жүрек үшады екен,  
Құлшынды ел аңсаған құса мекен.  
Тап бүгін қатты үйқыдан аунап түсер  
Ақтүйғын ағаларым –  
Мұса, Көкен.

Театр «Абылайлас!» ағындарсын,  
Жөптердей Шоқан атам бабын тапсын.  
Қазақтың жаңа ашылған өнер көші  
Толқытып Сарыарқаны дабыл қақсын!

Ер Көкше!  
Таңғажайып жаңаңандың,  
Кең сарай аштың төрін жаңа алаңның.  
Сахна саңлақтары,  
Самға,  
Заула,  
Аруағы жебеп жүрсін даналардың!

31.01.2004.  
*Көкшетау*



## ЕЛ СҮЙГЕН ӘЛЕМІН БАР АЗАМАТСЫҢ

(Жақсылық ҮІсқақовқа)

Жақсылық, құтты болсын сексен жасың,  
Тауыпсын жүзге жетер өткел басын.  
Әлі де талай жылдар жаса деймін,  
Бергенің туған елге көп болғасын.

Атақты Фабдолла атай баласы едің,  
Биледі сені таза сана-сезім.  
Еліңе жақсылық сеп дегендейін  
Болды, рас, ата-анаңда дара сенім.

Бөллендің жақсы ырымға бала күннен,  
Бөгет жоқ жақсы ұланды сүріндірген.  
Жақсы оқып, жақсы қызға сен үйлендің,  
Жақсы алдың қарт Алатау нұрын Күннен.

Бек жақсы бастық болдың ауданыма,  
Жақсы еді Есіл ескен аумағы да.  
Елімнің жақсы атанған елеулісі,  
Қызылжар тұғыр болды самғауыңа.

Қарамас жастық шаққа қызықпай кім?  
Қанатты үшқан сайын үздік жайдың.  
Ауылымға Қаттай аға екеуіңдің  
Зор көмек бергеніңді ұмытпаймын.

Жол түсті биік төрге аттануға,  
Павлодар облысын басқаруға.  
Мен білген Қаныш елі саған риза,  
Болардай жерлесім деп мақтануға.

Сері дер сексендеңі мәнерім бар,  
Ағалық екі ай үлкен сәлемімді ал.  
Жақсылық, раҳмет саған, ұзақ жаса,  
Ел сүйген сенің үлкен әлемің бар!

17.03.2012



## БІЗДІҢ АУЫЛ ҚЫЗДАРЫ

Көрші қызбен ерте ойнап, ерте күлдік,  
Естеліктер аз емес ерке күндік.  
Шаршы топта қосылып ән шырқасақ,  
Оңашада ғашық сыр шерте білдік.

*Қайырмасы:*

Бал тамғандай тілінен,  
Аумас көктем гүлінен.  
Біздің ауыл қыздары  
Бірі сұлу бірінен.

Қос жанары жүректі жаулағандай,  
Ақ дидары тірі жан таңгалардай.  
Өні жайнап кететін ән салғанда,  
Ертегіде арудан аумағандай.

*Қайырмасы.*

Осылар ғой жүректің нәр алғаны,  
Базары құт балалық – бар арманы.  
Аппақ еді-ау айдында жас аққудай  
Ішіндеңі ең артық жаралғаны.

*Қайырмасы.*

1996

\* \* \*

Татулыққа кезім жоқ көніспеген,  
Жан құпия... от-сезім бөліскен ем.  
Тәтті түстей өтеді еске түсіп,  
Сәтті күндер құштарлық өрістеген.



Жыр ма екенсің, сол күндер, өн бе екенсің?!  
Нұр төгілтіп, өмірді сәнді етесің.  
Дос ниетпен, махаббат, өзің қидың  
Қос жүректің аяулы ақ нексін.

Қолтықтасып талай кеш жүрдік билеп,  
Жанға жалын жалғасты түйдек-түйдек.  
Ойда жоқта оңаша қалу деген  
Бақыт еді-ау кездескен бізге сирек.

Киік көрсем жарқ еткен өрде жүріп,  
Қисапсыз ғой жүректе өрген бүлік.  
Ең алғашқы дегені сол екен ғой,  
Құштарлыққа тұншығып сөнген үміт.

1972

## БУРАБАЙДЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН ЖАНАШЫРЫ

(*Қайыргелді Құрмановқа*)

Құлагердің көз салғандай шаңына  
Ақан сері құлақ түрсем зарына,  
Ары таза, қаны қызу,  
Тебірендім  
Жер бетінде нар қазақтың барына.

Алау қосқан азаттықтың таңына,  
Өңкей саңлақ жалау тіккен маңына.  
Абылайдың аруағы дарыған  
Шын сүйсіндім адал қазақ барына.

Мейлі, таны, мейлі, оны таныма,  
Ұлтын сую айналыпты заңына.  
Ұлт дәстүрін ұран еткен  
Шаттандым  
Ұлағатты ер жігіттің барына.



---

Келген кезде жетпіс деген шағыма,  
Жыр төгілсе тау суындаи ағыла,  
Бурабайдың жанашыры ең үлкен,  
Толқып кеттім шын азамат барына.

Жаса, жаса,  
Арлан туған інішегім!  
Ұстап тұрсың ұлттық рухтың бір шебін.  
Азаматтық зор бақыт деп білемін,  
Қайыргелді, саған артқан бұл сенім!

14.04.2012.

Астана

## АБАЙ АЙТҚАН...

Үмыт болып қалғандай түсің көрген,  
Тас та тозар даналар мүсінделген.  
Абай айтқан: өлмейді сөз сарасы,  
Махаббатқа жүректің құсын берген.

Ашық сырын сезімтал ардақтаймыз,  
Абай айтқан жан зекет ән жаттаймыз.  
Көзімізге бір сұлу түсे қалса,  
Санағымен көңілдің салмақтаймыз.

Сенен басқа аруды білемін бе?..  
Жанарыңнан көрінді тілегім де.  
Таптым рахат бір сенің арайыңнан.

Дидарыңды басылсын аңсағаным,  
Ала келші Бурабай таң самалын.  
Абай айтқан ынтық зар ән саламын.

2006



## ЭЛЕГИЯ

Тұсімде оятқандай таңғы жырым,  
Есімде аппақ ғулдей қалды нұрын.  
Тамсантты жақсы өуенге өуестігін,  
Түлпарға ере тартқан алғырлығын.

Татқандай бал көусарын құштарлықтын,  
Жаңа әнді шөліркеген құстай жұттын.  
Құмары қанбай жүрген сандауғашты  
Қолыма Құдай берген құттай күттім.

Аз уақыт өтті-кетті желдендіріп,  
Жүрекке құйын салды енген бүлік.  
Үмітім үзілмейді бір көруге,  
Есен-сау жүргенінді елден біліп.

Жарқ еткен көк тұманда жарықтайсын,  
Алыстан жаңа әнімді дөл үққайсын.  
Білмеймін қай қияда жүргенінді,  
Жабықсам жан баурайтын шабыттайсын.

Табысқан ғайып-қиял лағыл тасым,  
Сезіммен шықтай таза табынтастын.  
Кетсеңші бір кездесіп, әнге бөлеп,  
Досынды енді қанша сағынтастын?

17.02.2003.  
*Астана*

## СӘУІРДЕГІ КӨКШЕТАУ

Көкшетауды аңсан келіп тапқандай,  
Ақша бұлттар ағындаиды ақ маңдай.  
Елестейді пейіштегі Құлагер  
Тау үстімен шауып бара жатқандай.



Ақша бұлттар – желбіреген ақ тулар  
Алып келген айналамда шалқу бар.  
«Геккулеткен» дәуір туды сөуірде,  
Сексен көлге қонып жатыр аққулар.

Бұлттар келсе басылады тау мұңы,  
Ақ жаңбырдың ақ күмістей жауды үні.  
Көзге оралды  
Жеңіс құнгі ауылда  
Жан анамның шашу шашқан жаулығы.

Ақша бұлттар тау үстінде аунаған,  
Көктем дертін алып келді сау маған.  
Қырқа бойлап бара жатыр қызғалдақ,  
Қызыл көйлек киген қыздан аумаған.

Аққу қонса біздің көлге майтабан,  
Аңсаған құс аяулыма ән табам.  
Ақша бұлттар, жылы жаңбыр төксен де,  
Қар жаумаса жарап еді қайтадан...

09.04.2000.  
*Кекшетау*

## ЖЕР ДӨҢГЕЛЕК ЕКЕН...

Сездің бе аңсағанды,  
Көрдің бе шаршағанды?  
Жарқабақ тауларды басып,  
Тербелген теңізден асып,  
Шөліркеп шөлдерден өтем,  
Көкжиек белдерге жетем.  
Сен көрінбей кеттің,  
Жер дөңгелек екен...

Мен қалдым бер жағында,  
Сен шардың ар жағында.



Саған таң ашық туды,  
Маган күн батып тұрды.  
Жер бетін өрлеген екем,  
Жұрісім өнбекен екен.  
Сен көрінбей кеттің,  
Жер дөңгелек екен...

Салдың ба «басыма» кісен?  
Ашынып, асыға түсем.  
Лақтырган тасың болсам,  
Бәрібір қасыңа түсем!  
Дөңгелек дөңгелей берді,  
Шарладым көрмеген жерді.  
Сен көрінбей кеттің,  
Жер дөңгелек екен...

## АЙТҚАНЫМДЫ ОРЫНДА

Басқаша жауап табылса,  
Кедергі болман көмейге.  
«Қай жерің сенің ауырса,  
Сол жерде жаның» демей ме?!

Шындықты айтсам білгенге,  
Тұрақты қоныс тілеп пе?  
Сағынып сені жүргенде,  
Қонады жалғыз жүрекке.

Тарылып кейде кең ғалам,  
Ызгарын төксек текке де.  
Зіл артардай сен маган,  
Кетеді кіріп өкпеге.

Бал іздеген безектеп,  
Арадай ынтық гүліне,  
Сен қуанған мезетте  
Келеді тәбет тіліме.



Сүйгізбесең сонда бір,  
Сеземін озбыр қыныңды.  
Сүйылтады оңбағыр,  
Санама жиган миымды.

Ақылың жетсе, сұлуым,  
Айтқанымды орында.  
Бар шындық осы, білуім:  
Шыбын жан сенің қолында.

2005

## ҰШҚЫНЫМЫН АБАЙДЫҢ

Әнге орап сөзді арайлы үн,  
Құмарын тапсам талайдың;  
Сезінем кейде өзімді  
Бір ұшқыны Абайдың.

Қызы-шабыт бойын үлделеп,  
Оятса оқыс түнде кеп;  
Өлеңге жастай еркелі,  
Шайлышу менде мұлде жоқ.

Тайпалса қалам – тарлан кек,  
Тіл таппай үнсіз қалғам жоқ.  
Қорқыттан қалған аңыздай,  
Қоры бар сезде арман жоқ.

Шырын-бал дәмін таттым мен  
«Құлагер» мен «Гәккүден».  
Талабымның ақ таңы  
Сәтті жол тапты жас құннен.

Толқытса ойдың тереңі,  
Жыр төгер көңіл елеңі.  
Тәрбиешім, таңсығым –  
Қазақтың ән-күй, өлеңі.



Құстармен бірге үшамын,  
Алыстан үғам гүл үнін.  
Махаббат сүйгіш құшағын,  
Абайшыл жанның бірімін.

2005.  
*Астана*

## ТҮСІНДІМ ТІРЛІК МАҢЫЗЫН

Махаббат –  
Тірлік тірегі,  
Жеткізөр ынтық арманға.  
Лұпілдеп бірге жүрегі,  
Не жетсін ләzzат алғанға?!

Жарқ етті сұлу айқабақ,  
Құштарлық селі төгілді.  
Сүйісіп,  
Еркін аймалап,  
Рахатқа денем көмілді.

От құшақ лаулап күйдіріп,  
Бірлікке бізді көндірді.  
Жан-тәнін ессіз идіріп,  
Жайлады тентек мөлдірді.

Артықша сәтті білер кім,  
Табылды іңкөр бар тетік.  
Бір тірілдім, бір өлдім,  
Найзағай тынды жарқ етіп.

Не деген тылсым ғаламат,  
Тамаша мезет тым қысқа.  
Зер салу қайда бағалап,  
Батырса қызық «қылмысқа».



«Қылмыс» деп әнтек айттым ба  
Алланың асыл парызын?  
Жұмаққа барып қайттым да,  
Түсіндім тірлік маңызын.

1997

## НЕ ДЕР ЕДІҢ?..

Қалың еді-ау қамысы Қамсақтының,  
Толғанамын жағасын аңсап бүгін.  
Бір жасарып, ей, қалқа, қалар ма едім,  
Бұла түндей, шіркін-ай, алсақ тыным?!

Аққу-қаздың саңқылы аулақтағы,  
Қызыл шілік, құба тал қаулап бәрі.  
Қызық еді-ау, шомылсақ өзенді өрлей,  
Ақ мамықтай, көк толқын аунатқаны.

Арамыздың қарашы алшақтығын,  
Сенен артық жалғанда аңсатты кім?!

Шыға келіп ну қамыс арасынан,  
Не дер едің кездесіп қалсақ бүгін?

\* \* \*

Мен неге мінезінді теріс дейін?  
Боламын не айтсаң да тегіс бейім.  
Сипатты сұлусың деп сүйіскенде,  
Ұялып бас шайқасаң келіспеймін.

Ақ болсаң, сөге көрме ақ дегенді,  
Өзгеріп кете алмайсың тап сен енді.  
Өзім де көзім шалса шошып кетем  
Шолпандай үйқыдағы ақ дененді.



## АУЫЛ РОМАНСЫ

Хан болып күшайгендей таққа мініп,  
Мал баққан тұндер қайда атқа мініп?!  
Жануар қызы үйіне апаратын,  
Тізгіңсіз, төрт тұяғы жатқа біліп.

Жүректе жоқ болса да басқа бүлік,  
Кетуші ем жас жүрекке басқарылып.  
Құндіз де мас адамдай баруши едім,  
Бас емес, екі аяғым жатқа біліп.

Дидары түрмашы еді жемістенбей,  
Еретін ақ тілекке терістенбей.  
Анасы тапқан екен қызы мұсінін  
Бір менің жүргегіммен келіскендей.

Ақыл-ой жарасымды сымбаттағы,  
Қимылтын қарақат көздің кім бақпады?  
Бар кінә өзімде ғой, қанша сүйсем,  
Бір ауыз сөз айтуға тіл батпады.

Ол кетті... өзге адаммен көш құрады,  
Кездестік... баяғыдай көз тұнады.  
«Алғашқы сөзді қалай бастады?..» – деп  
Ол менің бәйбішемнен көп сұрады.

\* \* \*

Төңірек көріктенді көктем келіп,  
Табиғат жаны кірді көркемденіп.  
Беу, шіркін!  
Осы екен ғой ағынды өмір,  
Мәз маусым көкірекке еккен желік.

Құс отыр құба талдың бұтағында,  
Жақындал қалдым мен де тұтануға.



---

Ол қазір өн салады,  
Мен тыңдаймын,  
Ауаны өнге қосып жұтамын да.

## САРЫАРҚАНЫҢ САҢЛАФЫ

(*Игілік Омаровқа*)

Игілік десе, өмірің  
Елге игі болыпты.  
Өсірер адам көңілін  
Ізгілік саған қоныпты.

Әсем әуез шалқытып,  
Сәкенше мөлдір толғаттың.  
Ақанша баппен балқытып,  
Ән ордасын орнаттың.

Ауылдан ұзап бармай-ақ,  
Саяқ жүріп, дара оздың.  
Жұлдыздардан қалмай-ақ,  
Аспанда Айға қол создың.

Көркейткенде сананы,  
Асылын алдың салмақтап.  
Жүсіпбектей дананы  
Ұстаз деп өттің ардақтап.

Қояр ма еркін сайратпай  
Қолдаса ақыл сезімді.  
Ұлы өнші Қайраттай  
Ұстазым дейді өзінді.

Ұмсынтып әнің гүл-дәрі,  
Сұлулар қалды-ау аңсаған.  
Жармасса да мың ару,  
Көпсінбеп едім мен саған.



Кең жайласаң тәскейді,  
Тұған ел қанат жалғады.  
Ұлт құмар рухың өшпеді,  
Сарыарқаның саңлағы.

25.02.2012.  
Астана

## ӘУЛЕТТИҢ АЛТЫН ТІРЕГІ

(Картай Хайыровқа)

Балаға құт әкеден алған нәрі,  
Әүлетке мирас үрпақ жалғаганы.  
Үш әке: Балахмет, Нұржан, Айтахмет –  
Атақты Сырымбеттің тарландары.

Қажыахмет – ағамыз бар Балахметтен  
Нұржаннан – Еркін ерлік жасап өткен.  
Ал өзім Айтахметтің үлкенімін,  
Алыштан туған елді аңсап жеткен.

Тарихы бүл да Айыртау ауданының,  
Шарпуы Ақан, Шоқан аруағының.  
Иншалла, жүрдік біздер ақ жолында  
Әкелер қиял еткен арманының.

Ал бүгін Балахметтің кенжесінің  
Сөт туды паш етуге елге есімін.  
Ол – Картай, ең кішіміз, дәлдеу айтсақ –  
Ең соңғы керуені ел көшінің.

Ол – қазақ дипломатия қыран ері,  
Ежелгі мәмілегерлер мұрагері.  
Тәуелсіз ел атағын қорғап жүрген,  
Нарықшыл жаңа заман Құлагері.



---

Картайым,  
Нұрлы сәтін тапты жүрек,  
Арнадым сексен жаста жарқын тілек!  
Көп жаса, мүшелтойың құтты болсын,  
Әuletke Алла берген алтын тірек!

16.06.2012

\* \* \*

Көбейді ауылдаспен кеңес бүгін,  
Байқадым сөзге сараң еместігін.  
Әлі де даусы ашық, кейбір әнді  
Тамаша орындаиды деп естідім.

– Тыңдал ем талай-талай асыл әнін,  
Көріп ем жүзінен нұр тасығанын.  
Білмеймін неге екенін, – деді, – достым, –  
Айтып жүр өңшең мұңдырышық әнін.

Тебірентсе, адам түгіл, аспанда Айды,  
Кетеді ұмыттырып басқа жайды.  
Білмеймін, – деді досым, – несі барын,  
Аузынан «Жезкиікті» тастамайды...

\* \* \*

Сүймей-ақ қой ақынның мақтаншағын,  
Бірақ сені жасқантпас шалқар шағым.  
Не десен де мен өлең оқи келдім,  
Ақын деме ақынның жасқаншағын.

Келе жатыр ілгері басқан шағым,  
Теріп көрші жырымның ақ моншағын.  
Мақтаншағың мен емес,  
Өмір шындалап,  
Бас көтерген баяғы жасқаншағын.



## РОМАНС

Мен сені тым қатты сағындым,  
Назды өлең жүректе көктейді.  
Сау жүріп есімнен жаңылдым,  
Тұн неге тезірек өтпейді?

Аңсадым жүзінді көргім кеп,  
Шақырған жетті ме дыбысым?  
Көзімді ілдірмес белгің көп,  
Оятып жіберді тынысың.

Келер деп таңертең ертемен  
Естідім амалым біткенде.  
Махаббат отына ертенем,  
Тез жетіп келмесең күткенде.

Өзгерді Алматы тағдыры,  
Жер-көкке ақ көрпе жапқандай.  
Қарлатты наурыз жаңбыры,  
Терезе сен келіп қаққандай.

Ақындар шыдауды білмейді,  
Кеудесі қаулаған сезім ғой.  
Сагат та тоқтады, жүрмейді,  
Мен сені сағындым дедім ғой.

07.03.2002.

*Алматы*

## АҚ ЖАНБЫР ЖАУҒАНДА

Сүюші ем өзінді  
Аңсарым ауғанда.  
Күн шалып көзінді,  
Ақ жанбыр жауғанда.



---

Бір хабар сен жақтан  
Көп жылдар жетпейді.  
Бал-шырын мен татқан  
Есімнен кетпейді.

Көктемде бір жүрген  
Жадымда жол ізі.  
Қаларын кім білген  
Қолымда қол ізі?

Алғашқы сөзінді  
Сақтауға жетікпін.  
Қоштасқан кезімде  
Ұмытып кетіппін.

Сағыныш үйесің,  
Жүрекке от толып.  
Кей-кейде тиесің  
Кеудеме оқ болып.

Кетеді тіл шығып  
Аңсарым ауғанда.  
Аспанда күн шығып,  
Ақ жаңбыр жауғанда.

2003

## ҚҰЗГІ ШУАҚ

Жүрегім, енді тыным аласың ба?  
Әлде бір тың әуреге саласың ба?  
Шаршатқан шартараптан өрең жеттім  
Аңсатқан Сарыарқаның даласына.

Балқып тұр кербез Көкше белестері,  
Айнакөл ашық жатыр, жел еспеді.  
Айдында аққу-қаздар саңқыл қақса,  
Мектептес қыздар көзге елестеді.



Жасымда ердім, тағдыр, жетегіңе,  
Қой, енді қарайлатпа кешегіме.  
Кен қазып, жыр төгілтіп жеттім есен  
Тұган жер – Жалғызтаудың етегіне.

Жанымның таптым дәру жарасына,  
Қарсы алды көк Есілдің жағасы да.  
Құзгі орман жасауы бай қалыңдықтай,  
Сыймай түр екі көздің шарасына.

Ақ марал ере тартты баласына,  
Ақ киік кетті тогай арасына.  
Бүйірін қыздырып түр үйір жылқы,  
Қазақтың көрік берген даласына.

Көрдім-ау қызыл-сары ой-қырымды,  
Аққу-қаз өтті төгіп жойқын үнді.  
Алыстан қол сілтесе сал Сырымбет,  
Саумалкөл, сағындым ғой толқыныңды.

Жаз өтті, күз жарықтық сараңданды,  
Шабыс жоқ, баюу жортак, аяң қалды.  
Ну орман жапырағы түсіп жатыр,  
Бәйбішем, сенің ғана саяң қалды.

03.12.2003.  
*Астана*

\*\*\*

Жер төресі – атамекен киелім,  
Жезқазғанды дәл өзіндей сүйемін.  
Ата-баба аруағы дарыған  
Ұлытауға ұлындай бас иемін!

Аз тарихты өспептеймін сөзге үйіп,  
Шалғай кетсем, етті тағдыр көз күйік.



Өзіме де қан қақсатып оқ тиген,  
Жүрек сырын елге жайса «Жезкиік».

Мәскеу жақта көптеу жүрген шақтарда,  
Өлең өрдім ерте тұрып ақ таңда.  
Сағынышты сәлемімді арнадым  
Еділдетіп құстар елге қайтқанда.

Алыстардан есен жеттім еліме,  
Дүбір қостым дербестіктің деміне.  
Азаттықтың Мағжан мінез құлымын,  
Шын інісі көрер қазақ мені де.

«Әй, кәпір» деп айта алмайды еш пенде,  
Тіл табамын кейде сырттай өшпен де.  
Соның бәрін айғақ етер өлеңім,  
Шабыт селі көкірегімнен өшкенде.

Айтар сырым,  
Осы ашық тілегім,  
Үшке бөлмей, бір қазақта түледім.  
Жүргегімнің лұпілінен естіңдер  
Сәкен, Илияс, Бейімбеттің тілегін.

25.01.2012.  
Астана

## АСТАНАДА «БӘЙТЕРЕК»

Тамаша «Бәйтерегі» Астананың,  
Айшықты белгісі сол жас қаланың.  
Жер шары жатыр сыйып дос құшаққа,  
Аспалы бесігіндей жас баланың.

Сарыарқа қылаң етсе жаңа таңы,  
Сиқырлап, еріксіз жалт қаратады.



---

Көрінер бата беріп жайылғандай  
Мейірбан аналардың алақаны.

«Бәйтерек» – бейге төрі өрісімнің,  
Жұлдеге алуан түрлі жеміс ілдім.  
Ұлтымның рухы бар,  
Таңбасы бар  
Болашақ бақыттым мен жеңісімнің.

Гүл шоғын күн сәулесі өпкен жеңіл,  
Не деген мырза мейір көркем өмір?!

Ертеңге қанат жайған сұлу терек,  
Сөт ғажап саясында өскен көңіл.

Сыры бар халқым шеккен тер мен шердің,  
Қасиетті қазығы осы ел мен жердің.  
«Бәйтерек» – бойтұмары Астананың,  
Тірегі үміт артып сенгендердің.

Достарым отырғандай гүл ішінде,  
«Бәйтерек» көрініс көп түр-түсінде.  
Көремін күндіз оны Төлегендей,  
Таңдантар Қызы Жібектей түн ішінде.

Таңырқап қарай берем нұрлы асылға,  
Арманда болып кетті сырласым да.  
Жүректі жыр оятса  
Шабыт қозғар  
Сұлудай біздің көше түр басында.

Атағы аңыз болар жер мен көкке,  
Мол еken шапағаты берер көпке.  
Қызығып тереземнен қарап тұрмын,  
Фашықтар, «Бәйтеректі» көрмей өтпе.

17.02.2003.  
Астана



## ШЫН МАХАББАТ СӨНБЕЙДІ

Көргенде жанарыңды тостағандай,  
Үмытам келгенімді жасқа қандай.  
Үстамдық жасай алмай құлшынамын,  
Құштарлық бір бүлікке бастағандай.

Тұрасың құлпырғандай кіл таза гүл,  
Сол кезде ағындарын жыр ғажабын.  
Сөзге орап, ажарыңды әнге бөлеп,  
Басамын аңсау-сусау мың азабын.

Сүйсінем келбетіңе елжіреген,  
Жалғаймын жан сауалын ем тілеген.  
Көңілге көзден тайсаң елестейсің  
Желкендей көк теңізде желбіреген.

Жан тумас сағынышқа мендей бекем,  
Қарсы жел қырсығына көнбей өтем.  
Дақ түспес пәк сезімге тіршілікте,  
Ешқашан шын махабbat сөнбейді екен.

## ЖҮРЕКТЕ ДАҚ ҚАЛМАСЫН

Жасымнан жақын дос еді,  
Жоқ жерде қатты қағыстық.  
Айырмластай қос елі,  
Қайтадан бүгін табыстық.

Арылар көңіл зілінен,  
Сөз болды өткен ағаттық.  
Ескі достық тілімен  
Жүректі жүктен тазарттық.

Қимастық орнап әлемі,  
Жаңадан бекініс салыстым.



## ШЫН МАХАББАТ СӨНБЕЙДІ

Көргенде жанарыңды тостағандай,  
Үмытам келгенімді жасқа қандай.  
Үстамдық жасай алмай құлшынамын,  
Құштарлық бір бүлікке бастағандай.

Тұрасың құлпырғандай кіл таза гүл,  
Сол кезде ағындарын жыр ғажабын.  
Сөзге орап, ажарыңды әнге бөлеп,  
Басамын аңсау-сусау мың азабын.

Сүйсінем келбетіңе елжіреген,  
Жалғаймын жан сауалын ем тілеген.  
Көңілге көзден тайсаң елестейсің  
Желкендей көк теңізде желбіреген.

Жан тумас сағынышқа мендей бекем,  
Қарсы жел қырсығына көнбей өтем.  
Дақ түспес пәк сезімге тіршілікте,  
Ешқашан шын махабbat сөнбейді екен.

## ЖҮРЕКТЕ ДАҚ ҚАЛМАСЫН

Жасымнан жақын дос еді,  
Жоқ жерде қатты қағыстық.  
Айырмластай қос елі,  
Қайтадан бүгін табыстық.

Арылар көңіл зілінен,  
Сөз болды өткен ағаттық.  
Ескі достық тілімен  
Жүректі жүктен тазарттық.

Қимастық орнап әлемі,  
Жаңадан бекініс салыстым.



Кеткені әнтек бар еді,  
Кешірдім келмей қарысқым.

Тұзесен, досым, үнінді,  
Табарсың менен жалғасын.  
Бар тілегім бүгінгі –  
Жүректе дақ қалмасын.

18.06.2012

### ҚОС ЖҰЛДЫЗ

Жұмақтың құсы сайраған,  
Егіз шоқ гүлдей қырмызы.  
Жәния, Айман – жайнаған  
Қазақтың екі жұлдызы.

Сұлу саз сырын ақтара,  
Үзімін үннің тереійін.  
Құйсандық және скрипкада  
Асып түр бүгін мерейім.

Ашық айтып шын сырды,  
Тұзесек сөтін сөлемнің.  
Көтерген ұлттық рухымды,  
Қос жұлдызы олар әлемнің.

Қосылғандай қос бұлбұл,  
Жұздері де гүл-дәрі.  
Күлім қақса қос дүлдүл  
Шыдатпас адам іңкәрі.

Сиқырлы өуен маздатар,  
Қызыққа қанды сахнамыз.  
Аспанда жанған қаз-қатар  
Қос жұлдызы – екі дана қыз.

06.07.2004



## ФАШЫҚТЫҢ ТІЛІ

Фашықтың тілі – шорқақ тіл,  
Дәл баспас үркек, қорқақ тіл.  
Қос жүрек – фашықтың жан сырын  
Қайтсөң де, тағдыр, ортақ қыл.

Фашықтың тілі – жабық тіл,  
Ым-жымға үнсіз қанық тіл.  
Махаббат пірі, бір сөзге  
Екеуін де зарықтыр.

Фашықтың тілі – жақұт тіл,  
Ақ алмас, маржан, ақынқ тіл.  
Қайтсөң де, Тәңірім, сол сөзге  
Қос ғашықты асықтыр.

Фашықтың тілі – қысқа тіл,  
Қысқа да болса нұсқа тіл.  
Жүрекке жүрек үйлессе,  
Серттесер сөзге ұста тіл.

Сүймесе сүйекпен кететін  
Махаббат тілі – азап тіл.  
«Сүйемін» десе жететін  
Махаббат тілі – ғажап тіл.

25.05.2012

## AFA СЫРЫ

(*Кенжебек Күмісбековке*)

...Жасымнан жан сарайым алаулаған,  
Көлдері Қорғалжының жалау маған.  
Шоқ қайың, курең жартас жарқ еткенде,  
Елестеп кетті талай қалаулы адам.



Көңілдің көзін ашып сымбаттаған,  
Тұған жер, әр дыбысын қымбат маған.  
Кезім жоқ сайда бұлбұл сайрағанда,  
Рәбига өн салғандай тіл қатпаған.

Сары бел, күміс көлдер бар айналам,  
Айыртау көз тартады шарайнадан.  
Үкілі Ұбырай мен келе жатқан  
Ілияс күйші ме деп қарай қалам.

Әндептің, Балуан Шолақ серіменен  
Қосылып кербез дала желіменен,  
Алыстан Әүлөт күйші аңыратты  
Қобызы бозінгендей еңіреген...

Жүргенде елден жырақ елең-алаң,  
Тыңдауға шын толғанып келді шамам.  
Осының бәрін маған айтып еді  
Композитор Кенжебек деген ағам.

1999

## ҚҰЛАГЕРГЕ

*Әні Дәнеш Рақышевтікі*

Беу-беу, шіркін!  
Қайран Құлагерім-ай!  
Терең көл боп кеппей жатқан терің-ай.  
Бүкіл қазақ аңыз етіп сақтаған  
Топырақтағы ай таңбалы мөрің-ай.

Сұлулардай қарғап өткен көрікті,  
Оза білген мал да зорлық көріпті.  
Жүректерге жүлде салған жануар  
Бір сотқардың сойылынан өліпти.



---

Арқаланып  
Ел шуына көтерген,  
Ақырғы рет мәрекеге есен жетер ме ең?..  
Болсам егер ат айдаушы Бөрібай,  
Сені сақтап, өзім мерт боп кетер ем.

1975

### ЕСІЛ МЕН КӨКШЕ – ЕГІЗ ЕЛ

Ерке Есіл, кербез Көкше – әлімсақтан  
Егіз ел қоныс тапқан бір құшақтан.  
Қыз беріп, қыз алысқан ағайын ел,  
Абылай, Кенесары дәм-түз татқан.

Жайласақ Есіл өзен алты алқасын,  
Шырқадық Сегіз сері «Гауһартасын».  
Құлагер әліміне бірге жылап,  
Екі көз бірге сұрттік аққан жасын.

Бодандық белгі орнатып бел-белеске,  
Ел бөлгөн қай қылышы келмес еске.  
Қайтадан көгілдір ту аясында  
Қосылды ерке Есіл, кербез Көкше.

Арамыз неге, достым, ыдырайды,  
Бәріміз қуат еттік бір Құн-Айды.  
Бөлмейміз Сәбит, Фабит, Мағжандарды,  
Бөлмейміз Ақан, Біржан, Ыбырайды.

Ақ қайың, қыз-қарағай оқалымыз,  
Жұлдыздай ортақ дана Шоқанымыз.  
Татумыз барлық ұлттың баласымен,  
Дербес ел Қазақстан – Отанымыз.



---

Көш бастап жаңа тілек алға бұрса,  
Жөптедік болашаққа жанған нүрша.  
Бірлесіп, білек қосып бірге өсейік,  
Бір қазақ жер бетінде қалғанынша.

## АБАЙФА АЙТАР АЛҒЫСЫМ

Қайран ел деп қабырғасы қайысқан,  
Ол – данышпан «мыңмен жалғыз алысқан».  
Әрбір сөзі жанға азық емес пе  
Жан анамның ақ сүтімен жабысқан.

Мың толғанып, іздеп сөздің әсемін,  
Арқау етсем жанға тиер әсерін,  
Абай ата, бәрі сенің ықпалың,  
Менің жырым – өзің еккен жас егін.

Сендей емес бар көмегі басқаның,  
Әнінді айтып бастау алды жас жаным.  
Құпия хат жазсам-дағы бір қызға,  
Мен өзіңnen үлгі ала бастадым.

Жырға орасам кең жалғанның жаз-қысын,  
Бәрі өзіңе, Абай ата, алғысым!

## ҚҰДАЛЫҚТАРЫҢ ЖАРАССЫН!

Құдаги деген не десен,  
Беу, достар!  
Жылы кеңесем.  
Құдайдың жаманы  
Күнде ұрыс пен керіс қой.



Құдағидың жақсысы  
Құдай берген өріс қой,  
Күнде алыс пен беріс қой.  
Қос құдаги жаарасса,  
Мәуелі бақша, жеміс қой.  
Бастайды олар бірлікке,  
Көңілдің болса хоштығы.  
Жасасын деймін тірлікте  
Құдағилар достығы.

Құда деген не десе,  
Мен білмеймін демес ем.  
Жүйрік аттың шабысы  
Басталғандай желістен.  
Оңалар құда өр ісі  
Құтты жолда келіскен.  
Құда – елдің намысы,  
Оралар тойдан жеңіспен.  
Құданың бұзық, олағы  
Сөз қозғайды керістен.  
Құдалар дос бол кетеді  
Біріне бірі сеніскен.

Құдаша ғажап нұр жүзі,  
Мұхиттың таза құндызы.  
Тәңірім таңдал әперген  
Аспанның таңғы жұлдызы.  
Ол – махаббат бұлағы,  
Ләззат, рахат жұмағы.  
Құдалықтың жетегі  
Мың жылдық боп кетеді.  
Құдаша бір күн қызығы  
Мәңгілікке жетеді.

Ұл-қыздары Алаштың,  
Құдалықтарың жаарассын!



\* \* \*

Мен сүйген жұқа сары қыз  
Төрімде төре болды ана.  
Балалар алды қолынан  
Өмірге берік жолдама.

Болғандай үйде кілең той,  
Немерелер өсті қолында.  
Шеберелер жүр түзеп бой,  
Жүгіріп оң мен солында.

Қайталап айтам салмақтап,  
Бір сөзін ойдан сырмандар.  
Өтіңдер оны ардақтап,  
Мен сүйген жаннан туғандар.

2012

\* \* \*

Қоштасарсың даламен,  
Үй болып шыққан баламен.  
Қоштасу бірақ болмайды  
Өлсе де туған анамен.

Қоштасарсың жарыңмен,  
Қоштасарсың барыңмен.  
Қоштасу деген анаңмен –  
От кешу жанған жалынмен.

Ұласып кетсе түнге күн,  
Қосылса ауыр үнге үн,  
Көз жұмса да тым ерте,  
Анаммен мәңгі біргемін.

2012



\* \* \*

Жан сырына бөгет болмас еш жарлық,  
Жұз жылғы ойран-топалаңға көз салдық.  
Тұған елім дербестікке қол созып,  
Мағжан, Ахмет, Міржақыпты еске алдық.

Ұмытпадық Сұлтанбек пен Тұрарды,  
Шәкөрімге ізет еттік тұмарлы.  
Сәкен, Илияс, Бейімбет пен Жұсілбек...  
Аруақтарды жебеп шаттық құралды.

Жетпіс жаста Үкілі Ыбырай атылды,  
Артта қалды «Гәккулері» татымды.  
Зардап шекті сырын ашып аштықтың,  
Зұлмат заман жойды арайлы ақылды.

Жау жағадан, ит етектен арсылдал  
Алғанына шыдамассың жан сыздап.  
Қырандары оққа үшқанда қазақтың  
Қарғалары төрге шықты қарқылдал.

1994

\* \* \*

Жақсы көл жасыл жағасы,  
Суаты алтын құм екен.  
Жақсы адамның санасы  
Мұраты биік мұң екен.

Мұнартсам таудай жасымнан,  
Жаутаңкөз өскен мұңым бар.  
Күрсініп өтсем қасынан,  
Дерті бар жан деп үғындар.



Мал басып, құс қонбайтын  
Суатсыз көлдің өнірі.  
Қара бас қамын ойлайтын  
Есердің женіл өмірі.

Сан белестен өтсем де,  
Беу, тағдырым, ұға бер:  
Өзімді ойлау жоқ менде,  
Көкейден кетпес туған ел.

Кейде сараң құлсем де,  
Аландағатқан ауыл ғой.  
Сыр бермей үнсіз жүрсем де,  
Жүректе жүгім ауыр ғой.

## ЖАЗФЫ РОМАНС

Сән болар асау ғасырга,  
Жолықтым ғажап асылға.  
Есіме түсті қара кез,  
Кездескен бала жасымда.

Жайлласа сұлу жүзі өрт,  
Ұқастық таныс ізі көп.  
Кез шалғанда селк еттім,  
Біздің ауыл қызы деп.

Толқып та кеттім, тән күйді,  
Ажарын ғажап жан сүйді.  
Көргендей бала ғашықты,  
Көркейтті жылдам хал-күйді.

Әңгіме құрдық не түрлі,  
Таныстық буы жетілді.  
Шыдай алмай бір сүйсем,  
Үмыттым ескі дертімді.



Қызық жоқ оны өпкендей,  
Қызуы бойды өтті өрлей.  
Ерен-ғайып қуандым,  
Жұмаққа кіріп өткендей.

2005.  
Астана

## БӘЙКЕН АҒА БЕЙНЕСІ

Жақсыдан үлгі алғаны –  
Атадан мирас жалғады,  
Ақыл мен ойды жұптады.  
Не қиямет көрсе де,  
Шындықты қорғар елсе де,  
Адалдықты құптады.

Теренен шығар өр сөзі,  
Салмақты болды мінезі,  
Қалыптан әнтек шықпады.  
Сабырмен болжап жан-жақты,  
Ел-жұртқа болды ардақты,  
Осы ғой ең зор үққаны.

Тигенде билік қолына,  
Әділдік түсті жолына,  
Қазынаға қолын сұқпады.  
Аз сөйлеп, көп тыңдады,  
Шешімді берік шындарды,  
Айтқан сөзін жұтпады.

Әлдекімнен жалтақтап,  
Есерді досқа айтақтап,  
Асылды өрде жықпады.  
Шығармай ерсі дауысын,  
Тыңдарды мықтап өр ісін,  
Тасада қалып, бүқпады.



---

Басы айналмай табыстан,  
Іскерлік ерте табысқан,  
Ауылдың жөнін құптады.  
Қанжығаға жеңіс байлатып,  
Төсіне жүлдyz жайнатып,  
Шын ерлік төрге шыққаны.

## ТӨРТКҮЛ ДУНИЕ СЕКІЛДІ

Біз тәртеуміз тірлікте  
Бәйбішем, ұлым, қызыыммен.  
Алла сепші бірлікке,  
Айнымас құтты ізімнен.

Төрткүл жатық жараган,  
Бір күндаққа бөленген.  
Төрт тармақ сыры сан алуан,  
Аумаған сәтті өлеңден.

Ұлым жақсы қызы алды,  
Қызыым үшты үядан.  
Екі бұрыш ұзарды,  
Кез тартқандай қиядан.

Бұзылды деп төртбұрыш  
Өкінбеймін ешқашан.  
Естілместей еш сыйыс,  
Көп бұрышпен достасам.

Тоймастық жасар, әлбетте,  
Ынсансыз саумын өурeden.  
Бастаған бабам өулетке  
Тілеймін өріс тәубеден.



Ұзақ емес сыр қалың,  
Жан-жаққа көшім тарады.  
Немере баққан үрпағым  
Шөбере жаққа қарады.

22.04.2002

## МАХАББАТ ЖОФАЛМАЙДЫ

Қиялым, түсім бе едің, өңім бе едің,  
Келемін тарқата алмай көңіл шерін.  
Аққудай айдындағы аппак едің,  
Көп жылдар көз алдымда көрінбедің.

Аңсатып қосылмайтын жол алдайды,  
Көлге құс дауыл, желде қона алмайды.  
Сан жылдар басқан ізің жоғалса да,  
Махабbat көкіректе жоғалмайды.

Оралар құстар қайтып мекеніне,  
Сене бер ауыр күндер өтеріне.  
Есінен сүйген жүрек жаңылмайды,  
Көнбейді бөтен жанның жетегіне.

Бақ қонар шыбын жанды сарп еткенге,  
Жол табар іздел осынау өн жеткенде.  
Мен-дағы арылармын ауыр дерттен,  
Дидарың көз алдымда жарқ еткенде.

24.04.2002

## ҚӨКШЕТАУ, САҒАН ҚҰМАРМЫН

Көгілдір мұнар жамылған,  
Жаралған көк ніл ағыннан,  
Есімің, Қекше, ертегі.  
Гаунардай кекшіл жайнаған,



---

Көлдерің көзді байлаған,  
Сексені бірдей сал-сері.

Есігін жұмақ күзеткен,  
Оқжетпес бойын түзеткен,  
Көк ала таудай желкілдеп.  
Айнала тауға таяп-ақ,  
Жұмбақтас төсін саялап,  
Бурабай жатыр мөлтілдеп.

Аққу-қаз шықса айдынға,  
Басылар дерт пен қайғын да  
Жүрекке «Гәкку» жеткесін.  
Біржан мен Ақан орнатты,  
Үкілі Ыбырай қолдатты  
Көкшеде әннің Меккесін.

Қарағай, қайың аралас,  
Көк терек, шырша паналас,  
Ішінде марал адасқан.  
Жаһанда жердің төресі,  
Абылай қонған жер осы –  
Хандық пен салдық жарасқан.

Көгілдір тұмар тамсантқан,  
Жұпарлы ауаң аңсатқан,  
Көкшетау, саған құмармын.  
Бір күні ажал қызығып,  
Ғұмырым кетсе үзіліп,  
Көгеріп қайта шығармын.

10.04.200  
*Көкшетау – Алмат*



## РОМАНС

Жадымда жатқан бір жыр бар,  
Жаза алмай жүрмін, қайтейін?  
Жаныма батқан бір зіл бар,  
Тазармай жүрмін, қайтейін?

Сағыныш атты сағым бар,  
Өкініш атты ағын бар.  
Кей-кейде дүние тек сен бол  
Кететін ауыр шағым бар.

Жанымда жатқан бір сыр бар,  
Жалықпай жаным жаттаған.  
Күн болса, сөулем, бір тыңдар,  
Армансыз бәрін актарам.

Сағыныш отты сезім бар,  
Айта алмай кеткен сөзім бар.  
Кей-кейде дүние тек сен бол  
Кететін ауыр кезім бар.

## ШІКІ СЫР

Құдайдың бергені ме,  
Бейсаут сөзге ермедім.  
Кеншілік кең мінезден  
Ешқашан өзгермедім.  
Тірлікте мақтан етем  
Манаштай қайсар жанды көз көргенін.

Құрдас бол керіспедік, қыр аспадық,  
Ақымақ пен есерге бас құраспадық.  
Табиғи сұрыптау бар деген ұғым,  
Достасып, үлкен мәнін раstadtық.



Жан еді жалындаған оты қалың,  
Сағынып, ойға батып отырамын.  
Басында бейітінің жыр төгілтер,  
Ұшырам жүректің ақ totыларын.

2002

## АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕККЕ

Ақселеу, жақсы көрген інім едің,  
Жайылды шартараңқа үнің сенің.  
Атандың ойлы ғалым, тойлы сері,  
Ұлтымның ұйытқысы еді жүрген жерің.

Не жазсаң сүйсіндірді үнің көпті,  
Шежірені шегелеуге тілің жетті.  
Тарихқа «Дәурен-айды» шырқап кірдің,  
Құмбірі құмбездердің ғұмырлы етті.

Тыңдаушы ек әр сөзінді тына қалып,  
Сондайда қанды елдің құмары анық.  
Ұлтжанды ұстаздығың ол бір төбе,  
Әкелді қүй тарихы ғұламалық.

Болған жоқ өнерпаздар аз жанында,  
Жәнібек, Бекболатпен маздадың да.  
Шын білгір, жанашырлық себің тиді  
«Тәттімбет» атты дастан жазғанымда.

Сөз етсең түркі текстес далалықты,  
Ер мінез көшпенделік дара бітті.  
«Ауызша тарихың» – зор ескерткішін,  
Даңқыңа қосқан абзал даналықты.

Ешкімге қабақ шытып шетінбедің,  
Көрінді нар тұлға бол жетілгенің.  
Қазағым «Ахан» десе, сен шынайы  
Ардақты Ахмет аға секілді едің.



## АУЫЛ ҚЫЗЫ ШАҚЫРАДЫ СӘЛЕМІ

Көкейімде журеді Абай өуені,  
Неткен ғажап, неткен азап өдемі?!  
Көптен бері көрмей жүрген, алыстан  
Ауыл қызы шақырады сәлемі.

Мен «Көзімнің қарасына» басамын,  
Көңілашар қауламайды жас ағын.  
Балқып-толқып ұлы ұстаз өнімен,  
Махаббаттың жабық сырын ашамын.

Шырқай берем сұрамай-ақ рүқсат,  
Сөл баяулап алу да жоқ тыныстап.  
Осындайда шыға келші алдыннан,  
Екі беттен бір сүйейін дұрыстап.

04.09.2007.

Астана

## КІМ ВІЗДЕ КӨМІЛ МҰСЫЛМАН?

Абайша «көміл мұсылман» –  
Қатарда еңбек адамы.  
Қарапайым ысылған,  
Қара тер өрбір қадамы.

Мен де бір «көміл мұсылман»,  
Жезқазғанда кен қазған.  
Ар жолында қысылман,  
Сөз кени – өлең мен жазған.

Соғыс жылдар мал бағып,  
Жұмыстың буын ұшырған.  
Соқа айдаған зар қағып,  
Құрдастарым мұсылман.



---

Майданда да, елде де  
Жанкешті күшін ұсынған.  
Малшынған қайғы-шерге де  
Ата-анам менің мұсылманд.

Көшпелі қауым көрді азап,  
Отарлық шегіп қысылған.  
Бодандық көштен ысырған,  
Бүгінгі дербес бар қазак –  
Кіршіксіз «кеміл мұсылманд».

21.10.2005

\* \* \*

Күмбірлейді домбыра,  
Қозғап Бетпақдаланы.  
Басқа дыбыс жоқ, сірө,  
Еліктірер сананы.

Екі ішек, сыр білгейсің,  
Мұңын шағар ақ сағым.  
Кімді көксеп жүр дейсің,  
Жез қанатты аңсадым.

Жолға қара, сөз күйік,  
Есем – ақын қиялы.  
Сыңғыр қақты жезкийк  
Қырда алтын түяғы.

Өне, сонда қосылды  
Күй мен түяқ хабары.  
Дүрсілін жүрек өсірді,  
Жарқ етті киік жанары.

17.04.2002



## ӘКІМ БОЛУ ОҢАЙ ЕМЕС БҮЛ КҮНДЕ

Ел басқару оңай емес бүл күнде,  
Көбейді ғой беріні алдар тұлқің де.  
Құн қымбаттап, сүм қабаттап барады,  
Бұдан үлкен індет табу мүмкін бе?!

Нарық солай өрекетін білдірген,  
Арықтап тұр бір күніміз бір күннен.  
Ел қарық боп алғыс айтар заманға  
Әкім керек намыс кернеп тың жүрген.

Әлі де бар дос бол жүріп қастану,  
Кеуде қағып, арсаландаш мастану.  
Бұрынғыдан болып кетті мың есе,  
Қынырақ бүгін елді басқару.

Болмаса да кешегідей қойы көп,  
Ауылдардың міндег, құрмет тойы көп.  
Шерлі қазақ дербес таңы атқанда,  
Демес біреу өсек етіп оны көп.

Әлі разы болса, тірі көпті ойла,  
Тарынбайық аманаты көп тойға.  
Ауылдарға кітап неге келмейді,  
Газет көрмеу жүттай батып кетті ойға.

Арымасын, кәрі-құртаң тозбасын,  
Ардагерден еш ардақты озбасын.  
Әкім деген – елдің ата-анасы,  
Көксей бермес күні-түні өз басын.

Осылардың бәрін, әкім, салмақта,  
Тойтарыс бер ел тонағыш қармаққа.  
Сонда көптің көтерілер еңсесі,  
Сыйлығың да күшнейеді аруаққа.



Жөнін таппақ тығырықтың ақылды ер,  
Сонда сыйлар әрқашан да атынды ел.  
Ауыл есен, бауырларым тоқ болса:  
«Міне, біздің осал емес әкім!» – дер.

2009

## БАРЫҢА СЕНИҢ ҚУАНАМ

Періштем болып жебей гөр,  
Үздіге жаздап жолықтым.  
Жарасын жүрек тез емдер,  
Абзалын көрсө көріктің.  
Жасымнан ынтық теліттің,  
Жан жетпес сұлу көріппін.

Тынықсын көзім, жандансын,  
Кездестік туған өлкемде.  
Аңсатқан асыл армансын,  
Үқсаған өрде желкенге.  
Жағаға әрең жеткенде,  
Жатырқау сені жоқ менде.

Балқытты лебіз, әуенің,  
Жан құштар жылу себелеп,  
Не деген нәзік, мөуелі үн,  
Үзімі жанды жебемек.  
Кереметтен де керемет  
Алауға жүрек не демек?!

Аумаган балғын шынардан,  
Саянды самал құп алам.  
Шыққандай сағым-мұнардан,  
Рахатқа батып, жұбанам.  
Әніңді естіп нұрланам,  
Барыңа сениң қуанам!

2008.  
*Astana*



## СҮЛУУЛЫҚ ҮМЫТУҒА КӨНБЕЙДІ ЕКЕН

Көз шалса жанарыңды тостағандай,  
Үмыйттым келгенімді жасқа қандай.  
Еске алдым ақ жүзінді бала күнгі,  
Сүлүлүк бір бүлікке бастағандай.

Тосқандай нұрлы көктем гүл ғажабын,  
Басталды-ау қызға арнап жыр жазар күн.  
Өлеңге қосып іңкөр әр мезетті,  
Басушы ем құштарлықтың мың азабын.

Аққудай айдын көлде жем тілеген,  
Барлаймын келбетінді елжіреген.  
Дәмелі қайран жүрек жай табады,  
Үмсынса қос қарақат мөлдіреген.

Білмеген осындаиды сенбейді екен,  
Қайтейін, сенімсізге көнбей өтем.  
Шіркін-ай, қанша жасқа келсен-дағы,  
Сүлүлүк үмитуға көнбейді екен.

2010.

*Көкшетау*

## ЖАНАТ ЖАУБАСОВҚА АҚ ТІЛЕГІМ

Жанат, сені биіктерден көремін,  
Өлеңдерің шығарып жүр өрелі үн.  
Алатаудың кең жайланаған етегін,  
Сарыарқаның саңлағы деп келемін.

Жетісүмен жалғастырсаң Есілді,  
Қос қанатың сақ қырандай көсілді.  
Үлесі көп Бибіғайша келіннің,  
Батыр інім, қага берме төсінді.



Ол – тамаша балалардың базары,  
Ол – Жаубасов өүлетінің ажары.  
Келінімнің келбетінен алынды  
Сенің жазған жырларыңның гажабы.

Фермер деген даңқың шықса жан-жаққа,  
Сөт тілейміз берекелі жақсы атқа.  
Кең нарықта жолбарыстай жорта бер,  
Бірақ, Жанат, ақындықты ақсатпа.

Ақындықты ақсатпа да дүбірлет,  
Алысқа ұмтыл, баяуламай күбірлеп.  
Айтарым сол аға болып, сөт тілеп:  
Әр жырынды ел сүйсінер ғұмырлы ет.

08.10.2010.  
*Алматы*

## ЭЙНШТЕЙННІҢ ЖАУАБЫ

Шен өсіру талабы,  
Бәріне тиер сауабы.  
Бар еken ғажап формула,  
Эйнштейн жауабы:

– Тер төксен ауыр еңбекке,  
Биікке шықсаң өрлеп те,  
Жаба біл жалғыз аузынды  
Шыққанда атың жер-көкке.

## МАХАББАТЫМ МӨҢГІ ЖАС

Дәл сенің көздеріңдей көз көрмедім,  
Алланың алғысы еken кез келгенің.  
Қанша жыл сол күндерден өтсе-дағы,  
Қызығалдақ қызы күніңнен өзгермедің.



### Қайырмасы:

Ерке назың жан сырлас,  
Естен қалай тандырмас?  
Саған деген өзгермес  
Махаббатым мәңгі жас.

Киіктей ақ сағымда асқан қырдан,  
Аш белің күндік жерден тамсандырған.  
Арайы сөүле шашып атқан таңдай  
Албырап, алабұртып шықшы алдыннан.

### Қайырмасы.

Жан толқып нәр аламын лебіңнен,  
Сен менің жааралдың ба тілегімнен?  
Қызызы қызы күніңдей ыстық сезім  
Жүрекке сәлем айтты жүрегіңнен.

### Қайырмасы.

02.02.2005.  
Астана

## ҚОС БАТЫРДЫҢ ТОЙЫНА

(Ұлы Отан соғысының ардагерлері  
Әпетай Ахметбеков пен Дәмелі Жакеевага)

Әпеке!  
Мың мақтауға тұрасың да,  
Ұқсайсың Жекебатыр – құба шыңға.  
Ел үшін ардагерсің, қарт офицер,  
Мен үшін қадірлі аға, құдасың да.

Бүгінің, болашағың бек сенімді,  
Кең жолға құлпыртып түр егде күнді.



Тойға – той,  
Алтын тойың қабаттасқан,  
Мерейтой – құттықтаймын сексенінді.

Майданда аждаһамен алысқандай,  
Сарқылмас бойға біткен намыс қандай?!

Тас түйін сау қайыңдай сақталыпсың,  
Жас күнің қайта келіп табысқандай.

Демелі, батыр аға іңкәрісің,  
Шын ғашық, жан жалғасқан гүл-дәрісің.  
Мен үшін құдағисың, женешемсің,  
Ел үшін қыран қанат сұнқарысың.

Батыр қызы, Отан-ана асылысың,  
Жиырмасынышы ғасырдың жас үнісің.  
Жайнаған Әлия, Мәншүк жалғасындай,  
Қазақтың жауға тиген жасынысың.

Жараспас жыр төгілтпей тұру бүгін,  
Бұрылды Ай, сіздің үйге бұрылды Күн.  
Женеше, жетпіс бесің құтты болсын,  
Қыздай жас сақталыпты сұлулығың.

Сіздермен ұлғайыпты біздің де арман,  
Бұйыртты тағдыр бақыт Қызылжардан.  
Қасенің Маратына қыз берсөндер,  
Сол үйдің мен де үлкен қызын алғам.

Әпеке!  
Сұлу Қекше тұлегіміз,  
Сексен көл серуенін тіледі күз.  
Қанша жыл қалды дейсің бірге жүрер,  
Жалғассын артта қалар легіміз.

1998  
Алматы



## САЛ-СЕРІЛЕР ӨРІСІ

Ән салсаң Қуаттай сал екпіндептіп,  
Жүйріктей қашқан аңға еркін жетіп.  
Есіне жастық дәурен бір түседі,  
Сұлудай елге оралған төркіндептіп.

Дауысы күндей жылы, айдай ашық,  
Шырқауы қандай қызық сайран ашып.  
Ақынның «Балқадиша» әнін айтса,  
Елестер бала күнгі қайран ғашық.

Ән салсаң Қуаттай сал баптаң қарқын,  
Алғандай ағын құмнан ақтап алтын.  
Осылай әннің сөнін келтіре алсақ,  
Қалады жүргегіне сақтап халқым.

Сарыны самал желдей ашық, таза,  
Бермestей сағынғанда ғашық маза.  
Мәдише «Қарқаралы» мұнарланып,  
Кетеді-ау кейде жанға батып жаза.

Ән салсаң Қуаттай сал келістіріп,  
Сал-сері жеті атасын тегіс біліп.  
Аттарың, бабаларым, жатталды ғой  
Үрпақты қаны қызы өріс қылыш.

03.05.2005.  
Астана

## ТОҚСАНДАФЫ ЕСЕН БОЛ, АҒАЛАРЫМ!

Үлкенмен де, кішімен де біргемін,  
Бәрі де әйдік: бірі сал, бірі керім.  
Бәйкен және Баянның жолын берсін,  
Жаңа келген жетпіске інілерім.



Есімдерін атасақ елең етіп,  
Еркеленіп кім жүрмес ере кетіп?  
Жұзге есен жетер деп ел тілеген,  
Осылар ғой, Қекшетау, кереметін!

Ұзақ жастың болмайды кемшілігі,  
Ол – Алланың мейірбан кеңшілігі.  
Сүйген құлы жалғанда кең жүрсін деп,  
Тіршілікке ұзартқан елшілігі.

Сонда саған жолдайды киелі жүк,  
Киелі жүк көтерсең сүйеді жүрт.  
Өзі ғана қорғайды өрт пен дерттен,  
Ақ ниеттің өкеліп тілегі құт.

Жаратқанға жақпайды астамшылық,  
Алпауыттар арандар бастан шіріп.  
Сақтанғанды сақтайды,  
Бүйіртпайды  
Байлығынды арамдық жатқан бұғып.

Ұзақ жасты келгені бағалағым,  
Ол да әмір қолдаған дара дарын.  
Адалдық пен тазалық сақтап жүр ғой,  
Тоқсандағы есен бол, агаларым!

14.03.2009.  
*Астана*

## КЕНШІЛІК ПЕН АҚЫНДЫҚ

Кеншіліктен ақындығым нашар ма?  
Әлде ақындық кеншіліктен асар ма?  
Екі ана,  
Екі әке,  
Қос жұмыс,  
О, табиғат!  
Менен жүгің қашар ма?!



Мен дайынмын,  
Сен үйе бер қос арба,  
Шынымды айтып  
Тағы да сыр ашам да.  
Мен өлеңге бала жастан ғашықпын,  
Кенші болдым өмір жолын ашарда.

Біз дегендер –  
Соғыс жылғы балалар,  
Көңіл нарқын қас-қабақтан шамалар.  
Содан болар, самай ерте күмістеп,  
Терен тартты маңдайдағы салалар.

Кейде менің маңдайыма сор бейім,  
Кейде өтеді біздің үйде той кейін,  
Азаматтық жүгім ауыр болған соң,  
Ақындыққа тиіп жүр ғой жол кейін.

Толқып айтсам толғанысты кезімді,  
О, туған ел!  
Сенсің билер сезімді!  
Әкем үшін бір ісінді тындырып,  
Анам үшін жырлап өтем өзінді!

1970

## ШЫРҚАШЫ, ҚАЛҚА, ШЫРҚАШЫ!

Шырқашы, қалқа, шырқашы,  
Жәнделсін күйім самарқау.  
Оянсын көңіл ынтасы,  
Тұтансын сөнген жанартау.

Жұзіне дәлдеп қарайын,  
Жұлдыздай естен тандырған.  
Шырқашы, ләzzат алайын,  
Тілегім сол ғой тағдырдан.



---

Толқысын, келсін бабына,  
Балқысын денем, нұр шарпып.  
Дертімді батқан жаныма  
Өніңмен берші жұмсағтып.

Шырқашы өзек жандырып,  
Бір күйіп, бірге жанайын.  
Қалайын құмар қандырып,  
Сүйсінтіп сұлу арайың.

Үніңнен сөуле жияр ем,  
Сәскедей көріп інірді.  
Бір мезет үшін қияр ем  
Қызыққа тоймас ғұмырды.

\* \* \*

Жұлдызға жанған үміткер,  
Жананды біз де кеziп ек.  
Алыста жүрген жігіттер,  
Ауылға орал тезірек.

Кездесу деген ғаламат,  
Адамның асыл арманы.  
Табады жаның қанағат,  
Ұмыт бол дертке салғаны.

Тез оралсаң қинатпай,  
Сол шығар Құдай бергені.  
Аспаннан жауған құймақтай,  
Күтпеген бақыт келгені.

Бөлінбес сырды бөлгенде  
Өмірге сендей бар ма ерке?  
Аңсаған жанды көргенде  
Орнайды қызық жәрменәк.



Қобалжу, толқу әкелер,  
Қоштасу – тағдыр бұйрығы.  
Аспаннан жұлдыз әперер,  
Кездесу – өмір сыйлығы.

Не көрмейді өз басың?  
Аңсаған тойын құрып бер.  
Атамекен тозбасын,  
Ауылға орал, жігіттер!

19.05.1998

## АФАТАЙЫМ

(Салыңғұлы Айтахметке)

Күлімдеп күн артынан күн шығады,  
Ақ сөule төгіледі нұр-шуағы.  
Жер, аспан, орман, көлдер көріктеніп,  
Қуанған тіршілікten үн шығады.

Жайқалса бәйтерек бол бала қайың,  
Ол – сенің өз үрпағың, ағатайым.  
Фашисті жеңіп едің, дерт жеңді ғой,  
Өмірден ерте аттандың жазатайым.

Осірдің үйелме мен сүйелмеден,  
Көп шаттық қарт күнінде үйем деп ем.  
Сен үшін жан қисам да аз деп білем,  
Сараңсып дөнецем жоқ үнемдеген.

Сені айтсам түзер өлең сөзім өңін,  
Сақтаушы, жебеушім де өзің едің.  
Бауырыңа аштық жылды басқан бала,  
Алдыңда мың борышты сезінемін.

Асылсың ұя болған балапанға,  
Баулыдың салып құтты алақанға.



---

Шоқанды үлгі етуге шаршамадың,  
Ақ тілек арнағанда жаңа таңға.

Адамға ғажап еді-ау жақындығың,  
Сол мінез бойға қонды батыл бүгін.  
«Айтсаң айт сөзді қадір білер жанға», –  
Деп үйреттің Абайша ақыл жүгін.

Жан-жаққа жақсылықтың септің гүлін,  
Заң еттің қайда жұрсөң көптің үнін.  
«Мейірбандық дүниеге нұрын төгер», –  
Деген маған жұғыпты көпшілдігің.

Бастасам үлгі көріп өмір көшін,  
Білемін ұядан жан бөлінбесін.  
Ел-жүртқа адалдығың аңыз болса,  
Үрпағың ұмытпастай төрімдесін.

2005

## РОМАНС

Аруға біткен сұлулық –  
Алланың берген сыйлығы.  
Жан баурағыш жылулық –  
Құштар жүрек бүйрекі.

Сол сұлулық патшасы,  
Ғажаптың көрдім ғажабын.  
Шошытпады ақ шашым,  
Сағыныш шеккен азабын.

Орманнан шыққан маралдай,  
Жайнап түр қос жанары.  
Аптықса демін ала алмай,  
Бұлқынды қос анары.



---

Шыдатпай ынтық тартымы,  
Қараймын құллын білекке.  
Қара көз өткір жарқылы  
Кетті ғой түсіп жүрекке.

Осалдық туды менен де,  
Тұскендей отқа шын күйдім.  
Енді өлдім-ау дегенде...  
Ақ сүттей беттен бір сүйдім.

Пәк көңіл гүлін ұсындым,  
Жұруші ем қайтып көрместей.  
Өзгеріп өңім құлышындым,  
Жасарып кеттім өлместей.

30.08.2002.  
Астана

## ЕМДЕУШІ ДӘРІГЕРИМЕ

(*Гүлнэр Халиоллақызына*)

Арнасам алғыс Гүлнәрга,  
Түзеді ауыр жайымды.  
Тұскенде қатты сындарға,  
Сырқаттың басын қайырды.

Ақ күміс жүзі жарқ етіп,  
Көз салса көңіл баурайды.  
Тапқанда емге дәл тетік,  
Ақжүністен аумайды.

Әлсіреп әрең жетіп ем,  
Күш-қайрат өбден молайды.  
Енді мен жылдам жетілем,  
Шипасы болды қолайлы.



---

Көтерілгені еңсемнің,  
Ес кірді жолды білуге.  
Сенгірінен сексеннің  
Тоқсанға қарай жүргуге.

Қайтейін бәрін жөн демей,  
Басқа сөз реті келмейді.  
Дәрімен ғана емдемей,  
Жүрегімен Гүлнәр емдейді.

28.03.2012.  
Астана

## ҚОНАҚ ЕКЕН ҚЫЗ БАЛА

Жат жұрттықтан өз арманын іздеген,  
Қолындағы құс екен ғой қыз деген.  
Алыс жолды аңсап қанат қағады,  
Өз анысы бақыт тапқан ізбенен.

Ұшып жетер биік жартас, құзға да,  
Бүйрық етер алда дәм мен тұз ғана.  
Ақ кептердей ел мен елді жалгайтын,  
Қолындағы қонақ екен қыз бала.

Артта қалып ерке күнгі мекені,  
Екі ғашық қол ұстасып кетеді.  
Ауылдастар өскен бірге достасып,  
Бауырластар қимай қалар қоштасып.

Құс жолымен жеткен жаңа тұрағы,  
Екі жастың сол аңсаған жұмағы.  
Жаңа төрде жаңып тұрар жарқырап  
Ата-ананың жел тигізбес шырағы.



---

## ҮКІЛІ БАБАМ ҮШІН АЛҒЫСЫМ

(*Қапаш Құлышевага*)

Қапаш-ау, самғай берсін өршіл үнің,  
Ол – сенің асқақ дарын көпшілдігің.  
Ұмытпа жебеп жүрген жас күніңнен  
Үкілі Ыбырай ауылы көршілігін.

Әндерін ұлы сазгер шырқағаның –  
Сен қаққан берігі осы тың қаданың.  
Қазаққа келісіп тұр  
Данаалардың  
Жалғаса дәл өзіндей үрпақ әнін.

Сен айтсаң ән төресі «Қалдырғанды»,  
Ақиық елестеттің алғыр жанды.  
Салғанда Үкілі Ыбырайдың «Қекшесіне»,  
Біз көрдік жүртты естен тандырғанды.

«Гекку» деп ес білгелі басып қадам,  
Күнім жоқ «Қарақат көзді» тасытпаған.  
Ризамын, бақытты бол, батам осы,  
Жасынан Үкілі бабам асып барам.

Келіпті лаулап түрған жалын жасының,  
Сайрағыш сандуғаштай бабындасың.  
Әніңе барша қазақ жерік болды,  
Қекшеге көрік берген қарындасым.

Сайрасаң тоғайда ақ тотыдайын,  
Жаныңың бар қазаққа оты дайын.  
Үкілі бабам үшін алғысымды ал,  
Бір парыз ақтадым деп отырайын.

13.08.2005.  
*Қекшетау*



## ІНІЛЕРГЕ АЛҒЫСЫМ

(*E. Мұқыжанов, M. Утін, Б. Қанапияновқа*)

Сұрай қалсаң ақжолтай тілегіндей,  
Есенгелді кім десең, біле-білмей,  
Мен айтайын төтесін жүре күлмей,  
Ол – қайсар жан, жолбарыс іргегіндей.  
Сертке берік домбыра тиегіндей,  
Арманы асқақ Алатау сілеміндей.  
Көнілі дархан сексен көл лебіндей,  
Кекірегі көгал – қалмайтын гүл егілмей.  
Жұзі жайсаң мұхиттың түбегіндей,  
Жаны мырза Сыр мен Шу легіндей.  
Қиялы зор Мағжанды аңсап туған,  
Тірліктегі ең берік тірегіндей.  
Қазақ десе қалт етпей болар құрбан,  
Жүрек қайда Есеннің жүрегіндей?!

Қызылжардың ар жағы қалың бауыр,  
Жәрдем күтер жоқ емес жарлы қауым.  
Атажұртқа Есендей септесе алсақ,  
Тез көркейер еді ғой барлық ауыл.

Білмегендер ден қойып танысын сыр,  
Көпшіл, сепшіл етемін намысын жыр.  
Қай қазаққа қай жерде сеп берсе де,  
Болмысына өзінің жарасып жүр.

Асау інім осындаï Есенгелді,  
Тайбурылдай көрсетті тәселгенді.  
Тұлқі болса бұл заман шалып түсіп,  
Қанжығаға нарықты тез өңгерді.

Шындықты айтпай ақынның жыры тынбас,  
Мекеш және Бақытжан, тында, сырлас.  
Мағжан жырын орысша сөйлеткенде,  
Үшеуіңнің еңбегің ұмытылmas.



---

Арманымның сендердегі көші толсын,  
Жолдарыңа сәт пен құт қоңсы қонсын!  
Мағжан аға «Пророк» кітабы үшін  
Үшеуіңе алғысым осы болсын!

## АҢСАУ

Шөліркеген далама  
Жаңбырлы бұлт болар ма ем,  
Піскен кезде мол егін  
Диқан болып орар ма ем.  
Қайтқан құстар барады  
Еділдетіп Оралмен,  
Елге жетіп қалар ма ем,  
Ере кетіп солармен.

Сағынғанда көрінер  
Терезеден ауыл жақ,  
Ол да қызық білгенге,  
Ол да адамға тәуір шақ.  
Самолеттер көктегі  
Ұшса бұлтты бауырлап,  
Ішінде мен жоқ болып,  
Бара жатыр ауырлап.

1978

## ТИМЕШІ

Тиме бұлбұлға, еркімен сайрасын,  
Тиме жұлдызға, ерекше жайнасын.  
Тимеші екі ішек үндессе,  
Сағыныш толқыны байлансын.

Тиме аққұла, үзбесін саңқылышын,  
Тиме қыранға, бұзбасын қарқынын.



Тимеші маған да тебіренсем,  
Алсыншы аңсаған жан тыным.

Тиме елікке, жүрегі бекінсін,  
Тиме киікке, тұлегі жетілсін.  
Тимеші маған да ән салсам,  
Жүрегім бір мұнын кетірсін.

1979

## ЕСІЛІМ

Беу, туған жер!  
Торғын тоғай Есілім,  
Өр толқының – бала күнгі бесігім.  
Ел ордасын құшақтаған құтты өзен,  
Бар қазаққа ортақ асыл есімің.

Ақ қайындар алқалаған Есілім,  
Жағалауда тал қалаған Есілім.  
Аққу-қазы «гәккулеткен» құтты өлке,  
Сал-серілер «қалқалаған» Есілім.

Күміс күлкің сылқыл қақса қызбайсың,  
Атамекен, ескі арнаңды бұзбайсың.  
Сарыарқаны төркініңдей сайрандап,  
Салтанаты сарқылмайтын қыздайсың.

Серіз сері сайран құрған Есілім,  
Мағжан аға майдан құрған Есілім.  
Ақан сері, Үкілі Ыбырай ән шырқап,  
Ата-бабам жайлау қылған Есілім.

Есілді айтсам, жаңылғандай есімнен,  
Бала болам бір сұнгуге шешінген.  
Кек толқын мен құба талдың сыңғыры  
Естен кетпес ән төгілтіп көсілген.



Қазаққа аян ұлылығың, Есілім,  
Жан анамдай жылдылығың, Есілім.  
Астананың бүкіл әлем тамсанған  
Сен таныттың сұлулығың, Есілім.

2012

## МАҒЖАН – АҚЫНДЫҚТЫҢ АБЫЛАЙЫ

Абайды ақындықтың Құні десем,  
Ай керек жарқыратар тұнін көшем.  
Қазағым, соның бәрін ойлар ма едің,  
Тәуелсіз ел боп қайта тірілмесең?!

Фарышқа жетер еді оқ алмаса,  
Қиянат атын ерте доғармаса.  
«Абайдан кейінгім», – деп Мұхтар айтты,  
Сүм тағдыр жөнге көшті, көп алдаса.

Ұмытпас Наурызбай мен Қенекемді,  
Көтерген асыл дастан берекемді.  
Ақындық төрінде тұр «Батыр Баян»,  
Төресі өлең сөздің ере келді.

Ақындық әлемінің нағыз Айы,  
Ақжолтай, сиқыр сөздің Ағыбайы.  
Тұранды ұран еткен қыран қазақ,  
Мағжан – ақындықтың Абылайы!

2000

\* \* \*

Нашар досқа басымды көп шайқадым,  
Көзге өтірік мақтайды.  
Кей жігітті тыңдаپ көп сыр байқадым,  
Ол шындықты сақтайды.



Сонда менің бұлт басқан жоқ өңімді,  
Көп сынады. Сынбадым.  
Ертеңгі ісім болу үшін өнімді  
Сыр бермедім. Тындарым.

Талай ауыр туса ойдың таласы  
Әр қия, әр деңгейде,  
Есер дос пен есті дүшпан арасы  
Белгісіздеу кей-кейде.

## ФАРЫШКЕР – ХАЛЫҚ ЖАҚЫНЫ

(*Toqtar Өубәкіровке*)

Қазақтан шыққан ғарышкер  
Тұңғышы болып топ жарды.  
Қызы қанды намыскер,  
Ардақтайық Тоқтарды!

«Ерлікке бізде орын көп...»  
Толтыра түсер санатын.  
Бола берсін жолың деп  
Жайғызайық қанатын.

Әне, сонда азамат  
Өз өресін өлшетер.  
Қажымас, талмас қазанат  
Тұлпарлығын көрсетер.

Тұңғыш болу – мектебі  
Азаптан туған гажаптың.  
Ерлігі – дастан, ертегі,  
Сұңқары Тоқтар қазактың.

Фаламдық қонған кең жігер,  
Байқады өлем бай қорын.  
Өзімсіп қазақ кең жүрер,  
Құшағын жайып Байқоңыр.



Өмірі лайық сыйлауға,  
Гарышкөр – халық жақыны.  
Өз батырын жырлауға  
Жалықлас қазақ ақыны.

Тәжірибе бар жол үстар,  
Қолайлысын жинаса:  
Гагаринді орыстар,  
Сыйлайық, қалай сыйласа.

2004.  
*Астана*

### **ФАРИЗА, СЕН ҚЫЗЫҚСЫҢ...**

Фариза, сен қызықсың... боянбайсың,  
Жасырып жас мөлшерін қоя алмайсың.  
Ақын қыз, атың Айға жетсе-дағы,  
Үлде мен бұлдеге сен оранбайсың.

Жайықта тентек өскен құлышнайдысың,  
Жүзіңнен есіп тұрап шырын-маусым.  
Шындықтан бас сауғалап әлдекімдей  
Әжімді жасыруға ұрынбайсың.

Жақынсың... ойың ортақ өзгелерден,  
Кербезсің құба талдай көз кенелген.  
«Аға», – деп алышырақ үстасаң да,  
Ішімнен үнсіз толқып өзгерем мен.

Домбыраң күмбірлеген тұр ма дайын?  
Аңы әуен төгілтейін бірталайын.  
Мазасыз мұңы қалың жүргегіңе  
Қалың дерпт басылардай гүл тағайын.

Жұбаныш сені жақын білерім де,  
Қалармыз тарихтың бір ілгегінде.



Өзіңмен Мұқағұли сырласуды  
Сақтапты сағым толы жүргегінде.

Жарқ еткен үшқын ғажап көзіндегі,  
Толқып түр тоғандалған сезім селі.  
Фариза, боянбасаң боянбашы,  
Түсінем бәз қалпында өзім сені.

23.04.2012.  
Астана

## АҚ ҚАЙЫНДАР АРАСЫНДА АУЫЛЫМ

Жасыл жайлай, Сарыарқа төсін кернеп,  
Аппақ орман әшекей көсілді өрнек.  
Ақ маралдар тізбегі секілденіп,  
Ақ қайындар барады Есілді өрлеп.

Жан толқытқан ақ қиял, сылқым елес,  
Таусылар ма шертсе де мың күн кеңес?!

Ақ қайындар ішінде туған адам  
Жүргегі аппақ болмауы мүмкін емес.

Осы араға келіппіз адам болып,  
Мекен құрды аймақты бабам қорып.  
Жасыл қамзол, ақ көйлек  
Мама қайың  
Елестейді көзіме анам болып.

Талай тарлан осы өнір туған жері,  
Қыздар сұлу жаралды-ау, үлдар сері.  
Тұнып жатыр тұңғызық ақ көлдерде  
Мағжан аға көкірегін буған шері.

Аппақ нұрға кеткендей өлем толып,  
Ақ қайындар келбетін келем шолып.  
Шоғырмазы әдемі әжімделген  
Кәрі қайың көз салды өжем болып.



---

Көріністер еткенде қысым-қыспақ,  
Бала қайың түр жасыл жұзім ұстап.  
Мені көріп ажары арайланған  
Кетті біздің көршінің қызына үқсан.

Мойыл кезі мөп-мөлдір зіл артатын,  
Зіл артатын, ішінен құмартастын.  
Туған ауыл дегені осы екен гой,  
Тереңіңнен төтті өлең шығартатын.

2009

## ЖҮРЕГІМЕ

Жүрегім, неге асығыс дүрсілдейсің?  
Әлде зор қатер барын білсін дейсің.  
Тигендей жайдың оғы бұлты жарып,  
Өп-сәтте жан ұшырып «ішіп-жейсің».

Тіл қатпай жетегінде жүрмедім бе,  
Ақылды көpteу тыңдал күрмедім бе?  
Достармен сауық-сайран құрмадым ба,  
Қырандай құмар құсты ілмедім бе?

Асауды жақпады ма үйреткенім,  
Арықты аз болды ма күйлі еткенім?  
Жалғанда жалғыз жұру жараспас деп  
Асығыс есінде ме үйленткенің?

Көңілге сен жөптемей наз қонды ма,  
Іздемес «Жезкийкіті» жаз болды ма?  
Он жылдай жер астында жорық шегіп,  
Сондағы қазған кенім аз болды ма?

Мен сені тыңдамадым қай жасымда,  
Құреске түспедім бе шайқасуға?  
Немесе атой салып аз жүрдім бе  
Аралдың апат шеккен айқасында?



Сан жылдар елді аңсатып алаңдатты,  
Сол сәтте ақын досың қалам тартты.  
Тым ұзақ шалғай шепкे пенде болдым,  
Әрине, соның бөрі саған батты.

Ризамын, жарлығыңа көнемін мен,  
Қажымас қуат таптым көмегіннен.  
Ақ ниет айтқанымды алғыс деп біл,  
Жігер ал жаңа жазған өлеңімнен.

Балтай бер дүрсіліңің үнін асыл,  
Бейсаут оқыс қауіп жуымасын.  
Арызым, арманым сол саған айттар –  
Қаламым тіршіліктे сұымасын.

05.02.2002.  
*Алматы, емхана*

## ШОҚ ҚАЙЫҢНЫҢ СЫБЫРЫ

Ақ құбақан ақ қайың аппағын-ай,  
Жерге күміс төгіп тұр, тасқа шырай.  
Ақ інгениң қасына шөккен нардай,  
Көз ұшында Жалғызтау жатқанын-ай.

Ақ білектер жалғасып, біріктеліп,  
Ақ балтырлар бұлқынып іріктеліп,  
Шоқ қайың тұр көрші ауыл қыздарындай,  
Сыбырласқан бірдеме біліп келіп.

– Қасындағы кім? – дейді секпіл қайын,  
Тез өзгертіп тоқыған кетті жайым.  
– Бізден артық жоқ екен ештеңесі, –  
Деп біреуі күрсініп етті уайым.

– Ауыл қызы – аяулы қарындастым,  
Көрші ауылда ағайын, бауырласым.



---

Қызылжарлық қазақтың қызын алдым,  
Беу, құрбылар, бастарың ауырмасын!

Студенттік күндердің өсері еді,  
Ол Мәскеуде бар қыздың өсемі еді.  
Ақ қайыңдай, аумайды өздеріңнен, –  
Дегенімде біреуі:  
– Бәсе!.. – деді.

2010

## ҒҰЛАМА АҚЫНЖАНДЫ

(*Манаш Қозыбаевқа*)

Қазақтың асыл ұлы,  
Тарихшы басым үні.  
Төле би, Қазыбектерше  
Толағай, тасыды үні.

Ойлаған халық қамын,  
Майталман, асқақ ғалым.  
Ол талай ашып берді  
Тарихтың ақтаңдағын.

Ойлантса ғасыр жүгі,  
Ертістей тасыды ірі.  
Мәңгілік ізі қалды,  
Көрінді от-жалындығы.

Зор арман айқындаған,  
Ер мінез, жарқын адам.  
Ермакты Ақсу етіп  
Ақжарқын қарқындаған.

Самғаса терең кетіп,  
Есімханов ере кетіп,



Екеуі іс тыңдырды,  
Сүйсінді ел елең етіп.

Шығарса атын кенен,  
Бірлікке айқын сенем.  
Айқаста қол ұстасты  
Академик Әкімменен.

Секілді жердің шыны,  
Әр іci – ердің құны.  
Ермактан кек қайтарып,  
Басылды елдің мұны.

Сыйласам асыл жанды,  
Мағжанша қарқындейды.  
Жан еді біздің Манаш  
Фұлама ақынжанды.

11.07.2011

## ҚҰЛШЫНДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ АТҚАНДА

(Шота Уәлихановқа)

Әй, Шота!  
Келіп қалдық сексенге де,  
Сонша көп уақыт қайда кеткен деме.  
Саңлақсың, біткен ісің ұлан-ғайыр,  
Дәлірек есептесек, сексен кеме.

Бабанды үлгі тұтып шарықтадың,  
Көрсеттің Шоқанға ұқсас анық дарын.  
Таспен де, көркем сөзбен дәл жеткіздің  
Бейнесін аңсап еткен халық қамын.

Мәскеуден оқып шығып, лаулап жандың,  
Шың, қия, бөгеттерді талмай алдың.



Орнатсан «Тәуелсіздік монументін»,  
Жебеді аруағы Абылай ханның.

Өмірді кешіп жүрген кең көшемен,  
Мен сендей шын қазанат ерге сенем.  
Бүйірды тәуелсіздік таңы атқанда  
Шын ұздік Елтаңбасы елге сенен.

Шалқытқан ұлт рухын ғұрып көрдің,  
Ел кешкен сан сүмдікты ұғып келдің.  
Атомдық алапатқа қазақ кешкен  
Семейде зор ескерткіш құрып бердің.

Көп сыр бар бұл ескерткіш ар жағында,  
Көндірді империя зар қағуға.  
Үндемей, біліп-білмей, ескі билік  
Қалдырды аймақты атом қармағында.

Сынақтар, жарылыстар ажал жайып  
Жатқанда  
Қарсы амал табар лайық  
Құн туды:  
Полигонның өшірді үнін  
Тәуелсіздік сардары Назарбаев.

Байқалды, Шота, ерен тәселгенің,  
Атомға тәтеп берді нөсер лебің.  
Ана отыр от ішінде бала емізіп,  
Жеткізер мәңгілікке осы еңбегің.

Құлагер шапқан ізін көргені бар,  
Түлпарсың дамыл таппас, өрге құмар.  
Досым деп бірге өкүйған мақтан етем,  
Нар тұлға елге сіңген еңбегі бар.

Атомдық зардап шеккен сан кісі бар,  
Салып түр Хиросимо қарғысы зар.  
Өзім де от-жалынды кешіп өстім,  
Ел үшін, Семей үшін алғысымды ал!



Құрдассың, оны ұмыту қайда маған?!  
Жайлалау жоқ жалғанда сен жайламаған.  
Менен жас көрінесің, ол өмірде  
Арулар алғысы ғой аймалаған.

Білемін жастық қайтып оралмасын,  
Белгілі «қырғын тентек» бола алмасың.  
Әйтеуір, әйел көрсөң әлек болар  
Мінезің Құдай берген жоғалмасын!

Әлі де жоқ бетінде әжімдерің,  
Аруға балдай жағар назың сенің.  
Тоқсанның тоғайына жетсек-дағы,  
Тоқталмас саған айтар өзілдерім.

Сексенің құтты болсын, Шота, сенің!  
Дән риза саған елім, ата-тегің.  
Немере-шеберелер ортасында  
Зинамен көп жаса деп артам сенім!

27.04.2012.  
*Алматы*

## БАЯН ЖАНҒАЛОВҚА

Ассалаумагалейкүм, Баян аға,  
Мақсатым беру емес саған баға.  
Тоқсан сегіз белеспен құттықтаймын!  
Көрініп әр қадамың маған дана.

Тілек те, сарқылмайтын сыр басқа да,  
Таңданған тие берсін тіл тасқа да.  
Қайықтың қос ескегі сияқтанып,  
Екі жыл алыш келсін жүз жасқа да!

Жолдасам ыстық сәлем Астанадан,  
Өзіңсің асылabyз, асқар адам.



---

Сыйлысың еліме де, Елбасына,  
Ардақты, тойлы төрден тастамаған.

Ағасың әрі өргек, әрі жақын,  
Жұлдызды биік болды шыққан сатың.  
Сал-сері бабаларым үлгі болып,  
Солардың сенсің сырын үққан ақын.

Тараса Қанай биден арғы затың,  
Тұрады қызықтырып Баян атың.  
Тигендей Мағжан аға шапағаты,  
Еске алам «Батыр Баян» ғаламатын.

Бағалап Бәйкен, Еркін кенелді көп,  
Осылай қанат жайды беделді топ.  
Екеуі Айыртау боп елестесе,  
Алдында сен жүре бер Зеренди боп.

03.07.2012.  
Астана

## ҰЛЫЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

*Жер астына қашып кірдім надандардан,  
Әлкім ашып, дүга тілеп мірдандардан.*

*Қожа Ахмет Иасауи*

Өту қыын бұл фәниден жасқанбай,  
Еш кінәсіз тиер басқа тас қандай?!

Қожа Ахмет Иасауи де аттанды  
Топастардан жер астына қашқандай.

Мақтан етер алты Алашым ту қылышп,  
Сан арыстар кешті сүмдық, мың бүлік.  
Мағжан аға, Сәкен, Ілияс, Бейімбет  
Оққа үшты ыза-кекке булығып.



О, заман-ай! Ала қолды пәлең де  
Перде жапты көзбояғыш мәнерге.  
Тоқтата алмай жарылысын жүректің,  
Кең жалғанға сыймай кетті Сәбен де.

Талмаураса ақ қағазға түйіліп,  
Жан баураған жыр гауһары үйіліп:  
Тірі жанға еш жамандық тілемес  
Мұқағали өтті өмірден күйініп.

Сергек денем осындайдан суыған,  
Тебіренем өлең өртеп, буып ән.  
Тым тарылтқан ұлылардың тағдырын  
Сүм жалғанның сырын қалай үғынам?

02.03.2000

## ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖЕТПІС ЖАС!

(Әрмия Әбілқайыровқа)

Айыртауда інім бар Әрмия атты,  
Ерен еңбек тер төгіп дәмін татты.  
Құтты ауданды басқарып он алты жыл,  
Құлагердей шаң жұтпай ағындацты.

Тіл табысты баламен, данамен де,  
Салт құрысты ескімен, жаңамен де.  
Әділ болды шындықтың шырын бұзбас,  
Сол мінезбен жарапты тамам елге.

Ер Тарғындай інімнің ұзын бойы,  
Еш пендеге болмады бұзық ойы.  
Сол ақтангер Айыртау арысының  
Болайын деп жатыр ғой қызық тойы.

Көкірегі – құс қонар құтты айдын,  
Нағыз өзі билікке үздік сайдың.



Қалаулысы елімнің ер азamat,  
Жетпіс жаспен арнайы құттықтаймын!

Болғаныңа қуанам ту ұстарым,  
Таптың елдің қол жеткен түрмис бабын.  
Сені бүгін, Өрмія, құттықтайды  
Көкше, Есілді жайлаған туыстарым!

Естен кетпес баяғы құлыш-тай күн,  
Ағаларға жол ашар келді сай күн:  
Қос кеменгер Бәкен мен Еркін үшін  
Қатты қысып қолыңды құттықтаймын!

Бабаларым жайлаған көшіп-қонып,  
Туған елдің қараймын төсін шолып.  
Асыл аймақ ардақты перзентісің,  
Құттықтаймын Ер Көкше, Есіл болып!

Қадамыңда ешқандай олқылық жоқ,  
Атамекен бой жазсаң жойқыны бол,  
Айыртаудың қос шыңы қол соққандай,  
Құттықтаймын Саумалкөл толқыны бол!

Сағынышым басылмас жүректегі,  
Бір болды гой балауса тілектері.  
Құттықтайды Сырымбет саласында  
Біздің мектеп құс қанат түлектері!

Басқан ізің жас үрпақ қызығар көп,  
Ұлағатты үлгісі бұзылған жоқ.  
Абылай ханың ақ үйі жарқылымен  
Құттықтаймын асыл төр Қызылжар бол!

Бүгін мен де күй тартып, ән саламын,  
Ақан, Шоқан атынан жар саламын.  
Болашаққа Мағжанша сенім артып,  
Үкілі Ыбырайша қарсы аламын!



Алпыс өтсе өмірдің өткеліндей,  
Жетпіс деген – қарттықтың көктеміндей.  
Фатима келін сау болып саясында,  
Баян ағам жасына жет ерінбей!

21.04.2012.  
*Астана*

## АТАФЫН БЕРСІН ФАБЕҢНІЦ

(*Оңдасын Әшімовке*)

Фабит аға тойында  
Оңдасын бізді басқарды.  
Динаға құрмет бойында,  
Бұлжытқан жоқ жоспарды.

Бәйкеннің ұлы екені  
Қымылында үдеп тұр.  
Қызылжарда мекені,  
Университетте ректор.

Алғыр ұл туар тектіден,  
Өмірдің міндег артқаны.  
Қуаныш осы деп білем  
Әкеге бала тартқаны.

Көліктері күтімді,  
Тайбурылдай шабысты.  
Әр сөзі берік ұтымды,  
Жібермес босқа намысты.

Сүйсініп достар үндемей,  
Көтеріп жатыр көңілді.  
Шыдамай кетті-ау тіл-көмей,  
Алғысым жыр боп төгілді.



---

Зор тойды көрдік анықтап,  
Жолбасшы болдың, Оңдасын.  
Не дейін, даңқың шарықтап,  
Жолыңды Тәңірім қолдасын!

Тәлімгер, ғалым қашанда  
Үздігі болғай әлемнің.  
Әкендей мығым бас алға,  
Атағын берсін Фабеңнің!

15.06.2002.

*Fabit Mysirepov aulyly*

## КӨНІЛІМ

Тасқын едім, шалқыған тұнық та едім,  
Осы күні көңілім сынық менің.  
Беу, тағдырым!  
Бір тыным бермедің гой,  
Сүріндірсөң, сыр бермей тұрып та едім.

Арпалысқа үйірмін құлын құннен,  
Кейде алмасып кетеді күнім тұнмен.  
Есерлердің сақтай гөр саяғынан,  
Есті тентек жақсы еді сырын білген.

Жасқанамын достан да, дүшпаннан да,  
Сескенемін өзеуреп құшқаннан да.  
Қара бастың әркім жүр қамын ойлад,  
Зәру болдым мұңымды үққан жанға.

Беу, домбырам!  
Кел, қосыл, алаңдама!  
Сыр бұгу жоқ жалғанда саған ғана.  
Талапайдан кейбіреу байып жатыр,  
Талай тарлан ізден жүр табар пана.



Күннен-күнгө қарыштап, үдеулі едім,  
Кілт тоқтадым алғандай біреу кегін.  
Ел қабағы тезірек ашылса екен,  
Сонда күйім туゼлер жүдеу менің.

## ҚАЗАҚ ҰШТЫ ФАРЫШҚА

(*Toқтар Әубәкіровке*)

Талай заман бұлқынтықан таза күшті  
Айғақ етті, басылды азап ішкі.  
Көтерілді маң даала мәртебесі,  
Қазақ ұшты ғарышқа, қазақ ұшты!

Тоқтар ұшса қуанған ауыл қандай!  
Тына қалды Сарыарқа дауылданбай.  
Жан толқытты Төлеген Тоқтаровтай,  
Батыр Мәлік, дауылпаз Бауыржандай.

Ұшырса деп қазағым өз түлегін,  
Қаным қайнап, қызығып көп тіледім.  
Мен Тоқтарды Қобыланды, Алпамыстың  
Ең тамаша жалғасы деп білемін.

Дала кенде болған жоқ батыл жаннан,  
Байқонырда ақталды хақым қалған.  
Құлкісі де аумайды, мінезі де  
Рейхстагқа ту тіккен Рахымжаннан.

Өрге тепсем бұлт тескен тасыма да,  
Сүйіншім, шаттығым басыла ма?!

Өз қолымен көремін ұшыргандай  
Ер Сағадат, партизан Қасым аға.

Өмір деген – жалықпас жарыс алаң,  
Данаалардың дарыды қаны саған.  
Сен ұшқанда үйқыдан оянғандай,  
Аунап түсті-ау пейіште Қаныш ағам.



Қарқын алып аспанда дара құстан,  
Сен үшуга сай тудың жаралыстан.  
Бар жүргегі лұпілдеп, сәт тіледі,  
Тоқтар, саған тұган ел – Қазақстан!

Аңыз болдың жетерлік мың ғасырға,  
Ерлігіңе құлшынды құрдасың да.  
Бір ақсақал: «О, Алла, тәубе», – деді,  
Тақым қысып отырган қыр басында.

Шашу қайда сол сәтте шашылмаған?!  
Қызы қалпында құлпырған ашылды алаң.  
Тәттімбеттің тербеліп «Саржайлауы»,  
Қайта құшты тұган ел, жасыл далан.

## ҚАРАҒАНДЫ ОРНАТТЫ ЖАҢА ЕСКЕРТКІШ

Баяғыда Сәтбаев дараланды,  
Одақтағы ең үлкен бағаны алды.  
Кенді қайдан іздеудің көзін ашса,  
Пайдаң тиді, ардақты Қарағанды.

Бақыт қонды зор білім, бай талапқа,  
Бірге аттанды есімің шартарапқа.  
Барлау жәнін өлемдік жолға салды  
Металлогендік өдіспен карталап та.

Сол құрметті ақтарлық Қарағанды,  
Сұлу мұсін көшендे жаңаланды.  
Өзіңде де жаңаша ажар бітіп,  
Көзі түскен қуанттың әр адамды.

Сәт орнады ойдағы арман тынар,  
Шашу шашты нұрлы күн алдан шығар.  
Қаныш аға атында заулап жүрген  
Фарыштағы жұлдыз да жанран шығар.



Бұл ескерткіш данаға татырлық та,  
Бұлқынып тұр ғалымдық, батырлық та.  
Торға түсken торғайдай  
Ескі ескерткіш,  
Құдай ондап, аттанды бақылыққа.

Кім сөкпеді сол үшін кеше бізді,  
Ұялушы ек көруге көшемізді.  
Жүдеу күннің белгісі артта қалды,  
Тәуелсіздік қайтарды есемізді.

Құтты болсын жаңарған асыл белгі,  
Ел өзгерді, үр жаңа ғасыр келді.  
Сарыарқаның қақ төрі Қарағанды,  
Көмірің тасып, көбейсін тасың енді!

21.10.2011.  
*Қарағанды*

### ЕСІҢЕ АЛШЫ...

Есіңе алшы, біздер қалай тұрып ек,  
Азаматтық жолын қалай құрып ек?  
Екі бөлме кең сарайдай көрінсе,  
Асыл төрдің шын қуантқан сыры көп.

Ол өмірді жырлаймын бір ғасыр деп,  
Шахтамыздың дүркіреген қасында ек.  
Тұңғышымыз жас құлышшақ Ерланды  
Бізben бірге бағып-қақты Әшірбек.

Тер төгілттік ерте тұрып, кеш келіп,  
Жебеп жүрді Тәңірім ерте ес беріп.  
Ойлап тұрсам...  
Көзін ашқан бұлақтай,  
Сол пәтерден бастау тапты көш, көлік.



Осы күнгі жастар оны білмейді,  
Біліп қайтсін, құлаққа да ілмейді.  
Жас баласын көтеріп ап, жаяулап,  
Олар біздей улап-шулап жүрмейді.

Үш бөлменің біреуінде орыстар,  
Тату болдық сыйластықпен қол үстар.  
Бауыр басқан қанша достар келсе де,  
Деп көрмедік ешқашан да қоныс тар.

Есіце алшы... қызық еді бәрі де,  
Сол көршіміз ыстық тартар өлі де.  
Шыдай-шыдай шырмауықтан шықпасақ,  
Түсінбес ек өмір-майдан мәніне.

Барға риза, жоққа көнгіш болып ек,  
Бәрін көрді Қазтай, Жәлел, Орынбек.  
Айлықты да азсынбадық ешқашан,  
Байлықты емес, ар-намысты қорып ек.

05.01.2004.  
*Мәскеу – Астана*

## «АҚҚУ» КҮЙІ

Ақкөлге құстар келді жарқыл қағып,  
Құлыш-тай билеп кетті қарқынданып.  
Күйлерін Нұрғисаның қүйқылжытты,  
Аққу-қаз су бетінде саңқыл қағып.

Жүргегім күй-толқынға көмілгендей,  
Қайтейін көрініске көніл бөлмей.  
Жарқ етті ақ қанаттар арасынан  
Күлімдеп қүйші сазгер көрінгендей.

Үйқыда көрген түске табыныш па,  
Өңімде құс-сезімге бағыныш па?



Айдында сыңар аққу саңқыл қақса,  
Малшынып мен де кеттім сағынышқа.

Тамаша ақ қанаттар қағытқаны,  
Үн қандай сұлу сыңғыр шабытты әні.  
Лұпілі асыл күймен бірлескендей,  
Жүргегім жас күнімдей шарықтады.

Тебірентті сыңар аққу сызылғаны,  
Ғажайып сұлу екен қызу қаны.  
Кеткенде өзге аққулар қамыс жаққа,  
Алыста ару құстың үзілді үні.

Ақ самал, шырын саумал есті жел де,  
Үн қалды талмаураған кешкі көлде.  
«Отырар сазы» ма деп қайран қалдым  
Ақкөлде «Аққу» күйін естігенде.

10.11.2003.  
*Алматы – Астана*

## МҰХИТ ПЕН ҚАНЫШ

Асыл аға інілерге өл екен,  
Қиналғанда сол гой ірі дәнекер.  
Жақсы інісі: «Түсіп қалдым жұмыстан», –  
Десе күліп, тіл қатыпты Қанекен:

«Жігіт едің қадалғаннан қан алған,  
Ақиқатты сен жасырма ағаңнан.  
Құштар ісің қалмайды гой жабысып,  
Бақытыңа бастаушы бол жаралған.

Бір кінәрат кетті-ау әнтек қадамнан,  
Әр күніңе өл бермей ме әз арман.  
Түскен жоқсың, түсіп қалды ол сенен,  
Қайта кіріс, – деді, – құстай таранған...»



---

Не де болса ағалығын танытты,  
Тегі тентек жас қыранды жаны ұқты.  
Қасына ертіп Қарсақбайда Мұхитты,  
Қауырт күнде көмекші етіп алышты.

2003

## ЖАЛҒЫЗТАУ

Жалғызтау, сүйсем сені ғашығымдай,  
Көкіректе шабыт селі жатыр тынбай.  
Үңілем түйір тасқа үміттеніп,  
Жоғалтқан бала күнде асығымдай.

Дархан жер ата-баба сайран белі,  
Себеп сол сүйем десем қайдан сені.  
Үкілі Ұбырайдың төл мекені,  
Төрлетіп Мағжан қанат жайған жері.

Сылқым жер,  
Қайын, терек, бал қарағай,  
Жай түрмас жапырағынан ән тарамай.  
Көкшенің көк туынан дара тұрсың,  
Өте алмас келбетіңе жан қарамай.

Толғантқан Үкілі Ұбырай «Геккулері»,  
Тебіренткен Ақан, Біржан ақ тілегі.  
Өзіндей бір ананың жалғызымын,  
Өмірдің бауырында еткен төттірегі.

Дарыған тұла бойға бай талабын,  
Мен де бір түлегің деп айта аламын.  
«Жалғыздың жары – Құдай» деген сөзді,  
Өзге емес, саған қарап қайталадым.

1991



## ӨН-ЖҰМАҚ

Асқақ өн патшасын тыңдаттың,  
Бір емес, бал-шәрбет мың таттым.  
Зал бұлақ көусардан шөл қанды,  
Өн-жұмақ орнаттың, сымбаттым,  
Туар ма бұдан зор қымбат күн?!

Алдына Ай қонып өткендей,  
Есінен танғандар көп мендей.  
Өн-шуақ баурады, балқытты,  
Жер-жаян жаңарып кеткендей,  
Жүректі жүргегің өпкендей.

Қай сұлу өн салар өзіндей,  
Шаттаным қайталап көп ілмей.  
Асыл өн өкетіп барады,  
Қызы бала тұтатқан сезімдей,  
Бозбала босбелбеу кезімдей.

12.02.2001.  
*Алматы*

## СЫРЫМБЕТТЕГІ ТЕБІРЕНІС

Жарқ етті, әне, Сырымбет,  
Құлагер қуып жетердей,  
Ақан сері күлімдеп,  
Ақтоты үнсіз өтердей.  
Аспаннан тамды өн үзім,  
Қарагай, қайың балбырап.  
Айтылмай жүрген арызым  
Кеудеден шықты өн құрап.

Қоскөлде өнші аққу-қаз,  
Секілді қиял-ертегі.  
Қосылып бәрі айтып наз,



Сен жайлы сырын шертеді.  
Тоғайда тоты мұнданып,  
Тамылжып тәтті үн тамды.  
Бетіңдей қызыл нұрланып,  
Қызара бөртіп гүл жанды.

Көшкен бұлт селдеп өтердей,  
Исінді тауға жиылышып.  
Төгіліп өлең көкейде,  
Жаңбырша жаудым құйылышып.  
Шабытшыл жаны гүлдемей,  
Әуреге мені салардай,  
Сырымбет тұрды үндемей,  
Қасымнан сені таба алмай.

1990

## АДАМШЫЛЫҚ АЗАЙЫП БАРА ЖАТЫР

Өзгерсе өмір жаңғырган тысқы қалпы,  
Кей ожардың ойлантты ішкі салты.  
Шексіз байып, шен таңдал, талтандал жүр,  
Таза емес-ау тапқаны, шикі арты.

Үрлышпенен күшесе қыр асуы,  
Із жасыру – «пысықтың» шын көсібі.  
Бір қырсыққа соғарын үққан шығар  
Түбі былық табыстың құрасымы.

Үялғаннан үндемей жүрміз тынып,  
Шалдықпауды шатаққа қылдық ғұрып.  
Ортамызда әлі бар майдангерлер  
Ел қатарлы көрмеген тұрмыс құрып.

Таңдайында, беу, достым, татым бар ма?  
Тас қоршаулы қарашы шатырларға.  
Тұрады онда шенділер, магнаттар,  
Бүйірмалты ол «бақыт» ақындарға.



Шетке кеткен доллардан есім танды,  
Ақша тыңпас қайда сау тесік қалды?  
Қарабайдай ойлаған қара басын  
Кей содырдан кіслік кетіп қалды.

Сабыр таппас сиқыма қара да тұр,  
Тақағандай шошимын заманақыр.  
Тәуелсіздік атына дақ келтірер,  
Адамшылық азайып бара жатыр.

20.09.2005.  
*Astana*

## ӨМІРІҢ ҮЛГІ ҮРПАҚҚА

(Еңбек *Epi Faziz Омаровқа*)

Өзін өзі нық үстайтын қашанда  
Мықтыларды сүйемін,  
Құлаш үрган елге еңбек жасауға  
Құттыларды сүйемін.

Беу, мықтылар! Қуат бердің гүлдесем,  
Қөп жасандар, арыстар.  
– Жезқазганның жігіттері кім? – десен,  
Олар – шымқай Қаныштар.

Фазиз, Мұхит, Дарабайым бар менің,  
Бір көрмесем сағынар.  
Қопарғандар Жезқазганның бай кенін,  
Өмірханым тағы бар.

Тұсінбекке, Әбікенге табындым,  
Көріп жойқын берікті.  
Садық пenen Балғабайды сағындым,  
Жолдасбекті, Серікті...



Оразбектер ауыр күнді көп көрді,  
Тежемеді шабысын.  
Кен қазудың тауқыметін өткерді,  
Қоргады ел намысын.

Сендерсіндер татқан дәмін азаптың,  
Тар белбеулі кең шідер.  
Сендерсіндер діңгектері қазақтың,  
Аға буын кеншілер.

Фазиз аға, құтты болсын жетпісің,  
Шық осынау жыр-таққа.  
Зор діңгектің біреуімін деп түсін,  
Өмірің үлгі үрпаққа.

Кенші ағалар!  
Алдырмағы арыстар,  
Сендер барда  
Жезқазған бар, Қаныш бар!

1995

## СӘКЕН АҒА

Сұңқар шабыт аққу өнін жалғаған,  
Сендей асқақ, Сәкен аға, бар ма адам?  
Кер заманның бас құрбаны болмасаң,  
Білер еді-ау есімінді бар ғалам.

Аңсағандай аңыз-арман асылын,  
Қандай ару демес сені ғашығым.  
Жігіттіктің патшасы едің сал-сері,  
Ақындықтың бастадың бір ғасырын.

Өлең сөздің гаунар тастай дарасы,  
Сенсіз қазақ толмас өнер сабасы.  
Саған мәңгі алғыс айтар сексен көл,  
Көкшетаудың орман-тоғай, даласы.



Сәтті егделік ашылсын жасыл шамы,  
Есен болсын жан жарың қасындағы.  
Құтты болсын жетпіс жас!  
Беу, құрдасым!  
Тіршіліктің ең қымбат асыл шағы!

26.10.2002,  
Алматы

## НАР ТҰЛҒА

(Еңбек Ері Еркін Өуелбековке)

Сөз сарасын жайнатып, мәнерлі етіп,  
Шындықты айтсам қалмай ма әлем бекіп.  
Ерке Есілде бастаған өмір жолын  
Еңбек Ері, нар тұлға Өуелбеков.

Құтты күнге тапты Еркін пәлен тетік,  
Озды талай сайыста мәрем бекіп.  
Көкшетауды көркейткен кім десендер,  
Тік айтайын:  
Ол – Еркін Өуелбеков!

Өшіп кетер ауылдар жаңаланды,  
Оқтай заулап тас жолдар бара қалды.  
Елді қанша кетерсе,  
Өзі сонша  
Барша қазақ ішінде дараланды.

Тез өткен жоқ Торғайдан сәлемдетіп,  
Кең қозғалды төңіректі кемелді етіп.  
Бұл өнірді жайнатқан кім десендер –  
Нұржанұлы ол Еркін Өуелбеков.

«Қатал» десем, кей достым, зәрең кетіп,  
Алам деме беделін төмендетіп.  
Қыр мен Сырды кім десең жалғастырған,  
Байқа, достым, ол – Еркін Өуелбеков.



Зердесіне бітсе зор дарындылық,  
Асыл тұлға көрмеді арын жығып.  
Арпалыстық Арапалды сақтау үшін,  
Құлагердей мерт болған зарын ұғып.

Қызылорда халқына ұнап қалды,  
Көшесінде есімі тұрақталды.  
Қатал болса, ол сүйді өділетті,  
Содан кеше қалың ел жылап қалды.

22.06.2000

## АҒАЛЫҚ АҚ ТІЛЕГІМ

(*Mарат Кенжегозинге*)

Мақтау күтпе бүгін менен, Маратым,  
Мақтан етем бар деп берік қанатым.  
Мықты екенсің,  
Қол ұстасып, бірлесіп,  
Қан майданда барлауга да баратын.

Асыл ұлсың туған біздің халықтан,  
Мінезінде көп жақсылық бар ұққан.  
Алатауда алшаң басып жүрсөң де,  
Кінөрат жоқ інілікке жалыққан.

Сәлем берсең аға сыйлап иіліп,  
Мен қуандым табылғандай тың ілік.  
Кісіліктің бар байлығы мінезде,  
Кішілікten басталады ірілік.

«Жілік алмақ – мінезінен баланың...»  
Деген сөзден бастау тапты бар әнім.  
Евней аға секілді нар жігітсің,  
Байқағанға құтты боп жүр қадамың.

Өлеңдетсем 60 жылдық тойында,  
Сау қайындаі сымбат та бар бойында.



Ерке Есілдей еркін жүріп келесін,  
Қызы нарықтың жүгін артып мойынға.

Фалым болсаң, мен сүйеттің ғұрлың көп,  
Ақ жүрегің лұпілдеп түр ұлттым деп.  
Үлесің сол, құресің сол, өмірде  
Сейілте алсаң тар кезеңнің бұлтын көп.

Салсан құрық қызыл тұлқі нарыққа,  
Сақ қырандай алпысында шарықта.  
Реформалар «Макросын» алып ең,  
«Микросы» да керек боп түр халыққа.

Сан қыындық қаулаپ тұрса легі,  
Мызғымасын сендей елдің тірегі.  
Тығырықта себің тисін тезірек,  
Осы деп біл саған аға тілегі.

Елдің жайы – бар түйіні сөзімнің,  
Онсыз қалай, қашан жеңіл көз ілдім?  
Мен сендерді аз қамшылаң келемін,  
Бір мінімді айта кетсем өзімнің.

Тыңдал түр ғой Есіл, Ертіс, Іле де,  
Ақиқаттан басқаны олар біле ме?!  
Тар кезеңнен есен өтіп алғанша  
Марапаттау, мақтау, бәсу тілеме.

Бәсе берсін шен сайратқан есерлер,  
Бәсе берсін шалапотның «көсемдер».  
Тайғақ жолда тартпасын де етектен  
Ел талағыш, құлқыны кең кеселдер.

Мінезім жоқ той үстінде мін айтар,  
Ақ тілек қой қарқыныңды тыңдайтар.  
Күлдірмедім, арманымды білдірдім,  
Қадау сөзді мен айтпасам кім айтар?



Қадаулатып жетіп қалса алпысын,  
Шаңқай шырқау осы деп біл тал түсін.  
Өрлеу жолда екпен талмай өршелен,  
Нарық жолы салтын түзер парқы үшін.

Той басталды, шақырып тұр би алан,  
Алпысыңды кең жайлап жүр бұл аған.  
Келіншекшіл көп сырымды айтар ем,  
Оттен, шіркін, келіндерден үялам.

Беу, ағайын!  
Көтерейік шарапты,  
Той дүбірі бойға қызу таратты.  
Багы жансын!  
Жетер шыңы көп болсын!  
Алпысымен құттықтайық Маратты!

04.06.1999.  
Алматы

## ЕСІМІН ЖЫЛДАР ЖАСЫРМАС

(Сәкен Жұнісовке)

Кез жұмды өнер пырағы,  
Қазақтың ғажап дүлдүлі.  
Самғауық қыран құлады,  
Бұл жарған асқақ тынды үні.

Шаршы топ тұрап бас иіп,  
Сол еді-ау жігіт озығы.  
Заңғарға жетті ең биік,  
Өзі ірі саңлақ, сөзі ірі.

Сағымнан шықты жалындал  
«Жапандағы жалғыз үй».  
«Ақан сері» ағындал,  
Ел-жүрттан Сәкен алды сый.



Құлагер мұңын қозғаған,  
Шұрқырап шықты құлышнадай.  
Болса да Ақан өз бабам,  
Жалғасты Сәкен ұлындаі.

Сан қылыш өнер тоғысты,  
Сергітіп дала жарысы.  
Таңдантты қазақ, орысты  
Италияшыл өсем дауысы.

Тұлпар сол жайнар шапқанда,  
Қай думан оны қарсы алмас?!  
Абайдың әнін айтқанда  
Алдына тірі жан салмас.

Таппады таныс бірауық,  
Драмаға терен бойлады.  
Сүм жалған ескен шырмауық  
Шырмамай оны қоймады.

Өнерін көптен асырса,  
Сері еді жанға бас ұрмас.  
Қара жер көзден жасырса,  
Есімін жылдар жасырмас.

21.04.2007.  
Астана

## ДОМБЫРАМЕН СЫРЛАСУ

Кел, домбыра, екеуміз  
Сырласайық тағы да.  
Тебірентер ме еkenбіз  
Күткендерді сағына?

Сыңар ішектеп қағытсам,  
Қайтқан қаздай қаңқылда.



---

Тәтті күйді ағытсан,  
Ерермін баппен артында.

Біреулер жоғын сағынсын  
Шымырлата шерткенде.  
Жұқарған жүрек арылсын  
Ашы-тұщы дерттен де.

Бір қуаныш, бір қайғы  
Тыңдағанға әкелсін.  
Кімге жүлдyz, кімге айды  
Аспандағы әперсін.

Сүйсінем де шошынам,  
Әуеніңе бой балқып,  
Риза бол деп осыған  
Тілдеседі күй қалқып.

## МАЙРАФА

Бір қызым бар мандайыма жазылған,  
Бір ұлым бар кенші болып танылған.  
Жалғыз ғана жан жарым бар қасымда,  
Ардақты ана бәріміз де табынған.

Бар бақыттым сол – алдымда үл-қызым,  
Еркем Майра – аспанымда жүлдyzым.  
Бір қызымды көремін мен барындей  
Ай-аспанды тамсандырған мың қызым.

Айналайын, мерекемсің, Майрашым,  
Жолың сенің бола берсін май-жасыл.  
Арқасында Ерланым мен өзіннің  
Атым менің сақталады сан ғасыр.

Тәубе деймін, бар бірнеше немерем,  
Бұл жалғанда одан артық не көрем?



Айналайын, Арманжаным, ардағым,  
Әр күніңе сенің құтты кенелем.

Майра, Майраш, айналайын балапан,  
Сөт әкелсін саған тұған жаңа таң.  
«Ата көрген оқ жонар» деп айтқандай,  
Өнерінді, өлеңінді жаратам.

Мен не дейін, Алатаудай ақ шашым,  
Жыр төріне тұра бұрдым ат басын.  
Тілегім сол, әuletімді әрқашан,  
Алла жар боп, тіл мен көзден сақтасын!

Майра, сені көріп өсіп-жетілген,  
Көптен бері әкең іштей бекінген.  
Құтты болсын тұған күнің бүгінгі,  
Бала құндей, кел, сүйейін бетіңнен.

## ЖЕТПІС БЕСКЕ КЕЛЕР ЕДІ ОЛ БҮГІН

(*Әшірбек Құнанбаевқа*)

Құлақ сал, достар, ағайын,  
Әшірбекті еске алайын.  
Бір анадан тұғандай,  
Жақындық қөрдік арайын.  
Өмірден озып кеткелі  
Он жылдық бүгін жеткенін  
Ойға салар күз келді,  
Батырған мұңға біздерді.  
Ойлай берсек ой да көп,  
Орала берер бойға дерт.  
Тірі жүрсе, шіркін-ай,  
Жетпіс бес жасын тойлар ек.

Жақсылыққа жаны бейім-ді,  
Ер еді мырза мейірлі.  
Тау қопарған ол кенші,



Үлгі алар жастар кейінгі.  
Ұлытау жебеп санасын,  
Басқарды Сәтбаев қаласын.  
Талапкер өнер жинағыш,  
Қайраткер халық сыйлағыш,  
Сабырлы болды саспайтын,  
Қыныңдықтан қашпайтын.  
Фалымдығын да паш етті  
Кеншілер мәңгі қостайтын.

Айқара жайып құлашын,  
Құдайдай сүйді құдасын.  
Бір көрген жаңды тамсантты,  
Кіслік жайып мұрасын.  
Болсам да аға жасы ұлken,  
Әр сөзі ашты асыл кен.  
Абайлап айтқан ақырын,  
Тыңдаушы ем берген ақылын.  
Құлагер міnez тұлпарым,  
Қиядан ілер сұңқарым.  
Көре алмай журмін тап сондай  
Боларын тірек кім барын.

Отырған үйі ақ сарай,  
Сөн құрды төрі бақшадай.  
Сүм ажал, әттең, әкетті-ау  
Бірер жыл есен сақтамай.  
Кесел де қатты қинады,  
Арманын асыл тыймады.  
Балаларын, ой, әйтеуір,  
Астанаға жедел жинады.  
Толғантса өмір-дария,  
Батасын берсін қария:  
Шалқытып жүрген шаңырақты  
Көп жаса, келінім Фалия.

Бисмилля деген – дүр бата,  
Құраннан келген нұр бата.



Әшірбектің артта өулетін  
Әрдайым жебеп жүр, бата.  
Үрпаққа тірек – жақсы Ата,  
Сөнбейтін шырақ жақты Ата.  
Шөбере-шепшекке дарысын  
Жандосқа берген ақ бата.  
Бір аунап Әшірбек сүйінсін,  
Топырағына шуақ құйылсын.  
Алланың жауып рахматы,  
Жұмақтан орын бүйірсын!  
Әумин!

05.10.2013

## ӘН-ҚҮЙДІҢ МАРҒҰЛАНЫ, МАГЕЛЛАНЫ

(Илья Жақановқа)

Мінгені – тұңғыш әні «Жалғыз қайық»,  
Жасынан бақ жүлдизы жанды лайық.  
Қосыла Есіл – Нұра қол сілтеді,  
Ол кетсе қайдасың деп Еділ – Жайық.

Құм Нарын боз інгенін боздатқандай,  
Жан сырын жабық жатқан қозғап қандай.  
«Еділ мен Жайық» атты ән заулады,  
Қарт Каспий ғасыр мұнын толғатқандай.

Тарқады Қаратаудың терең шері,  
Балқыды Алатаудың белендері.  
Жамбылдай бата беріп құттықтады  
Ән-күйдің Нұрғисадай кемеңгері.

Туған ел шартарабын аралады,  
Біржан сал, Ақан әнін саралады.  
«Гәккүін» Үкілі Ыбырайдың тыңдай-тыңдай,  
Жаяулап сексен көлді жағалады.



Күйлі ағын өріс тапты бар талабы,  
Сан қылы өн тарихын арқалады.  
«Жезкиік» Сарыарқада сөлемдессе,  
Мәди боп құшак жайды Қарқаралы.

Бармаган жер, баспаған тау қалмады,  
Қай қырғыз атын айтсаң таңданбады,  
Қыздары «Чоң аға» деп ардақтаса,  
«Әселдей» туды өннің балқаймағы.

Атанса өн мен күйдің Марғұланы,  
Молайды шапағатты таң шуағы.  
«Кеңгірдің қоңыр кешін» түрлендіріп,  
Жайқалды Жезқазғанда өн шынары.

Маған да бар сұлу саз жолдағаны,  
«Асыл жар» – махаббаттың қолдағаны.  
Қай қызға арнағанын ішің білсін,  
Келінге тартуым деп толғанады.

Көптен көп сері жанда өнер саны,  
Әңгіме, жазды талай новелланы.  
Өн ізден жердің бетін жеті айналған,  
Илья – қазағымның Магелланы.

13.06.2003.  
*Жезқазған*

## САҒАН СЕНДІМ

(*Ұлым Ерланға*)

Елу бес жас құтты болсын, Ереке!  
Алла берген сенсің маған береке.  
Сен тұғанда ата-анаңа болмады  
Тап осынау күннен артық мереке.

Құттықтаулар көші сәтті құралды,  
Ақ тілектер ағыл-тегіл шұбалды.



Улкен қызы ұл тапқанда  
Өзгеден  
Бұрынырақ әжең қатты қуанды.

Ерлан деген ат қойып та жар салдық,  
Шампан-бүрқақ салютімен қарсы алдық.  
Сал домбыра қолдап қоңыр күмбірі,  
Бар ағайын, кенші достар өн салдық.

Саған сендім – аспанда күн тұтылса,  
Саған сендім – кейде жүрек қысылса.  
Жезқазғанда сенің барың – бақытыйм,  
Тағдыр мені тым алысқа ұшырса.

Шахталарда тау қопарған қазанат,  
Еңбегің зор етсек біздер қанағат.  
«Кенші-ақынның» кенші болу баласы  
Етті сені жезқазғандық азамат.

Маған қуат сол сыпайы атағың,  
Сыйлап өтсін кенші қауым-қатарың.  
Үзілмесін Жаратқанның рахматы,  
Бақытты бол – үлкені осы батаның!

11.04.2012.  
Астана

## МАНАШТАЙ АДАЛ ДОС ҚАЙДА?!

Тобылға жеттім толғанып,  
Лұпілін жүрек қолға алып.  
Манаштай адад досты ойлап,  
Сағыныш кетті молданып.

Айданда құстар шулайды,  
Қаңқыл мен саңқыл тынбайды.



---

Оралған құстар қуантса,  
Оралмай досың қинайды.

Мінезін жаным қолдайды,  
Жолыма меже жолдайды.  
Жұз досым тірі журсе де,  
Манаштай бірі болмайды.

Тұлпары шалқар даланың,  
Таңдантып өтті заманын.  
«Ермакты» «Ақсу» етудің  
Ақылмен тапты амалын.

Талай жыл қалған қапталып,  
Кең ашты терең ақтарып,  
Ақтандақ жерін тарихтың  
Қалардай мәңгі жатталып.

Аптығын басар есердің,  
Үздігі болды-ау шешенниң.  
Арманы қонды бойына  
Ахметтей дана кесемнің.

Жағаңа, Тобыл, қонайын,  
Аймақты жырга орайын.  
Аңсатқан асыл досымды  
Бір көргендей болайын.

06.08.2013.  
Астана

## ҚОШ БОЛ, ЖАЛҒЫЗ БАУЫРЫМ!

(Сапарғали Салықовқа)

Айналайын, Сапаржаным, Сапарым,  
Кім тосыпты саған күннің батырын?!

Сен барыңда елім аман, жұрт тыныш,  
Құлын-тайдай сәнді еді гой қатарым.



Бұл жалғаннан бақи жаққа сен кеттің,  
Күтпес жерде көздің жасын селдettің.  
Зираты есіп, өзі азайып барады-ау  
Аты әйтгілі біздің ауыл Еңбектің.

Берді кейде залым дүние тұлкі өңін,  
Жастай кетті Мұса – алдында үлкенім.  
Сен де аттансан – артымдағы тірегім,  
Қайғы шалды жүректегі жыр кенін.

Көнбіс пенде – біз не дерміз тағдырға,  
Жұру жоқ қой шымқай сәтті даңғылда.  
Жан жадырап, күнім ашық түрғанда  
Қалғандаймын қалың нөсер жаңбырда.

Жаның таза, арың таза асыл жан,  
Біздің үйдің еркесі едің жасынан.  
Сен үбірлі-шұбірлі боп кең өстің,  
Бейнетің жоқ елден кетіп шашылған.

Тәубе деймін дін-мұсылман салтында,  
Ұл-қыздарың келеді өсіп артыңда.  
Шеберелерің жұмаққа сені жеткізер,  
Шаңырағың биік тұrap қалпында.

Көп өкініш кең жалғанда жоқ сенде,  
Тек тебірендім менен бұрын өткенге.  
Үш ұл, төрт қызы, немерелер саны мол,  
Шеберелерің дәл алтауға жеткенде.

Шуақ шашып түрған кезде алтын күз,  
Ел-жұрт болып аттандырып жатырмыз.  
Алдың жарық, серік болсын иманың,  
Сен бақұл бол!  
Сапаржан, саган бақұлмыз!

29.08.2009.  
Еңбек. Шал ақын ауылы



## ЕСЕН БОЛСЫН АРТТАФЫ ҚОС НЕМЕРЕҢ

(Асқар Хасеновке)

Асқар інім,  
Жетпіс жеті жастамын,  
Көргенімді жастай жаза бастадым.  
Бір ананың жалғызы едім өмірде,  
Өздеріңмен биқтеді аспаным.

Дос-жаранға ақ ниетті, ашық ем,  
Жан жылуын қиналғанда тасып ем.  
Қос ұлыңнан айырылғанда қапылыс,  
Мұң белісіп, қайғы шетін басып ем.

Бүгін жерге, аспанға да қарадым,  
Зіл батпан бол жүргізбеді әр адым.  
Үшінші ұлың кең жалғаннан өткенде,  
Не дерімді білмей қалдым, қарағым.

Үш тұлпардан, үш сұңқардан айырылып,  
Отырысың-ау ұшар қанат майырылып.  
Сабыр ет, інім, дүниеде жалғыз емессін,  
Мұң белісті қалың ел бірге қайғырып.

Есті жинап, жазмышқа көнбіс қылайық,  
Құран үшін көздің жасын тыяйық.  
Құрт құлама, қапаланба, Асқарым,  
Бір Алладан қайыр-медет сұрайық.

Қайғы басар, көңіл ашар не дер ем,  
Оңай болса, өзің де тез женер ең.  
Құр алақан қалдырған жоқ Құдайым,  
Есен болсын арттағы қос немерең.

Үміт сөнбес, сенім женер болар күн,  
Жастар өсер, жақсартсын де жол алдын.  
Алмасады реніш пен қуаныш,  
Азамат болған қызығын көр солардын.

23.07.2009



## ЕСІЛДІҢ ЕРКЕ АҚТАСЫ

«Еңбек» атты «Атамекен» ауылым,  
Сонда өттіс сәби, бөбек дәүірім.  
«Анамекен» –  
Үкілі Ыбырай ауылы,  
Соғыс жылдар көрдім тұрмыс ауырын.

Жерорта, Қамсақты өзен қасында  
Ақтас деген ауыл болды жасымда.  
Көп еді ғой жан өртегіш қыздары,  
Ажарлары арқау болған ғасырға.

Арқалы ауыл бар керегін таппас па,  
Құдандалы аз болған жоқ жақтас та.  
Екі ауылымның сұлулары аз емес,  
Ерте кетіп келін болған Ақтасқа.

Екі жеңгем –  
Арулары Ақтастың,  
Үш келінге құда болып тап бастым.  
Құдашалар,  
Құдағилар көбейді,  
Сұраған жаннан бізге сөлем айтпас кім?

Есіл бойы ел сүйсінген еркесі,  
Жалғызтаудың Ақтас сері серкесі.  
Шоқан сүйген хан-төренің жайлауы,  
Жарқын көлге жақын жатқан жер төсі.

Ерке ауыл еркелігін жасады,  
Екі жақтан бір күнде екі асады.  
«Ақтас» десен...  
Ауылдағы інілер  
Әлі күнге ауыздарын ашады.



## ЖАСАМПАЗДЫҚ – АДАМНЫҢ АСЫЛДЫҒЫ

(Қайыржан Мәдиеевке)

Ұлылар айтып кетсе шарықтап сыр,  
Бақыт екен қол созу жарыққа бір.  
Адамның адамдығы – жасампаздық,  
Төгіп тұр сөүлесімен халыққа нұр.

Тәж-Махалға қарашы Үндідегі,  
Өнерпаздық үлгісін білдіреді.  
Жеті түрлі әлемдік ғаламатты  
Жасағандар ерекше білгір еді.

Құбылыс – Иасаудің хикметтері,  
Адалдықты қексейді мұн мен шері.  
Гете, Пушкин, Толстойды жалғап откен,  
Жасампаздық Абай да кемеңгері.

Құрманғазы, Тәттімбет құйындасты,  
Домбырамен қайран ел мұнын шақты.  
Қоңыр боздақ қобызben Қорқыт Ата  
Жасампаздық тұз-дәмін бұрын татты.

«Қазақ тілі» кітабы жар салдырды,  
Ахмет аға білімді қарсы алдырды.  
«Педагогика» ғылымын Мағжан бастап,  
«Алгебрамен» жас Қаныш тамсандырды.

Жалау етіп солардай ғаламатты,  
Қайыржан інім, молайттың аманатты.  
Құтты болсын ұстаздық ұлы еңбегің,  
Жас үрпаққа паш еткен парасатты!

Билік қостап, қарсы алды қоғам бүгін,  
Жолы болды көп жылғы жоралғының.  
Аққу қала – Астана азаматы,  
Жасампаздық жаршысы бола білдің.

08.11.2012.

Астана



## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИң ЕСКЕРТКІШІН АШҚАНДА

Ақындардың ақсүңқары деген сөз –  
Самұрық құстай самған үшқан ерен кез.  
Сәкен ағам сондай еді дауылпаз,  
Көкірегіне үялаған терең сөз.

Дәл келсе де басқа теңеу қаншасы,  
Дөп түссе де өзге ырғақ тақтасы,  
Сәкен деген – ұлы тұлға, кемеңгер,  
Ақындықтың бір заманғы патшасы.

Парасат пен бекзаттыққа керегін  
Біледі Алла қай дүлдүлге берерін:  
Ол – мейірбан, қолдап өткен Мағжанды,  
Мұндаас, сырлас, жоғары ұстап беделін.

Тар кезеңде ыза кернеп булыққан,  
Таймай өтті ұлтын ойлар шындықтан.  
Әлі қүнге шошынамыз селк етіп,  
Ақындарды оққа қиған сүмдықтан.

Жарқыратар Жезқазганның ажарын,  
Көріп тұрмыз ескерткіштің ғажабын.  
Құттықтаңдар, Қарағанды, Жанаарқа,  
Бізге қосыл бүгін, бүкіл қазағым!

Ақсүңқарға көз салмады қандай қызы,  
Тойлы құні ол жаққа көп бармаймыз.  
«Тау ішінде» салған әнін қайталап,  
Асыл жанмен жүрек қылын жалғаймыз.

Жайна, құлпыр, ескерткіші арыстың,  
Қол жалғадың мұсінімен Қаныштың.  
Аруақтарың риза болсын, қос дана,  
Ұлытаудың етегінде табыстың!

19.12.2011



## МАРАТ ЖАРКЕНОВКЕ ЕСКЕРТКИШ

Кербез, маңғаз, сымбатты, қыран қабак,  
Сәкенге үқсап анадан туған Марат.  
Құміс күлкін, нұр жүзің естен кетпес,  
Оқжетпестей сәнді еді тұлғаң ғажап.

Бесігінде бөлесе сүйкімділік,  
Сүйкімді боп жер бастың, сылқым жігіт.  
Кенші өмірің бастады тайталасқа,  
Құлагердей шабысқа үмтүлдырып.

Қорғалжынның тусаң да маңайында,  
Жезқазғаннаның кең өстің арайында.  
Ұлытаудың ең сұлу қызын алып,  
Сайран кештің махаббат сарайында.

Саған сыйлы сұлу өн, күй дегенің,  
Естелігің ашты өнер тың белеңін.  
Қызық еді-ау өн шырқап Құлөшіңмен,  
Қос аққудай бой жазып билегенің.

Кеншіліктің сан қырлы ашып сырын,  
Шартарапқа жайнады ашық нұрың.  
Біршілікке ақ тілек бастай білген,  
Тіршілікке мол еді ғашықтығың.

Талабыңа дос-жаран таңдай қақты,  
Алатауға атағың самғай тартты.  
Бас инженер болғаның мысты алыпқа  
Шөкірті етті Қаныштың жас қайратты.

Ұлытауға бой жазса арналы ісің,  
Атамекен Есілдің ардағысың.  
Фалым, ұстаз, мемлекет қайраткері,  
Кеншіліктің самғауық саңлағысың.

Ар-намысқа арнасан дер күшінді,  
Атағыңа топ жарған ел түсінді.  
Арманыңа жетсөң де ерте кеттің,  
Бүгін атап отырмыз жетпісінді.



Ел алдында жоғалмас тұлған нардай,  
Болашаққа жетесің көштен қалмай.  
Жезқазған мен Алматы ұмытпайды,  
Шаңырағың шалқып тұр өзің бардай.

Ұлдарыңың шатыққа қосы толсын,  
Құт-береке өулетке қоңсы қонсын!  
Іні болып ірлік білдіріп ең,  
Ескерткішім өзіңде осы болсын!

10.10.2009

## САРЫАРҚА

*Өнім автордікі*

Өніме үйип тына бер,  
Төскейім, төрім нар алқа.  
Құлагер жортқан құба бел,  
Сүйемін сені, Сарыарқа.

Салтанат, сайран құра бер  
Құмарың тарқап, жан қалқа.  
Сен туған жер – ғажап жер,  
Сұлулар елі – Сарыарқа.


Қосылып, сәулем, тың ән сал,  
Тыңдасын кербез нар алқа.  
Ақан, Сөкен, Біржан сал,  
Серілер елі – Сарыарқа.

Қуаныш, қайғы ел көрген,  
Ізіне жүзі сай алқа.  
Сексен көл, Балқаш көмкерген,  
Жезкиік елі – Сарыарқа.

Өніме үйип тына бер,  
Төскейім, төрім нар алқа.  
Құлагер жортқан құба бел,  
Сүйемін сені, Сарыарқа.

Екінші бөлім

**ТУҒАН ЕЛІМ –  
БАҚЫТЫМ**



## ҚАЗАҚСТАН ДЕГЕН ЕЛ

Жерімнің туы – Алатау,  
Еділдің Жайық егізі.  
Мұн шөккен Қорған-Қаратаяу,  
Сарыарқа – елдің негізі.

Астана – тұғыр кеңдігім,  
Қарағанды – асыл арысым.  
Ордабасы – бірлігім,  
Атырау – ерен табысым.

Көкшетау – кербез ажарым,  
Ұлытау – ұлттың ордасы.  
Алтайым – алтын базарым,  
Каспийім – байлық қордасы.

Алматы – асыл тұндігім,  
Қызылорда – құтты аймағым.  
Қостанай – ерен дүлдүлім,  
Жетісү – жердің қаймағы.

Ақтөбе – байлық тұнығы,  
Баянауыл – туым шығыста.  
Жезқазган – кенші тұғыры,  
Екінші Меккем – Түркістан.

Қызылжар – шептік шың basы,  
Арал, Балқаш – қос жанар.  
Теміртау – болат құймасы,  
Манғыстау – еркем тәс қағар.



Осының бәрі бір туған,  
Салтына жаның кенелер.  
Астанасы құлпырған  
Қазақстан деген ел.

### БІЗ КІМБІЗ ДЕСЕН...

Біз кімбіз десен –  
Құс қанатты қазақпыш.  
Сан қырғыннан есен қалған ғажаппыш.  
Арғы тегің кім десен де айтайын,  
Сақтан шыққан қажырлы ел – хас сақпыш.

Башқұрт, ногай, қарақалпақ, татарлар,  
Қазақ, қырғыз –  
Алты Алаш деген атау бар.  
Қап тауының бөктерін де игердік,  
Әзіrbайжан жерінде де  
«Қазақ» деген атау бар.

Сақ нәсілді, түркі текстес тайпалар,  
Бас қосқаны – түбірім деп айтылар.  
Дешті Қыпшақ, Үйсін, Қаңлы құраган  
Біз қазақпыш жеңбей тынбас салты бар.

Еділ-Донның жағасын да жайладық,  
Болдық көнбіс, тез көшуге сай халық.  
Қалмақтарды қансоқта етіп жеңсек те,  
Орыс қаптап, іште дерпті байладық.

Кеңестің де кесіріне кезіктік,  
Алаш болып азаттықты тез үқтых.  
Желтоқсанның дабылынан нәр алдық,  
Бостандыққа екі қолды созып тік.



Тәуелсіздік Отанымға орнады,  
Одақ құлап, тағдыр бізді қолдады.  
Сүрініп кетсек, тіріліп кеттік талай сан,  
Ұмытылмас шеккен зардың толғағы.

Біз кімбіз десен –  
Қажу білмес хас сақпызы,  
Абылайлап бақыт жолын бастаппзы.  
Қырғын-сүргін кешіп өтіп көнеспін,  
Ата-баба кегін алған қазақпзы.

31.08.2013.

Астана

## БІЗ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚПЫЗ

Кекшетау мен Алатаудың арасын,  
Қара Ертіс пен Ақ Жайықтың жағасын  
Жалғап жатқан, қарандаршы, тәуелсіз  
Қазағымның ұлан-байтақ даласын.

*Қайырмасы:*

Түркі текстес тіліміз,  
Қаз дауысты үніміз.  
Тайталаспен тағдырмен,  
Еркін елдің біріміз.  
Алаш ұлы азатпзыз,  
Біз – тәуелсіз қазақпзы!

Бабаларым сойылымен қорғаган,  
Қанаттанды боз інгенді боз далам.  
Жаңа өмірде жаңа қарқын басталды,  
Белестер жоқ бүгін қолды созбаған!



## Қайырмасы.

Кербез дала, байтақ атамекенім,  
Көз тартады сенің шексіз екенің.  
Қуаты мол Мәңгілік Ел орнатсак,  
Сонда аңсаған арманыма жетемін.

## Қайырмасы.

2013.  
*Астана*

## АСТАНА – БАЙТАҚ ЕЛДІҢ БАС ҚАЛАСЫ

Қызы-қала, қызық қала салтанатты,  
Көркіне бар әлемді жалт қаратты.  
Секілді құс патшасы елестейді,  
Есілге қонған аққу қанатты.

Бар қазақ қостамаса сенер ме едім,  
Таңырқап тамашаға елеңдедім.  
Сөүллеттің өнер жеткен тамашасы,  
Көз көрді Астанада дегендерін.

Жарқырап салған ізі ұлан істің,  
Ұшқыны бой тастайды тым алыстың.  
Мәңгілік ел болуға шақырады  
Көгілдір туы толқып қуаныштың.

Көш түзеп Тәуелсіздік бастамасы,  
Жалғасты ата мирас салт-санасы.  
Арманы Елбасының орындалған,  
Астана – байтақ елдің Бас қаласы.

30.10.2013.  
*Астана*



## АСТАНА, ТУҒАН ЕЛДІҢ АЖАРЫСЫҢ

Астана, жаңа өмірдің айбынысын,  
Ел үшін айқын үлгі барлық ісін.  
Салғандай алтын үя «Бәйтерекке»,  
Самұрық бол құтты қанат жайды құсын.

Естісек дабылышынан мазалы үнді,  
Астана, көрдік талай ғажабынды.  
Атанған «аңыз қала» құтты төрім,  
Жол бастап, заулата бер қазағымды.

Құлпыртып келбетінде жанған нұрды,  
Көз тоймас ғимараттар таңғалдырды.  
Сүлұлық сені қатты құшқан сайын  
Құлшынып, алға басып, ел жаңғырды.

Астана, аз уақытта табысын бай,  
Қарқының Құлагердің шабысындей.  
Әлемге асау мінез сен көрсеттің,  
Бұлқынған Еуразия барысындей.

Жас қала, аққудайсын көлімдегі,  
Есіп түр әр көшеңнен өмір лебі.  
Астана, туған елдің ажарысын,  
Ақорда кепіл болған төрімдегі.

16.07.2012.  
*Бурабай*

## МЕНИҢ ТІЛІМ

Тілім менің – ұлттық айқын дерегім,  
Ұлтым бар деп бай тіліме сенемін.  
Тілім менің – мәңгілік ел жаршысы,  
Ұлтым, тілім – ортақ ұғым дер едім.



Дана тілім – ол Абайым дарынды,  
Махамбет пен Мағжаным бар жалынды.  
Төле би, Қазыбек, Әйтекедей шешен тіл,  
Мұхтар, Сәкен, Ілиястай ағынды.

Сарыарқадай тілім шалқар саялы,  
Құлагердей еркін құлаш жаяды.  
Сексен көлдің аққу-қазы әнге орап,  
Дүбір қосар қырда киік саяғы.

Қайратты тіл жорықтарда жетілді,  
Ақжолтай тіл көшіп-қонып бекінді.  
Тілім менің – қарт Алтайдай асқақ тіл,  
Мұңы да мол зардап шеккен не түрлі.

Таза тілді тыңда кенші, малшыдан,  
Сан соққыдан алып шықты бар шыдам.  
Менің тілім – көз жасындей мөлдір тіл,  
Ар-намыстың адалдығы аршыған.

Сабырлы тіл бәз-баяғы сәнімен,  
Қалпын бұзбай келе жатыр әріден.  
Қазақ тілі әлдеқайда тазарақ  
Түркі тектес елдер тілі бөрінен.

15.10.2013.  
Астана

## АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДАҒЫ СӨЗ

Данышпан заңғарымсың асқарала,  
Қанықты есіміңе жас бала да.  
Дәл бүгін, Абай ата, тұрсың қарап  
Есілде Елордасы Астанаға.

Кең толғап берігे де, әрігे де,  
Ел-жүртты салдың сара тәлімге де.



---

Біз бүгін есеп беріп тұрмыз саған,  
Ақтарып жүрекжарды мәлімдеме.

Тұрады мадақтауға елді, жерді,  
Жаңа өмір жалау етті кең жігерді.  
Тек қана... тап өзіңдей сынай алмай,  
Сыпыра мақтап жүрміз шенделерді.

Саламыз атар таңнан алақайға,  
Сол шығар ақындыққа шала пайда.  
Шығындаң бар малыңды болыс болсаң,  
Біздің мал душар болды талапайға.

Осылай қаулап кетті қалталылар,  
Хал солай, енді оларсыз «жер тарылар».  
Бүйрығын жүрегінің екі бүктеп,  
Бүйікты дуалы ауыз арқалылар.

Осылай, Абай ата, хал-жағдайым,  
Тоқтаусыз сайрай беріп не қылайын.  
Алдыңа келіп тұрмын, тым болмаса,  
Көнілдің көтеруге жаңа райын.

Зар кешкен сүм жалғанда қайран алыш,  
Атыңды жүрміз мәңгі пайдаланыш,  
Етегін жел тербеген шапаныңа  
Өтейін қайратымды қайрап алыш.

2005

## ЖҰЛДЫЗЫҢ ЖАНСЫН, АСТАНА!

Әлемнің құтты көшінде,  
Қонғандай аққу Есілге.  
Қанатын жайды Астана  
Сарыарқа алтын төсінде.  
Асылын өннің арнаймын,



Басылды ескі бар қайғым.  
Баянды бақыт орнасын,  
Аруағы қолдан Абылайдың.

Жайнатсақ бүгін жолды азат,  
Әлі де талай бар ғажап.  
Жұлдызың жансын, Астана,  
Қарап түр саған бар қазақ,  
Алыста жүрген бауырлар,  
Жақында сансыз ауылдар,  
Тілегі келіп бәрінің,  
Тез өтсін қарсы дауылдар.

Ақорда дәulet құрайды,  
Сөулетің болсын шырайлы.  
Өркенің өссін, Астана,  
Бар әлем сені сынайды.  
Көңілім аулақ күдіктен,  
Қараймын сөнбес үмітпен.  
Бекітіп елдің іргесін,  
Жалғайық қанат бірлікпен.

1998

## ЖЫР ӘКЕЛДІМ

Жыр әкелдім, қимас көңіл сырым бар,  
Бөгде сөзбен айтылмайтын шыным бар.  
Өүесқойдың өүесі емес жазғаным,  
Беу, ағайын! Жан сырымды ұғындар.

Мениң таңым ертеректеу атады,  
Күнім-дағы кешіректеу батады.  
Азаматтық арқалаған жүгім көп,  
Кейде өлеңге қол да тимей жатады.

Содан болар, жыр оқуға асықпын,  
Ел алдына ерте шығып машықтым.



Бір сиқырмен жастай баурап алғандай,  
Мен өлеңге ес білгелі ғашықпын.

Көкейімде елдің шеккен зары бар,  
Жүргегімде Ақан, Біржан әні бар.  
Құлағымда Үкілі Ыбырай «Гәккуі»,  
Шумағымда Құлагердің шаңы бар.

Мен сонымен шоқ жырымды әкелдім,  
Өз сырымды, мұңын жаздым әкемнің.  
Көкшетаудың сексен көлін жырлаған,  
Сөйлемімде жалғасы бар Сәкеннің.

Кенші болдым әр қадамым қарышты,  
Сан сайыста жібермеген намысты.  
Жезқазганның, көшесінде жүргендей,  
Көресіңдер өлеңімнен Қанышты.

Достарыммен сауық-сайран кешінде,  
Ән қосамын аққулармен Есілде.  
Жаяу Мұса «Ақ сисасын» шырқасам,  
Кенен ата «Көкшолағы» есімде.

Кең өлемнің бар түкпірін кеземін,  
Ән салмасам үзіледі өзегім.  
Астанада «Бәйтерегім» ой қозғап,  
Жол жалғайды менің өлең-өзенім.

Әр сөзімде әсері бар Абайдың,  
Келешекке пәк сеніммен қараймын.  
Аласапыран күнделікті кеп іске  
Мен де өзімді бір жауапты санаймын.

Қуанышта не келмейді ойыма,  
Беу, құрбылар!  
Қартайды деп мойыма.  
Жыр әкелсем...  
Ол – арнайы шашуым,  
Абылай ханның 300 жылдық тойына!



## ҚАЗАҚТАР КІМДІ СЫЙЛАҒАН?

Қазақ – қызық ҳалық...  
Мінезін болсақ миляған,  
«Сыйға – сый, сырға – балын» тыймаған.  
Келіспей кетсе келінімен өз ұлы,  
«Мың жылдық» деп құдасын қатты сыйлаған.

Бір атым насыбайдан көңілі қалып қираған,  
Өкпеге қиса, өлімге әсте қимаған.  
Сескенбес оқтан сенікен тату дос үшін,  
Махамбеттер Исатайлықты сыйлаған.

Үлкеннің жолын кес-кестеп кіші қимаған,  
Шабыста атты, намыста ерді қинаған.  
Сақалын сатпай, көп көргенге жүгінсе,  
Тәлімі бардан мәлімі мол деп түй балам.

Мейманды күтпеу ар-ұжданға сыймаған,  
Ең асыл дәмін қонағым бар деп жинаған.  
Қимас досы тұтқыл келіп қалғанда,  
Жалғыз атын сойып тастап сыйлаған.

Сепшіл келер шаруана да қираған,  
Алумен емес, берумен жаны шираған.  
Мал-жаның аман ба десе,  
Болмыстың бабын сыйлаған.

Малдан бастап есендессе иланам,  
Малсыз өмірі жасай берді қиралаң.  
Кен қопарып, егін салсақ біз бүгін,  
Сөлемге де сән кірді деп үйғарам.

Жаңа өмір келіп,  
Толағай төксе нұр маған,  
Түлігім тоқ, ақ дәнге толды тың далам.  
Салтынды сенің дәріс етсем балама,  
Жақсынды жалғап өтер-ау деп біл балам.



## ҚАСТЕРЛЕСЕК АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ЕСІМІН

Кіші Мекке – Түркістаным, армысың!  
Арнап келдік киелі іске жан құсын.  
Абылай ханның жұлдызы етіп есімін,  
Дербес елім салып жатыр бар күшін.

«Хан ием» деп өскен қазақ ардақтап,  
Ақ жолына жас үрпақты жалғатпақ.  
Қайта жерлеп, аруласақ аққа орап,  
Риза болар ел құрметін салмақтап.

Әлем білген пір сыйлауды барладық,  
Дін мұсылман, бас иіп тұр бар халық.  
Қожа Ахмет Иасаудің тілінде  
Алла атымен Құран сөзін арнадық.

Ол халқынан аямады өз күшін,  
Сан арпалыс сұрапылын кешті шын.  
Кім екенін Абылай ханның жыр етсем,  
Міндетім сол, үмбетіміз естісін.

Өне, сондай түйдек келген жыр мәні,  
Бұл есімде бүкіл тарих жинағы.  
Үлттың күлі көкке ұшардай қатерде  
Абылай ханды Алла бізге сыйлады.

Кер заманда тоқтау салса кесір сын,  
Егемен ел қошеметін өсірсін.  
Отемесек бұл міндетті ертерек,  
Ұлы ханның аруағы кешірсін.

Айт күн еді... мұндың үндер аз шықты,  
Ақ тілекпен көкіректен наз шықты.  
Сөз алғанда шөбересі Шотаның  
Елжіреген жүргегінен жас шықты.



Әбілмансұр нұр-шуаққа малынсын,  
Пірімізге пейіш шамы жағылсын;  
Аят-дұға бір Аллаға жетердей,  
Періштенің құлағына шалынсын!

2000

## АСЫЛ ҚАЛА – АЛМАТЫ

Алматы – көлде аққудай әсем қала,  
Бар қазақ басын иген көсем қала.  
Атқан таң бір көруге аңсан жетсе,  
Батқан күн қимай жылжыр бәсек ғана.

Ажары тау гүліндей ашық қала,  
Жан-жаққа жатыр нұрын шашып қана.  
Бар әлем Алматыға ғашық болса,  
Алматы – адамзатқа ғашық қала.

Алматы әр мезеті құбылмалы,  
Жалғасты талай жігіт ғұмыр мәні.  
Жасқанған күннің көзі тік қарауға,  
Осында әлемнің ең сұлулары.

Жұлдыздай көш басқарған үркердегі,  
Алматы – жер бетінің ұлken төрі.  
Жұмақтың бір алмасын ала келіп,  
Адам Ата, Хая Аナンың түскен жері.

06.04.2003.  
*Алматы*

## ЖЕТИСҮ

Әлемнің асыл жері,  
Әйгілі ғасыр төрі;  
Жоңғардың ала белі,  
Қазақтың ала көлі



Бауырласқан Жетісу.  
Жеті өзен алқасы бар,  
Айдын көл Балқашы бар;  
Ақын қызы Сара туған,  
Ілиястай дана туған,  
Аңыз, дастан Жетісу.

Ақынның қаламынан,  
Үшқан құс жанарынан;  
Асылдың тілегінен  
Сұлудың жүргегінен  
Үзілмеген Жетісу.  
Оянбас әңсіз күнгө,  
Оранбас нәрсіз гүлге;  
Нұр қонған келбетіне,  
Жұпарын жер бетіне  
Қызы үрлекен Жетісу.

Еркелеп ескен желің  
Өлкеме төккен лебін;  
Достықта, махаббатқа  
Ұлғайтқан үміт-сенім  
Жан қанаты Жетісу.  
Сұлуым, еркем менің,  
Көкіректі көркемдедің;  
Шіркін-ай, қайда барсам,  
Қасыма ертер ме едім,  
Жер жаннаты Жетісу.

1993

## ТЕКЕСТЕГІ АТ ІЗІ

Қаракерей Қабанбай мінген Қубасты  
Ардақтап айтқан тарихпен жаным сырласты.  
Ай жарым сұыт жүргенде жетер бабына,  
Қубастай тұлпар қазақта қайтып тумас-ты.



Жарыс пен сайыс шақырса тілек ақтаған,  
Киелі жылқы жолы болғыш ақ табан.  
Тұратын жайнап қыз маңдай жүқа басында,  
Саналы жандай жанары малға тартпаған.

Жұретін жарау нәр татпай жортып ұзақ күн,  
Кеудемен соғып үзетін шебін тұзақтың.  
Батырмен кейде тілдесіп тұрган секілді  
Көз тартатын қымылы екі құлақтың.

Ер Қабанбай келгенде жетпіс сегізге,  
Дұлдулі Қубас жетіпті отыз сегізге.  
Тастақта тозбас, мұздакта таймас төрт тұяқ,  
Ескек те болды шулы өзен, асау тенізде.

Тайбурылға да теңер едім Қубасты,  
Жануар-ай, бірде қатар, бірде асты.  
Қырық қап жүкті теңдеген Текес тауында,  
Таңбалап кетті қатпары қалың сұр тасты.

Ел өткендей екі аяқтың арасы,  
Тастағы ізден түлпардың тұрқын қарашы.  
Тұяқ пен тастың сүйсінтті сұлу мәнері,  
Аманат жазған ақындан асыл санасы.

1993

## ҚҰЗГІ ШУАҚ

Жұрегім, енді тыным аласың ба,  
Әлде бір тың әуреге саласың ба?  
Шаршатқан шартаралтан өрең жеттім  
Аңсатқан Сарыарқаның даласына.

Балқып тұр кербез Көкше белестері,  
Айнакөл ашық жатыр, жел еспеді.  
Айдында аққу-қаздар саңқыл қақса,  
Мектептес қыздар көзге елестеді.



Жасымда ердім, тағдыр, жетегіңе,  
Қой, енді қарайлатпа кешегіме.  
Кен қазып, жыр төгілтіп жеттім есен  
Туган жер – Жалғызтаудың етегіне.

Жанымның таптым дәру жарасына,  
Қарсы алды көк Есілдің жағасы да.  
Құзгі орман жасауы бай қалындықтай,  
Сыймай түр екі көздің шарасына.

Ақ марал ере тартты баласына,  
Ақ киік кетті тоғай арасына.  
Бүйірін қыздырып түр үйір жылқы,  
Қазақтың көрік берген даласына.

Көрдім-ау қызыл-сары ой-қырымды,  
Аққу-қаз өтті төгіп жойқын үнді.  
Алыстан қол сілтесе сал Сырымбет,  
Саумалкөл, сағындым ғой толқынынды.

Жаз өтті, күз жарықтық сараңданды,  
Шабыс жоқ, баюу жортақ, аяң қалды.  
Ну орман жапырағы түсіп жатыр,  
Бәйбішем, сенің ғана саяң қалды.

## ҚУАНСЫН ҚАЗАҚ ЕГЕМЕН!

Андасан қөптің мұқтажын,  
Санама күнді терлеген.  
Болашақ құтты қыс-жазын  
Мұңым көп көксеп, зерлеген.

Жігітті жігіт демеймін  
Ел үшін дауга енбеген.  
Жыртысын жыртып Семейдің,  
Аралым үшін өлмеген.



Жігітті асыл дей берем  
Құлшынтып намыс өрлеген.  
Шалдықса оған дем берем,  
Жүректен оты сөнбекен.

Жігітті өтем танымай  
Ел тілегін термеген.  
Абылай мен Ағыбай  
Аруағы бата бермеген.

Бас қосар бүгін келді рет,  
Ел толқып, аруақ жебеген.  
Дербестік туы желбіреп,  
Қуансын қазақ егемен!

1990

## ТӘТТИМБЕТТІҢ ЖАН СЫРЫ

О, заман-ай! Заман-ай!  
Өттің бе бір қарамай?!

Көкірек жарған күй қозғап,  
Қамықтым жас баладай.

Көксеткен женіс көре алмай  
Хан Қене өтті, ой, Алла-ай.

Күйзеліс кетпес көңілден,  
Алыстан көмек бере алмай,

Бірікпей кеткен арамыз.  
«Алтыбақан алауыз»

Қазақты тағдыр сынады-ау.

Аяқтан шалып әр себеп,  
Көкшеде өскен бәйттерек

Алатауда құлады-ау.

«Көкейkestі» күй шерттім,  
Азасын айтар мұң-дерттің.



Қайғырмай қалай шыдайын,  
Тұтылды көкте Күн-Айым.  
Өзгені алмай, ханды алды-ау  
Жаратқан жалғыз Құдайым.  
Төсекте тыныш жата алмай,  
Тұңғылсем күнім батардай,  
Сұп-суық хабар жетті елге  
Соққандай дауыл қатарлай.  
Мезетте әрең жан сақтар,  
Шертуге келмей саусақтар,  
Алақанмен қағыттым.  
Домбыра-досым, назды ақтар,  
Жалындап, маздалап, зарлап қал.  
Бурадай шеккен жабықтым,  
Малшынып мұңға қамықтым.  
«Көкейкесті» – арманым,  
Хан Кенеге арнадым.

1994

### БІЛЕК ҚОСАМ ЕЛ ҮШІН

Шошыма, достым, шошыма,  
Күш қосармын қатар кеп,  
Исатайдың қосына  
Ту тіккендей Махамбет.  
Есерден данғыл қақ жолда  
Не болар бағыт сұраған?!

Ескі доспен жат болма  
Ирек жолда бұралаң.

Дарыны дархан жарагалған  
Мұхтарға да Абайым  
Сонау алыс заманда  
Теккен жоқ па арайын?!

Ақылдың кені тереңде,  
Абайла, терең сұрыпта.



Кенесары дегенде,  
Наурызбайды ұмытпа.

Ақтығын айтсақ бағалап,  
Неге өтейін танымай;  
Төле бисіз Сабалақ  
Болар ма еді Абылай?!  
Қаз дауысты Қазыбек,  
Әйтекелер болмаса  
Шұбырып, зарлап азып ек,  
Үш биге бірлік қонбаса.

Тарихқа тағзым наз артты,  
Өткені еске түседі.  
Үш жұз түгіл, қазақты  
Бәлуге жол жоқ үш елі.  
Қай жүйеге жетсек те,  
Бабалар жолын қоргаймыз.  
Ақмолаға көшсек те  
Алматыны ойлаймыз.

Көреген көңіл дәл үгар  
Сөздің оң мен терісін.  
Есті дос пен ары бар  
Білек қосам ел үшін.

1998

## ТҮРКІ ТЕКТЕС ЕЛДЕРДІҢ БАС АҚЫНЫ

*Күл Ахмет, дүние құмасаң текке бекер,  
Көкіректен шыққан даусың көкке жетер.*

*Қожа Ахмет Ясаяуи*

Түркі тектес елдердің Bas ақыны,  
Мағжан десен,  
Жоқ қазақ сасатыны.  
Түркістан деп, Тұран деп «көкке жетті»  
«Көкіректен» азатшыл самғап үні.



Өзгеше едік сергектеу бұдан кеше,  
Жылжып жүрді қасында жылан неше?!

Кетті атылып Мағжандар  
«Түркі тектес,  
Тұпкі тегім ежелгі Тұран» десе.

Қапы кеткен замана дауылында,  
Шекті азаптың шегі жоқ ауырын да.  
Мағжан аға жүлдзызы қайта жанды,  
Құндер өтті көп салған қамығуға.

Мың жарым жыл толғанда Түркістанға,  
Бақыт құсы дермісің бірге үшқан ба?!

Арыстан баб, Қожа Ахмет, Абылайдан соң  
Мағжанды атая бүгінгі кірді заңға.

Ол кеткен кез сүркия заман еді,  
Қалды артында қалқайып аман елі.  
Мағжанды айтса Абайдан кейінгім деп,  
Мұхтар салған орнықты дана белгі.

Ақ көңілді осылай ақтаралық,  
«Сабыр түбі – сары алтын» сақтады анық.  
Жалғыз оқпен жайратып тастаса да,  
Тастау болмас ақындық тақтан алып.

Дәл осылай түсіну жөні бөлек,  
Берді жаңа Түркістан өңі көмек.  
Мағжан аға, сен де бір пайғамбарсың,  
Жүргегіне туған ел қойған бөлеп.

22.10.2000

## ДҮНИЕ БАРАДЫ СЫРҒАНАП

Ойлансам өмірге бір қарап,  
Орнайды көңілге сыр ғажап.  
Бұлттардай аспанда жылжыған,  
Дүние барады сырғанап.



Сызыққа жеткенде туралап,  
Қимастық көңілге мұң қамап.  
Жан анам өтті ғой өмірден,  
Батқан күн сияқты сырғанап.

Кей жайлау тесіне гүл қадап,  
Аққу-қаз қанатын сырғалап.  
Ертерек қоштасқан көктемдей,  
Жастьқ шақ жоғалды сырғанап.

Қара көз қадалса бір қарап,  
Сүм жүрек кімдерді тыңдамақ?  
Еркіне алғанда меншіктеп,  
Құшаққа түсіппін сырғанап.

Ой жеткен биікке ту қадап,  
Үл-қызым жасады тың талап.  
Немерем іңгелап жатқанда,  
Елу жас өтті ғой сырғанап.

Әр күнің мың жылдай құндамақ,  
Біткен іс аз-кебін бір санап.  
Алатау бауырында шаңқай түс –  
Алпыс та аттанды сырғанап.

Құлшынып біткендей мың қанат,  
Туған ел қарсы алған күн ғажап.  
Жетпіске жүгіріп жетіп ек,  
Сексенге барамыз сырғанап.

Есілге жеттік-ау жыр қамап,  
Сағыншақ жүректі бір жамап.  
Шөбере көруді армандал,  
Екеуміз келеміз сырғанап.

Ойлантса межелі сын сағат,  
Іздеймін тірліктен шын тағат.  
Ән-жырым артымда қалса екен,  
Жүректен жүрекке сырғанап.

2003



## МАХАМБЕТ – АҚЫНДЫҚТЫҢ АЛДАСПАНЫ

Махамбет десек, Мағжан келеді еске,  
Тікелей тартып тұган ер емес пе.  
Шарт сынған бұлтқа жетіп наизағайдай,  
Арыстан Айға шапқан келеді еске.

Қазақтың қайсар мінез тебегені,  
Толтырды ыза-кееке кенерені.  
Абайға жақын тұр деп Мұхтар айтса,  
Сол шығар Махамбеттің жебегені.

Жөн сөздің алып-қашпа желігі жоқ,  
Өтті ғой Сегіз сері серігі бол.  
Исатай, Махамбетті жоқтағаны  
Қалды артта асыл жырдың өрімі бол.

Бауыржан, жау тойтарған Рахымжандар –  
Махамбет үшқыны бар батыл жандар.  
Рухы асыл дана ерте қонған,  
Бәрі де асау тұлға ақын жандар.

Жалықпай көл қорыған құстың үні,  
Жайықтан естілгендей қыстың құні;  
Қайсарлық берді ақын Қасымға да  
Махамбет жебесінің ысқырығы.

Кетердей елім байып, жерім кеңіп,  
Арманшыл әр сөзінде сенім берік.  
Ол кеше қапы қалса, бүгін женді,  
Дербестік мол шаттығын елім көріп.

Биіктеп бүгін батар қалды аспаны,  
Артында асыл ізін шаң баспады.  
Самғатқан көшпелілер соңғы сезін,  
Махамбет – ақындықтың алдаспаны.

06.03.2003.  
Астана



## БІР АУЫЗ СӨЗ

### I

Бір ауыз сөз қасіретті тыяды,  
Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды.  
Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,  
Бір ауыз сөз жаманатқа қияды.

Бір ауыз сөз мұхиттарды жалғайды,  
Бір ауыз сөз ұран болып самғайды.  
Бір ауыз сөз ұшса бақыт құсы боп,  
Бір ауыз сөз арсыз жандай алдайды.

Бір ауыз сөз таң шолпанын әперер,  
Бір ауыз сөз анаңдай боп мәпелер.  
Бір ауыз сөз ұл туды деп қуантса,  
Бір ауыз сөз әке өлімін өкелер.

Бір ауыз сөз жан тетігін табады,  
Бір ауыз сөз мың әуреге салады.  
Қимас жандар көз жұмарда қоштасып,  
Бір-ақ ауыз сөз айттысып қалады.

### II

Бір ауыз сөз шыңға қанат сермейді,  
Бір ауыз сөз мәңгі маза бермейді.  
Бір ауыз сөз жау оғындар қинаса,  
Бір ауыз сөз ескі дерттен емдейді.

Бір ауыз сөз бесті асаудай тулатар,  
Бір ауыз сөз үн шығармай мұң батар.  
Бір ауыз сөз сай-сүйекті сыйздатса,  
Бір ауыз сөз көздің жасын құрғатар.

Бір ауыз сөз бақыт берер жетегі,  
Бір ауыз сөз мәңгі қас боп кетеді.



---

Бір ауыз сөз тірі күнде айырса,  
Бір ауыз сөз айнымас дос етеді.

Бір ауыз сөз ішінде мың амал бар,  
Бір ауыз сөз ғұмырыңды тәмамдар.  
Бір ауыз сез... қимас дос боп өтеді  
Бір ауыз сез айтыспаған адамдар.

1971

\* \* \*

Қамыққанда күймен жүрек жамаймын,  
«Сарыарқада» жау жасқанар бар айбын.  
Құрманғазы бабамызды дауылпаз  
Дауыл-күйлер дарабозы санаймын.

«Сарыжайлау» елдің мұңы толқыған,  
Оны тартсам сейіледі мол тұман.  
Ойлы күйлер ордасындай Тәттімбет,  
Дәуір сырын жеткізуге ол туған.

Тәтті бабам көңіл күйін татқызды,  
Аңы күйді ел үғатын сөт қызды.  
«Көкейкесті» – мұң мен шері қазақтын,  
Кенесары өлген күні тартқызды.

Көңіл өсті жетіл бүгін азат күн,  
Күнде естіміз ғажаптарын ғажаптын.  
Ел белгісі – «Сарыарқа» мен «Сарыжайлау»,  
«Көкейкесті» – «Полонезі» қазақтын.

2010.  
Астана



## ЖАМБЫЛ АТА, КЕРЕКСІҢ ОСЫНДАЙДА

Терең толғап, толассыз ағынадым,  
Дауыл кешкен алмай түр дамыл жаным.  
Қара қылды қақ жарып, тік сілтесем,  
Жамбыл ата, қолдасың аруағың!

Елді малсыз тастандардай таза тақыр,  
Бас көтертпей аш нарық бара жатыр.  
Ауыр күні ауылдың күнірентіп,  
Таңдай қағып, талықсып дала жатыр.

Еркеленіп, жол кесіп тұра қалмай,  
Тұз күйдіріп табанын сынағандай,  
Жүйткіп өтті жезкиік мұңға малған  
Мойыл көзі мөлт етіп жылағандай.

Алапатқа сезгендей жолығарын,  
Арал қайтсін іш тартпай... соры қалың.  
Беу, адамзат! Қөрсөнші, кез алдыңда  
Құм жатқандай жоғалды лағыл ағын.

Әму мен Сыр адасты сағасынан,  
Ауыл көшті «Ақ шөлдің» арасынан.  
Осындайда көксейміз, Жамбыл ата,  
Зор даусыңды адамға жаны ашыған.

Жұз жасында көтерсөң өлеңді өрге,  
Нұр шашып ең күрт қайғы, терең шерге.  
Бүгін ауыл тұрғыны келеді үқсан  
Ленинградтық тым жүдеу «өрендерге».

Әлемге әйгі еске алып дабылынды,  
Арып-тозған ауылдар сағынулы.  
Қысқа қолым күрмеуге келмеген соң,  
Болдық, Жәке, долларға бағынулы.



---

Дерт секілді арсыздық ұрық шашып,  
Өрт қаулады көп сүмдық түйиқтасып.  
Кей ақын жүр төремен әмпайласып,  
Көп ақын жүр тіл қатпай күйі қашып.

Атағы ма, ақшасы, шекпені ме...  
Кей ақын мәз өз қолы жеткеніне.  
Пайдакүнем бастығын өле мақтап,  
«Жаның ашыр» көз жасын төккеніне.

Коммерсанттық жылы орын сайлап алыш,  
Кей «дөкей» жүр төр жақта айлаланып.  
Талапайдың тал түсте бетін ашар  
Бір Жамбылдың керегі айдан анық.

Елдің шеті түскендей тосын жайға,  
Қайыршыны көріп жан шошынбай ма?  
Алатауды жаңғыртып ашық айтар,  
Жамбыл ата, керексің осындайда!

1996

\* \* \*

Жақсылықта бастай берсін қадамым,  
Сырғанай бер, сыр сарқылмас қаламым.  
Құн мен тұнді жалғастырып келемін,  
Сол намыспен шарықтай бер, талабым.

Жабайымын көгаршындай қолдағы,  
Мазасызын жолбарыстай жолдағы.  
Басылмай жүр, басылмайды ешқашан  
Туган елдің тағдыр берген толғагы.

Әр адамның өзіне тән органы,  
Болдым берік сағыныштың қорғаны.



Мен кеткенде «Жезкийігім» жарқырап,  
Жер бетінде жүйткіп жүрсе болғаны.

Қанша екенін білмесем де қалған күн,  
Осынау өнге жан-тәніммен жалғандым.

20.01.2004.  
*Astana*

\* \* \*

Қайда асығып баrasың, қазагым-ау,  
Артта қалды баяғы таза бұғау.  
Ауыл жұдеп барады, ауыл құрып,  
Бұл не қылған жазықсыз жаза мынау?

Жұз үй еді ауылым Еңбек атты,  
Көз алдымда жазира шөлге тартты.  
Жастар түгіл, кетіпті көрілер де,  
Қала оларды қол сілтеп өрге тартты.

Жұмыссыздық – ең үлкен себепкери,  
Есі дұрыс бір басшы керек те еді.  
Әттең, шіркін, жөн білер інілерім  
Ел шетінде ат басын тежетпеді.

Бала жетпей мектеп те жабылмақшы,  
Жердің пайы азайып қалынбақшы.  
Бұрын өзім жаңартсам ауылымды,  
Енді болдым әкімге жалынбақшы.

Елді аздырмас бір себеп табады-ау деп,  
Жалынамын, түсінбе шала дау деп.  
Ата-баба зиратын ойлай берем  
Ертең ғана иесіз қалады-ау деп.



## СЕКСЕНДЕГІ ТОЛҒАНЫС

Ақ тілекпен құттықтасып достарым,  
Бүкіл елім қошеметке қосты ағын.  
Сексен жасқа есен-аман жеткенде,  
Есеп беру керектігін қостадым.

Естен кетпес жастық билеп жүрген күн,  
Супер сұлу қызға құтты үйлендім.  
Ерте аттанған анам үшін жыр жазып,  
Әкем үшін кеншілікті игердім.

«Ақын-кенші», «Жезкийк ақын» дегенде,  
Намыс қызар, қан дүрлігіп денемде.  
Он жыл қазған Жезқазғанда жез кенін  
Азаматтық парызым деп сенем де.

Есіл-Қекше бауырында өскен баламыз,  
Откен жылдар – әрі ақиқат, әрі аңыз.  
Мәскеулетіп, Нұқистетіп, Арадың  
Қорғаушысы болғандар деп санаңыз!

Жасырмайтын дос-жараннан сырым бар,  
Таттым ләззат махаббаттан шырын-бал.  
Тәубе деймін, төрім толды шаттыққа,  
Мақтан етер қызыым менен ұлым бар.

Немерелер қыздырды өмір қарқынын,  
Қуаттанам шығарса олар жарқын үн.  
Бәйбішем-ау, тәубе дейік, сен байсың,  
Қос шөберең – қос арбалы алтының!

Тұған елім!  
Берік болсын қадамың!  
Аз да болса күш қосуға жарадым.  
Мен сексеннің сеңгірінен тоқсанның  
Тогайына саспай кетіп барамын.



Шалқи берсін бар қызықтың бәрі де,  
Қаламымды сүйтпаспын өлі де.  
Құрбы-арулар, сендерді де ұмытпан,  
Не десен де, қоспа мұлде кәріге.

22.01.2012

## ҚАНЫШТЫ АЛҒАШ КӨРГЕНДЕ

Аңсаған туды сәтті сағаттарым,  
Талай жыл күткен тапты тағат жаным.  
Ішінде көп қаршыға көрінді ол  
Қырандай еркін жайған қанаттарын.

Көп таудың арасында дара шындей,  
Жарқ етсе жүрек қайтсін аласұрмай?  
Бас қандай зор денеге сыймай тұрған,  
Кең мәндай Ұлытаудың даласындай.

Екі адам сыйғандай қос иығына,  
Апайтөс қарайсың кең қырына.  
Сөулелі ақ жүзінен нұр тамып тұр,  
Көз тартып күлкі қонған миығына.

Құдірет берген екен бар ғажабын,  
Атына сай туыпты нар қазағым.  
Мейірімді, ойлы сұлу келбетінен  
Сезесің адам сүйгіш жан назарын.

Құлшынып кеткендей боп ақын жаным,  
Қасына көппен бірге жақындағым.  
Жылытты бәрімізді бір-бір сөзбен,  
Жан екен қарапайым асыл дарын.

Бір сырлы, мың қыр біткен бір өзіне,  
Салмайды қыран қарқын лезіне.  
Әр сөзін баппен ғана байыпты айтқан,  
Құмаррттым ұстамды кең мінезіне.



---

Қай ақын Қанекеме арқаланбас,  
Бар қырын бірақ тегіс байқай алмас.  
Черчильдің таңдануы бекер ме еді,  
Ол – дана мың жылда бір қайталанбас.

Құйылды нелер сезім көкірегіме,  
Өсті еңсем,  
Құштар болып еңселіге.  
Өзі де, ісі де ұлы занғар екен,  
Әр сөзі гибрат болар ертеңіме.

10.01.2003.  
Алматы

\* \* \*

Абайла, жүрек, абайла,  
Асықсаң қапы қаларсың.  
Жоқ болып тірек маңайда,  
Өкініп естен танарсың.

Адам аз бүгін сенісер,  
Алаңдал қалма сөзіне.  
Құлықпен пікір бөлісер,  
Дос еткенсіп өзіне.

Дауылпаз көніл көк дөнен,  
Олай да былай шапқылар.  
Көк атты келіп көлденең,  
Шикілеу досты жат қылар.

Берілмес қызба жеңілге,  
Үміт пен үлкен тосты арман.  
Ендігі қалған өмірде  
Айырма адад достардан.

02.08.2010



## АҚЫНҒА БҮЛ ФӘНИДЕ ДЕМАЛЫС ЖОҚ

Тұманбай!  
Сен қазақтың «Тұмашысың»,  
Алатау сілемінде құба шыңсың.  
Туғанда жаңа өлеңің қуанамын,  
Қызы-шабыт тың бағытқа құлаш ұрысын.

Өлеңмен өтті сәтті көктемдерің,  
Сағыныш қостың құзде өкпен желін.  
Құрметтеп жүрген жерің аяласа,  
Әнге орап сен де оларды көркемдедің.

Өскенің қандай қызық тау маңында,  
Кездесті бөктерінде жан жарың да.  
Жоқ шығар сені сүймес қыз-келіншек  
«Еңбекші қазақ» атты ауданында.

Мұхтардай елдің сыйлы асқарын да,  
Кенелттің махаббатшыл жастарын да.  
Сұлулар Тұмаш десе сылаң қағып,  
Жүр дейді сені өлі жас шағында.

Тусаң да қарлы шыңдар сілемінде,  
Балқиды дала сыршыл кілең үнге.  
Ерке наз, әсем қоңыр өлеңіңмен  
Сен жүрсің туған елдің жүрегінде.

Жырыңа, өр себепке тұрар дайын,  
Озгеден қуанышым ұлан-ғайыр.  
Алатау, Жетісумен таласпаңдар,  
Ол – менің ұлытаушыл Тұманбайым.

Толағай дария тасқын ішінде өлең,  
Қазақ жоқ Тұмаш жырын түсінбеген.  
Алыста «Құстар әнін» айтып журдім,  
Қосақтап «Жезкийкке» түсімде мен.



---

Салса кім «көп жазғыш» деп дара сынға,  
Күйгені көзі озық қарасынға.  
Кұрсінбе құндестерге, мақтанға ерме,  
Ақындық шек жоқ мәнді таласында.

Ойлама жетер құзарт тым алыс деп,  
Алда күн ағындастын тың жарыс боп.  
Құдайдың бергені де осы шығар,  
Ақынға бәл фәниде демалыс жоқ.

1998

## ПРОМЕТЕЙГЕ

О, адамзат! Прометей де тәңірің,  
Тіршілікке от тарату – бай ырым.  
Темір бұғау қыспағында жасады  
Адамдарға қолдан келген қайырым.  
Қайырымдылық көбейтуге легін,  
Жыр маздатып жалынды өмір сүремін.  
Әперуге Прометейдің үшқынын,  
Тарыққанды ізден қана жүремін.  
Оттыларды ардақтаса шартарап,  
Қанша жүкті кетті олар арқалап?!

Құл-талқандап құлдық құрсау түнегін,  
Кен қазғаным – ол да от ізден жүргенім.  
Ел мұқтажы – көздегенім, білгенім,  
Прометейдің көбейтуге легін.

## АРАЛ КЕУІП КЕТПЕСІН

Арал кеуіп кетпесін... Арал кеуіп,  
Марал кеміп кетпесін... марал кеміп.  
Табиғатты қақсатқан оқ үшқыны  
Талмау жерден тиеді маған келіп.



Көз тойдырған көгілдір Арал қайда?  
«Ақ құм» шелейт, сүм апат жан алмай ма?!

Кең айдында тербелген ақ кемелер  
Құмға шөкті қажетке саналмай да.

Киіктерді түбекке қысы қалың  
Құм қуалап кетердей қысыламын.  
Беу, адамдар! Тыңдаши, Аралды аңсап  
Өзек жарған өлең-құс ұшырамын.

Сыр мен Әму толқытқан Арал қайда?  
Теңіз құрғап сарқылды табар пайды.  
Қапаландық тай балық таңдал журіп,  
Жай балықтың жүрнағын таба алмай да.

Су сарқылса, құс көрсе жаман өлік,  
Зәрем ұшар салғандай заман желік.  
Болашақтан ұялам, біздерді айтып:  
«Бұл жерге де кетті, – дер, – адам келіп».

1980

## «ГӘККУ» ЖӘНЕ «ГАУҺАРТАС»

Құлпыртса нәркес гүлді гүл,  
Тірі жан қалай тамсанбас?  
Қос бұлбұл – Құлөш, Бибігүл,  
«Гәкку» мен асыл «Гауһартас».

Бір ғасырдың басы мен  
Әнге ораған аяғын.  
Түрленттік екі асылмен  
Асқақ ән өмірбаянын.

Тәтті әуен ашсақ түндігін,  
Жарқылын байқа ғажаптың.  
Құлөш пен біздің Бибігүл –  
Қос жүлдизы қазақтың.



Өн жебесе өр үлтты,  
Мән беріп дербес мәнерге;  
Қазақтың үнін танытты  
Қос сандуғаш әлемге.

Өн-күйсіз өтпес бір күнім,  
Шарықтар нұрлы, сырлысы.  
Бүгінгі Мақпал дүлдүлім –  
Қос жұлдыздың сінлісі.

Еліме атқан арай таң,  
Шалқыса жебеп бірлігім.  
Туады өлі талай сан  
Жас Құләш, сәби Бибігүл.

Тосылар сайрап өлі де,  
Жалғасар өсем өн кеші.  
Төгіліп тұrap бәріне  
Қос жұлдызы жарқын сәулесі.

1998

## САҒАДАТ – ЕР ЖІГІТТІҢ АҚСҮНҚАРЫ

(Совет Одағының Батыры,  
Қазақстанның Халық Қаһарманы  
Сагадат Нұрмагамбетовке)

Қазақта батыр да көп, ақын да көп,  
Парасат қонған кемел ақыл да көп.  
Көргенде Сағадатты алғашқы рет  
Бірі деп ақсұнқардың мақұлдал ек.

Саңқ етті салтанатты зор мінбеден,  
Тұлпардай салты қызық еркіндеген.  
Тым-тырыс кең сарайда мың-мың адам,  
Қалмады тірі пенде серпілмеген.



Аспаннан түсे қалған жарқын жұлдыз,  
Жайнатты той төрінде паркын күндіз.  
Секілді сал қарағай сұңғақты екен,  
Қалардай көз алдында талып мың қызы.

Қаз дауыс, қоңыр барқын үні қандай,  
Шыққан жоқ бір ауыз сөз и қанбай.  
Дүркіреп, жер тепкілеп жылқы өткендей,  
Халайық ду қол соқты бірі қалмай.

Қалдырмай ірі, кіші бір ісін де,  
Асылды ардақтайық тірісінде.  
Ол керек кейінгіге үлгілікке,  
Ол парызы көріп-білген біз үшін де.

Сыпайы, қарапайым, атағы ірі,  
Қосылды оған шатты аталығы.  
Жаасты 75-ке келсе бүгін  
Армия генералы сақалығы.

Откен күн өзгерткен жоқ сом алмасты,  
Қан майдан, бейбіт күн бол жол алмасты.  
Тарихи бүл генерал – дербес қазақ  
Корғаныс министрі ең алғашқы.

Белгілі елдің кеше бодан жайы,  
Болмады бостандықта одан сайын.  
Ақ міндет, адал іспен ол атанды  
Президент Нұрсұлтанның Қабанбайы.

Жүйріктей келіп түрған шын бабына,  
75 салды жаңа ыргағына.  
Батыр де, генерал де, жігіттіктің  
Караңдар қамал бұзар сұлтанына.

Титімдей ақ туспепті қара шашқа,  
Паң кербез, қимылы да дара, басқа.  
Женеше, байқап ұста ағамызды,  
Ол бізден тез үнайды қаламқасқа.



Тұған ел көп көтерсе ғажап жүгін,  
Таңғалмас отандасым аз-ақ бүгін.  
Танытты Сағадат аға қайда журсе,  
Шабытты, намысы мол қазактығын.

Жан аға, 75-ің құтты босын!  
Басыңа жолатпасын бұлтты өр шың.  
Егделік қақ төріне еркін жеттің,  
Қажырлы күш-қуатың мықты болсын!

Жалғасса Мұхтарлармен атың қөпке,  
Өтеді жырға орап Кәкімбек те.  
75 генералға дым жүк емес,  
Біздермен аңға шыгар атынды ертте.

Аға бол асылдарға теңесең сен,  
Іні бол өзек жара кеңесем мен.  
Сексенге сергек жетіп, Сәке, мығым,  
Жұзге жет қолтықтасып жеңешеммен.

29.05.1999.  
*Алматы*

## БАРАДЫ ӨМІР ӨТІП

Картайдым, жұмысым көп, асығыспын,  
Бітпей тұр ұзақ көші татымды істің.  
Қызы-шабыт қызықтырып, жетелейді  
Соңынан өлең деген асыл құстың.

Бұлтартпас алдымдағы ісім қалың,  
Сыртым сау, маза бермес ішім жалын.  
Жүргегім мұңға толған бала жастан,  
Білсем де артымда өшпес ізім барын.

Айқасқа бодан күнде кіргенімде,  
Шайқаста Арал үшін жүргенімде,



Сезуші ем кей «пысықтың» қара ниет  
Мінезін тұлкі жортак құлгенінде.

Өтірік қол бергендер алақайлап,  
Жүріпті іште тосын дара сайлап.  
Әкетті тәуелсіздік алған елдер  
Әму мен Сырдың суын талапайладап.

Алғанда ескі дерпті тереңдетіп,  
Ауылым да қойды қатты елеңдетіп.  
Барады Арал құрып, ауылым тозып,  
Міз бақпай мен жүргенде өлеңдетіп.  
Барады, ей, адамдар, өмір өтіп.

## АҚ БАТАСЫН БЕРГЕНДЕЙ СЕГІЗ СЕРІ

Құлагерше құлшындық жасымызда,  
Дарындылар мол еді заты қызба.  
Сәбит, Габит, Евнейлер қандай еді,  
Кеше жүрген көш түзеп қасымызда.

Бұл үшеуін біледі әлем тегі,  
Сафуан, Мұрат, Аманжол мәнерледі.  
Мұса, Ермек, Төлеген, Нагималар,  
Тұрлендірді Марат пен Сәкен сері.

Ата мирас жалғасқан ел арасы,  
Бәрі ортақ: өзен, көл, кең даласы.  
Неміс болып туса да кемістік жоқ,  
Бельгерім де қазақтың өз баласы.

Ақан сері, Үбырай қадам басқан,  
Атамекен осында бабам жатқан.  
Даналардың ығында жарапалым мен,  
Фажап жерге шын ғашық махаббаттан.

Дархан аймақ, қызығам өміріңе,  
Бәйкен, Еркін нұр жайды көңіліме.



Ақ батасын бергендей Сегіз сері  
Талай тарлан ту тікті өңіріме.

Сұлу өлкे – Солтүстік Қазақстан,  
Көлдерінді қайтқан құс санаң үшқан.  
Ақ қайыңдар аймақты алқалаған,  
Аппақ етіп сән берді жаралыстан.

2002

## ҚОС БАТЫРДЫҢ КЕСЕНЕСІН АШҚАНДА

Ассалау мағалейкүм, көрікті өлкем!  
Нұр төкті дербес елге құнің көркем.  
Қарасай, Ағынтайдың кесенесі  
Сарыарқа бір шетінде құрды желкен.

Кесене – зор ғимарат орнап қалған,  
Ескерткіш барша қазақ қолдан салған.  
Қос батыр, қос жолбарыс ұйықтап жатыр  
Ертеде ел намысын қорғап қалған.

Тағдырдың тұра таңдал берген жері,  
Бұйырған белдеу осы сөнген демі.  
Бей, қазақ!  
Шекараңды сақта деп тұр,  
Мол еді-ау екі дайда көргендері.

Екеуін қос қыранға балағанда,  
Ой салар құбылыс көп өр адамға.  
Қос батыр көз алдыңа елестейді  
Айыртау қос шыңына қарағанда.

Қос өркеш әлмисақтан сүйікті еді,  
Жан бауарар екі көзі үйірткені.  
Қарасай, Ағынтайдың арқасында  
Айыртау кешегіден биіктеді.



Қарқындаپ, екпіндесем дабылымды,  
Паш етем әлі талай бар ірімді.  
Қарасай, Ағынтаймен дөлелдең тұр  
Ұлтжанды менің терең тамырымды.

Қол соқты мәңгі жасыл қарағайым,  
Шалқысақ дән толқыған дала дайын.  
Алладан не тілесен, соны берсін,  
Ас пен той құтты болсын, бар ағайын!

1988

### ФАЗЫЛ АҒА КІМ ДЕСЕН...

Абайша айтсақ шатақ көп,  
Жылпостар төрді бақпай ма?  
Алдамаса атақ жоқ,  
Сатпаса арың бақ қайда?!

Фазылда ол жоқ, ағайын,  
Рухын биік сақтады.  
Әмбеге төгіп арайын,  
Кісілік болды баққаны.

Шарбаққөл асыл ұланы,  
Қызылжарға атын байлаған.  
Қарағандының болды қыраны,  
Бойында намыс қайнаган.

Алаштың ұлы болгасын,  
Ұлтжанды жолмен басқарды.  
Атақты көмір ордасын  
Қазақтандыру басталды.

Мағжанды жақта білетін,  
Сәтбаев дос бол қолдады.  
Өуезов мақтап жүретін,  
Қалтайды даудан қорғады.



---

Жібермес өсте қателік,  
Әр сөзін ойлы құндады.  
Шаяхметов пен Тәшенов  
Ақылын талай тыңдады.

Сүм заман сырын түсініп,  
Данаалар жолын жалғады.  
Фазыл деген – кісілік,  
Арналған елге арманы.

05.05.2013.  
Астана

## ӨМІРДІҢ АКАДЕМИГІ

Асыл жандар арсыздыққа көнбейді,  
Тура сілтеп, алға алаңсыз өрлейді.  
Ерлігімен ел мұңына сеп болып,  
Салт-дәстүрмен ереженді жөндейді.

Соның бірі – Бәйкен аға Әшімов,  
Сұрлемейік ақиқатты жасырып:  
Дәл он төрт жыл үкіметті басқарса,  
Мәскеуден де жүрді амалын асырып.

Бір сырлы жан бойда өнері мың қырлы,  
Қазақ үшін ғажап істер тыңдырды.  
Қолда барды қорлағанды жек көріп,  
Тегістеді кейде кедір-бұдырды.

Бодан тірлік бұзды талай қамалын,  
Дауыл кешті күтпей өмір самалын.  
Көрі-жасқа бірдей ізет білдіріп,  
Азаматтың сақтай білді адалын.

Ізгіліктің бек сақшысы жүрегі,  
Білмегенге сөл жымынып құледі.



Мың тексеріп түк таппаған Қолбиндер  
Сол күндерден тазалығын біледі.

Үлкен талант сезді өресін ел іші,  
Есіл-Көкше дейді әйдік егінші.  
Шахталарда кеншілікті игеріп,  
Жетісууда болды күріш егуші.

Алау-жалау жоқ қызбаға жерігі,  
Алда жүрді қиындықта ең ірі.  
Қарт майдангер, еңбек ері, дәл айтсақ;  
Ол – өмірдің үлкен академигі.

17.07.2007.  
*Астана*

## СОНЫҢ БӘРІ – НҰРАҒАН!

Күлім қағып жарқ еткені ұнаған,  
Домбырасын солақай қол бураған.  
Қырғын күйші болып кетті дирижер,  
Дүлдүл саңлақ күй ортасын құраған.  
Соның бәрі – бір адам,  
Соның бәрі – Нұраған!

Аққулармен ашылса күй сандығы,  
Мың құбылтты жүйрік жүрек жарлығы.  
Қаңқыл-саңқыл, бебеу қақса қиқулап,  
Жан тебірентті сұлулардың тағдыры.  
Мың санатта бір адам,  
Құс қанатты Нұраған!

Терең сарын, ойлы ағын бірлесіп,  
Атпал әуез кетті көппен тілдесіп.  
«Ата толғау» тірі жанды тебірентті,  
Сал домбыра, сансыз аспан үндеңіп.  
Дана туған бұл адам,  
Дара туған Нұраған!



---

«Нұргиса күй» арпалысқа тоймайды,  
Аламанда ат жалында ойнайды.  
Ел атағын ай-әлемге жеткізіп,  
Бар қазақтың тойын бірге тойлайды.  
Алғыр қыран бұл адам,  
Аңыз-ұран Нұраган!

«Нұргиса-ән» қазаққа кең тарады,  
Киелі әуен есте мәңгі қалады.  
«Сарыжайлауы» самал жайып самғатса,  
«Құстар өні» сау жүректі жарады.  
Жаны ән мен жыр адам,  
Қаны қазақ Нұраган!

02.04.2012.  
Астана

## ӨЗЕКТІ ҰЛТТЫҚ ЖАҢАЛЫҚ

«Айқаппен» туса қауышу,  
Қалың ел, қарсы алалық.  
Ол – өткенмен табысу,  
Тұнып түрған даналық.

Кезекті емес, бұл – бізге  
Өзекті ұлттық жаңалық.  
Киелі түссек құтты ізге,  
Жан сала қарсы алалық.

Тоқсан жеті жылдан соң  
Тиді «Айқап» бүгін қолымса.  
Ағалардың өңкей шоң,  
Көз салдым өжет жолына.

Ахмет пен Міржақып,  
Сұлтанмахмұт қолдапты.  
Алғанда бәрі бір бағыт,  
Шәкәрім көмек жолдапты.



Ол жылдар шымқай қағынған,  
Әлпеті айқын ашылар.  
Ағаларды қатты сағынған,  
Іштегі дертім басылар.

Тәуелсіздік өрінде  
Жарқ еткен бүгін «Айқабым».  
Әр үйдің тұрса төрінде,  
Мың-мың алғыс айтамын.

«Айқаптың» көп қой сыры асыл,  
Біле де білсек ақтарып.  
Ұлттымның асыл мұрасын  
Мұлтіксіз мәңгі сақталық.

2012.  
*Астана*

## БАУЫРЖАН МЕН ТАКСИСТ

– Әй, бала!  
Деме ағаның қарыс тілі,  
Дем бергіш басылмайды соғыс сыры.  
Таксиді шабуылдай шапшаң жүргіз,  
Мен – Бауыржан Момышұлы!

...Рульде қарапайым қазақ жігіт,  
Мырс етті, місе тұттай мазақсынып.  
Тіл қатты ыңырана соза сөйлеп,  
Тоңмойын, бұрылуды азапсынып:

– Шошытпа, көке!  
Талай шошығанмын,  
Деп пе едім:  
«Ей, ағатай, осыған мін».  
Сен түгіл, настоящий Бауыржанды  
Мен былтыр күні бойы тасығанмын.



Бардық біз ағасына, інісіне,  
Сабаздың риза болдым жүрісіне.  
Қолпаштап қолтығында қос келіншек,  
Мінездің мін тақпайсың ірісіне.

Он теңге сөз бе?  
Одан алғаным жоқ.  
Бір көру жүруші еді арманым боп.  
Өз әкем Баукеңдердің полкінде өлген,  
Өкіндім әлі ізден бармадым деп.

– Інішек-ау, жасай ма деп көлік кірбін,  
Сөз айтсам  
Көңірсіттің өзің зіл мұн... –  
Деді де, Баукең деру паспорт тосты:  
– Мінеки, мен Бауыржан нөмір бірімін! –

Жігітті батыр сөзі қыршып кетті,  
Бір қапа жүрек шетін шымшып кетті.  
Көргенде «Момышұлы» деген сөзді  
Қос маржан қос жанардан ыршып кетті.

Дедектеп такси кетті көштен дара,  
Ем тапты көкіректі тескен жара.  
Құлшынды өз әкесін көргендей-ақ,  
Қолында өгей әке өскен бала.

Тез жетті барап жерге арқыратып,  
Жиырма сом Баукең тосты жарқыратып.  
– Алмаймын, аға, – деген таксишіге  
Саңқ етті Алатауды қалтыратып.

Жарқ етті,  
Екі көзден шырақ жанды,  
Қарт батыр қаһарланды,  
Қыранданды.  
Шекеде қан ойнаған күре амыр  
Өзендей өрден өткен бұраңдады.



– Отставить!  
Өзіңе тақсырлығың,  
Бес сомдық көріп тұрмын такси құнын.  
Он теңге – былтырғы қу жігіт үшін,  
Бес сомға – келінге ғұл тапсыр бүгін!

## ЖЕЗҚАЗҒАНЫҢ БАС ИП ТҮР АЛДЫНДА

Кенге ораған жиырмасыншы ғасырды,  
Ұран етіп ғылым туы – асылды;  
Сүйікті ұлы – Жезқазғанның төрінде,  
Сәтбаевқа жаңа ескерткіш ашылды.

Тас тұғырлы, мыс сыңғырлы қоладан,  
Құлімдеді атақ-даңқы мол адам.  
Әне, ашылды зәулім мұсін пердесі  
Ақ тілекпен ақ жібекке ораған.

Әудем сәтте жан толқынын басыппыз,  
Дала дерсің жазық мандай, ашық жүз.  
Мың-мың адам риза болдық, өйткені  
Бәріміз де Сәтбаевқа ғашықпыш.

Нәр алып ем кең мінезді ғұрпынан,  
Өршеленсем биік өрге тың шығам.  
Оны айтқанда Ұлытауша тебіренем,  
Алға қарай Абылайша құлшынам.

Албырт күнде жеке-дара алысқан,  
Жолы ашылды мыс молайтқан табыстан.  
Сол еді ғой жеті қабат жердегі  
Шексіз қазына кілтін тапқан данышпан.

Өзі ақиық, шәкіртері шын қыран,  
Тасытты олар жez теңізін бұлқыған.  
Штифанов, Бәпежанов, Есенов,  
Гурба бүгін аунап түсер үйқыдан.



Қаныш аға!  
Қайта туып қалдың ба?  
Әлем құрған салтанатқа қандың ба?  
Тәжім етіп, алғыс айтып, ардақтап,  
Жезқазғаның бас иіп түр алдында.

06.04.1999.

Жезқазған

## ҚАРАШІЛІК

Бауырыңнан сұңқар үшқан дара шығып,  
Сәлем ал, киелі жер Қарашибілік.  
Көргенде ақын аға басқан ізін,  
Жұрегім лұпілдеп түр аласұрып.

Құлындай қос биені бірдей емген,  
Еркемін Көкше, Ұлытау іргеленген.  
Жаттадым Сәкен аға талай әнін  
Күндерде ел есімін білмей келген.

Көнгендей асау ақын үкіміне,  
Жер қандай ұқсас Сәкен бітіміне.  
Ардақты перзент туған асыл алқа,  
Бас ием ауыл·аймақ түтініне.

Жебеді қарқын қосып қарқыныма,  
Бөледі Ортау, Аба таң нұрына.  
Құлімдеп тәбесінде күн билеген,  
Бас ием кербез шыңдар жарқылына.

Тебіреніп жетсем тойлы хабарыңа,  
Сарыарқа, бір шомылдым самалыңа.  
Жасынан асыл аға құмар болған,  
Бас ием қырда киік жанарына.

Себеп көп мен толғанып жүгінерге,  
Аңғардым бірін көлде, бірін жерде.



Белімді бес бүгілтіп тәжім етем  
Сәкенді көзі көрген тірілерге.

Ақ тоғай арасында құмай белдің,  
Көзіме, Қарашілік, ұнай бердің.  
Жазықсыз дүлдүлінді оққа қиған  
Кер заман кешірімін сұрай келдім.

Ушықса оқ дарыған сана бүгін,  
Өзім де жезқиқтей жааралымын.  
Тілеймін, Қарашілік, ұл-қызыңа  
Сәкеннің сұлулығын, даралығын.

Өзгерді дербес ел боп ұран бүгін,  
Әйтпесе дәл осылай шығар ма үнім.  
Елім деп еңіреп туған ұлдарыңа  
Сәкеннің берсін алғыр қырандығын.

Құт мекен баурайыңынан дана шығып,  
Атыңды айғақ етті Алаш ұғып.  
Сәкеннің кіндік қаны тамған жері,  
Әлемге өйгілі бол, Қарашілік.

1994

\* \* \*

Жанымның жарасы көп жазылмаған,  
Берген жоқ өмір өңкей жазын маған.  
Сыр да көп ақтармаған әлі жәндең,  
Тереңде асыл кендей қазылмаған.

Көз жасын оңашада көп төгілген  
Жасырып өстім жабық, тоқ көңілмен.  
Әкемді көрмей қалған ғұмыр шектім,  
Анам да қызық көрмей өтті өмірден.

Кер заман соқтырмаған дауылына,  
Ризамын анамның нар бауырына.



---

Мың алғыс сол кісіге арнай берем  
Заманың жеткізген зор қауымына.

Екі әкем жатыр атамекенінде,  
Қос анам Жалғызтаудың етегінде.  
Бар менің бір өнірде екі ауылым,  
Сағыныш жүрмін екі жетегінде.

Барғанда бастарына жай табамын,  
Қаулайды қия бассам қайта жалын.  
Ішімде мәңгі түйген арманым сол,  
Деп келем: «Қалай парыз қайтарамын?»

Шүкірлік, намыскермін қуатым бай,  
Күпірлік етпен қайта туатындей.  
Құпия өз сырымды өзім айттым,  
Тас беріш жатқаннан соң уатылмай.

2003

## АҚЫНДЫҚТЫҢ ПАТШАСЫ

(Сәкен Сейфуллинге)

Сәкен маған кім десендер, ағайын,  
Ол – ұстазым, ерте құшқан арайын.  
Бала күнде тығылып жаттаپ, оқумен  
Жабық жатқан аштым жырдың сарайын.

Ұмыту жоқ қорлық көрген ғасырын,  
Содыр билік құртты қазақ асылын.  
Сол заманда интернаттағы балалар  
«Көкшетауын» айтушы едік жасырын.

Сұлу жыры жылу төккен нүр еді,  
Әсем әннен жаным ерте түледі.  
Неге ынтық болғанымды айтайын:  
Сәкен ағам сұллулықтың құлы еді.



Кенші болып Жезқазғанға келгенде,  
Үқтym сырын аққу қонған көлден де.  
Қырда киік лүпіл қосты жүрекке,  
Қызыл ішік киген қызға шерменде.

Сезім селі – Сәкен өні арнасы,  
Көкірегімде қалды мөлдір таңбасы.  
«Жезқiйігім» – кең жалғанды жайлаған,  
«Тау ішінде» шыққан өннің жалғасы.

Кемеңгерлік сан үлгісі жалғанды,  
Жақын тартты талай өжет тарланды.  
Үкіметке басшы болған кезінде  
Қолдан кетті, қорғап өтті Мағжанды.

Сұм саясат кешсе сойқан азабын,  
Бірге көрді олар оғын қазаның.  
Кей ақымақ не десе де,  
Ешқашан  
Қос дүлдүлін айырмайды қазагым.

Сансыз қыры айтылса да қаншасы,  
Есіміне жарасып тұр баршасы.  
Ұлы тұлға, өжет тұған дауылпаз,  
Сәкен деген – ақындықтың патшасы!

25.08.2009.  
*Aстана*

## АУЫЛҒА ХАТ

### I

Сәлемімді ал, тел өскен құрдастарым,  
Ауыл жолын талай жыл бір баспадым.  
Қолдарыңа тиді ме шағын кітап,  
Тірлігімді баяндар жыр-дастаным?



Сәт түспей жүр, барар ем жылдағана,  
Сағынышым самғайды жырдағана.  
Жазбай-жазбай, жарқ еткен бұл хатымды,  
Құрдастар-ау, бір емес, мыңға бала.

Не жаңалық бар біздің «бірлестікте»?  
Кеп жыл өтті...  
Сыр сарқып, тілдестік пе?  
«Қырық қызыдан ауылсы» атанып ек,  
«Қызы» дегенді бұрмандар білместікке.

Өзімізбен көтерді бірге жүкті,  
Әкелерді майданнан бірге күтті.  
Сол қырық қызы ғажайып көрік берді  
Женсіс тойы, бар тойға бізге құтты.

Есіркесем жастық шақ мәжілісін,  
Сөз айтпаймын мәз болар өзіл үшін.  
Жігіттер-ау, сыртыңнан хабарым бар,  
Ал қыздардың білмедік әдірісін.

Балапанға қызықпас ұяда кім,  
Еске түсіп кетті ғой қиядағым.  
Отыз тоғыз қызды айтпай, бірін айтсам...  
Ұмытқам жоқ, тек қана ұяламын.

Жігерлі еді ән сүйгіш екпіні бар,  
Ақ тотыдай ажары етті құмар.  
Тостаган көз, ақсары, орта бойлы  
Қызы еді ғой әдемі секпілі бар.

«Оқып көріп хатымды таңғала ма?  
Қой, өлеңім, жүректі жаңқалама!..»  
Дегім келіп, дей алмай қиналадын,  
Қайды ғана жүр екен қалқа бала?!



## II

Иә, солай! Сөлемім басталады,  
Қызды айтпаса жыр жолы аш қалады.  
Жырлай-жырлай махаббат бар өуресін,  
Ақындар да қара жер жастанады.

Хат сөздерін әр саққа алып үштым,  
Есіркедім, естелік балын іштім.  
Ауыл шеті алыстан елестейді,  
Үлкені де сол шығар сағыныштың.

## III

Су мол ма екен қылышбел Қамсақтыда,  
Жағасында жүруші ек «жан шапқыда».  
Қол шалғыға шаршаса құлын білек,  
Майдандағы өкені аңсатты да.

Болмасақ та балыққа аса қарық,  
Қармақ салдық қамысты тасаланып.  
Насыбай үккен шалдардай отырушы ек,  
Бір-бір үлкен мұз тесік жасап алып.

Көктемде де ақ боран ұра беріп,  
Сиыр жеккен соқаға шыдап едік.  
«Ала кетер ала мал» деген сөзге  
Ала бие өлгенде жылап едік.

Жұт тасыған не деген желік күшті,  
Көктемде де қиналдық көріп қысты.  
«Ала малдың» иесін оқ шалыпты,  
«Қара қағаз» үш үйге келіп түсті.

Қыындығы бүйірған дәміменен,  
Артта қалды ол күндер сәніменен.  
Шана сыңғыр өтті гой, өгіз аян,  
Ыңырысған қысқы кеш өніменен.



---

Шибұрыш хат қеудесін бүтіндеген,  
Әжем де өтті мәз болмай күтім деген.  
Ақ түбіттей арқасы тозып еді,  
Пеш алдында сипаған түтінменен.

#### IV

Есті жидық.  
Ескі шер тарқайды ғой,  
Бала деген құрбылар марқайды ғой.  
Оралмаған соғыста солдатты ойлап,  
Мағрипа апай ауылда қартайды ғой.

Қос жанары төрт болып тосуменен,  
Мениң де анам көз жұмды осы уменен.  
Сарғайтса да, шіркін-ай, болмады ғой  
Кей боздақты үйірге қосуменен.

Жеңіл бастап сайымас ауыр әнім,  
Айтып-айтып өзім де сауығамын.  
Бір жиналып даурығып отырар ма ек,  
Баяғы бір қайталап ауыл әнін.

Құзгі орақта сүмбіле жауындаса,  
Бас қосушы ек қаражат қабылдаса.  
Ешкі еті таңдайда қатушы еді,  
Семіз тоқты сернелік табылмаса.

#### V

Сәл кідіріп, ес жиып алайын да,  
Хал-жайымды айтайын ағайынга.  
Москвада бұл күнде қызметім,  
Кеңсем тақау Кремль маңайында.

Жүрген жерім – ардақты Қызыл Алаң,  
Лағыл жұлдыз жарқылын тізіп алам.



Ізгілікке құштарлық ұлғайтады  
Ағалардың алдымда ізі маған.

Өздеріңе жүргім алып ұшқан,  
Жырым жетер жетелеп әні қысқан.  
Пешенеме жазымыш несібем ғой,  
Жаралыптын мен шексіз сағыныштан.

Әкелердің бейнесі, елесімін,  
Жолым ашық, жайдары келесі күн.  
Қайда жүрсем қастерлеп, ардақтаймын  
Қазақ деген кең-байтақ ел есімін.

## БАЙЫТУШЫ

(*Қамал Қадыржановқа*)

Не деген жомарт еді мамандығын,  
Көтердің кен байытып заман жүгін.  
Алғысы кеншілердің деп білгейсің  
Орнатқан ескерткіші саған бүгін.

Сен, аға, біз – алғы көш легіміз,  
Мәскеуде Цветметтің түлегіміз.  
Бұл күнде бір лұпілін жоғалтып тұр  
Талай жыл бірге соққан жүрегіміз.

Кен кеуlep, жez жентектеп аласұрдық,  
Бір көрсек, бірге өскендей ағасындық.  
Жастарға жан жалықпас сабақ еді-ау  
Жәдігер жасай білу жанашырлық.

Жаттықтың жаурағанды жылдырып,  
Мақтаушы ең сүйсінгенде сырын біліп.



«Ол нағыз өндірістің адамы...» – деп  
Талдаушы ең бар өнерін ұғындырып.

Ерен іс, айта берем қай тізімін,  
Көз тояр көрнектісі бар ізіңнің.  
Балқаштың сен байырғы ардагері,  
Балқыған мысқа қүйған жан қызуын.  
Ұлағатты ұстаз да едің алтын ұя,  
Жан пида сақтай білген жар қызығын.

Топ жарған думан-жиын жүйрігі едін,  
Сүюші ең аңы өлең мен күйді керім.  
Табиғат көкірегінді кеніш етіп,  
Ізгілік мырза мейір үйді кенін.

«Ей, қалқа!..  
Сен қайдасың мен дегендे?...» –  
Деп бастап кең бұғақты кернегенде,  
Талмаурап, балқып, толқып, шырқауыш едік  
Сіз дүлдулге біз еліктең ерген пенде.

Өлеңге қазақ көңіл қайтармаймыз,  
Әр адам өзіне сай жай таңдаймыз.  
Қанша ақын, қанша әнші қайталасак,  
Өзіңдей осынау әнді айта алмаймыз.

Жалғасқан жыршы-дала түлегіміз,  
Жоқ емес өлең сүйтіш легіміз.  
Өзгелер көмекейге басып жатса,  
Ал сіздің айтушы еді жүрегініз.

Кіргені есіміңіз ән-жырыма –  
Қанықтым шын мейірбан жан нұрына.  
Сүйсінтсе кен байытқыш асыл өнер,  
Құмарттым жан байытқыш тағдырына.



\* \* \*

Сырымды жанға айтпаған айтады өлең,  
Тағдырдың қызық сырын байқа менен.  
Шабыттың өлең сүйгіш шарты да сол,  
Барлығын тудырған жоқ «қалқа» деген.

Елсіз жыр биіктей ме?  
Қайда терең?  
Өзім деп өмір сырын айта берем.  
Егер мен мұзғып кетсем жазатайым,  
Бір өлең оқу үшін қайта келем.

Жетемін сол қызумен Қеңгіріме,  
Қанығам сайын дала кеңдігіне.  
О, тағдыр!  
Жезкикіті бір көрсетші,  
Сүйсініп менің осынау ерлігіме.

## ЭЛЕГИЯ

Балалық қалды ауылда аңсар бір үн,  
Оралып енді бәрін байқау қыын.  
Қиядан сағындырып, елестейді  
Мағынасыз, мұңсыз, бейқам, аңқау күнім.

Малшынса жүрек уға көптен бері,  
Тым ерте қызық еді-ау өртенгені.  
Әлі де кей бір күнде қарандайды,  
Келердей жолаушылап көп сенгені.

Көбейіп көріктенсе өткен белгі,  
Япымай, сонша сұлу,  
Көркем бе еді?  
Дегені бала ғашық қызық екен,  
Ай да сол, жұлдыз да сол өлкемдегі.



Тірі жан шырайына теңеспейді,  
Ел жақтан хабар айттар жел еспейді.  
Бәрі де күміс сағым көрген түстей,  
Қыз-қиял жас киіктей елестейді.

\* \* \*

Ақын досым, қайғырма,  
Айтпасақ мақтау жырыңа.  
Күннен алған айдың да  
Шәк келтірем нұрына.

Көтерем десен өренді,  
Жан қозғар жерін көп ойла.  
Ел үқпаған өлеңді  
Шықпаған егін деп ойла.

\* \* \*

Сен өзгеден кербездеусің, сылқымсың,  
Серпілсөнші, жүрегің бір бұлқынысын.  
Сылап-сипап таба алмасам бабынды,  
Сезімі көп өз көңілім құлшынысын.

Көрінесің аққу бейне тартымды,  
Жасырмашы көкірегінде жарқылды.  
Сен молайтып бергендейсің менде бар  
Кеш тұтандып, тез лаулаған қарқынды.

Бақыт ыстық кімге аз күн орнаса,  
Ардақтаймын кім бірлесіп қорғаса.  
Қарқын өшпей толқып-толқып алайын,  
Сен құлақ сал, қалқам-ау, тым болмаса.

1979



\* \* \*

«Мұдірмес жақ, сүрінбес тұяқ болмайды»,  
Мен емес-ау, халқым айтқан ол жайлыш.  
Осал жерін мойындаған мықты ғой,  
Тек ақымақ кемістігін қорғайды.

Талай жерде көргенімнен сондайды,  
Көңіл-теніз толғайды да, толмайды.  
Қателігін жетістік деп зорласа,  
Шаңқай тұсте құн тұтылыс орнайды.

1979

\* \* \*

Анам өлді.  
Келді ақ сүтін ақтағым,  
Сен де кеттің, арманымнан қайтпадым.  
Қай мінімді сөз етсең де сыртымнан,  
Жетімнің де көбейерін байқадың.

Ауыл қалды.  
Астанаға аттандым.  
Студент боп, кенші болып шаттандым.  
Сен мен жайлыш не десең де сөкпеймің,  
Мен сен жайлыш теріс сөзден сақтандым.

1979

## ҰСТАНЫМ

Жадымда қиял құсы ғажап үшқан,  
Жолаушы болып келем жаралыстан.  
Төрімнен ауыл шеті басталады,  
Аулымнан басталады Қазақстан.



---

Жас анам, бар жақсылық бастамасы,  
Ол – менің көкірегімнің астанасы.  
Тұған ел, тұған өңір –  
Бөрі әміршім,  
Жоқ менің тірлігімнің басқа бәсі.

1979

\* \* \*

Ұлытау барсаң ұлар бар,  
Ұларға біздей құмар бар.  
Ұмыту қызын болған соң,  
Үйқысыз досы жыр арнар.

Кен дала теңіз телегей,  
Тау кербез өрде кемедей.  
Ұларым, мені сағынсан,  
Кемеге соқпас демегей.

Досың да тірі адам ғой,  
Келеді сені тез көргім.  
Ақкуды аңсал барам ғой  
Жағасына Қоскөлдің.

\* \* \*

Тағы да есенгіреп қалдым да бір,  
Жоқ жерде жылы шуақ жаудың ба нұр?  
Құн түскен айдын көлдей мейірленіп,  
Ай қабақ дидарың алдымда тұр.

Қара көз жаудыраған өлегі көп,  
Өзгеден неге тұрсың әрегірек?  
Шау тартып қалдым ба деп қаймықпаши,  
Көріндің бұрынғыдан әдемірек.

1979



## РУХЫҢ СӨНБЕС, ЖАН АФА

(Жәлел Қизатовқа)

Асылдарды байқа, достым, іргенде,  
Адам, шіркін, барын сыйлай білген бе?  
Қызылжардың қыран ұлын хас батыр  
Кездестірді Сыр бойында жүргенде.

Сыйластық та, қимастық та арада  
Мол еді ғой ой салатын санаға.  
Сексеніңе аз ғана күн қалғанда  
Мәңгі үйқыға аттаныпсың, жан аға.

Жәлел, Мөлік, Бауыржан мен Рахымжан,  
Үлгі едіндер шырғалаңға шақырған.  
Есімдерін бұл ғаламда сақталар,  
Тұғыр алған жиырмасыншы ғасырдан.

Қан майданда болмасам да шайқаста,  
Бейбіт күнде түстік талай байқасқа.  
Жәлел аға – шымыр дене, дембелшең,  
Қатар жүрді Арал үшін айқаста.

Сан жиында Мәскеуде де көрген ем,  
Танымасқа тұра білді көлденең.  
Кішігірім шенқұмарлар шыр бұзса,  
Сол еді ғой шырқау шыңға өрлеген.

Егде күнде мұқалмады ерлігі,  
Дауылпаз ғой қыза түсер жел күні.  
Жәлелдермен жалауын тік көтерді  
Қазагымның төуелсіздік, елдігі.

Айбыны зор айтар дерек мол тағы,  
Желтоқсаншыл жұлдыздарды қолдады.  
Асыл аға қан майданға кіргендей,  
Жас жалынның аруағын қорғады.

Мейірімді еді жібітердей кесірді,  
Өз өкпесін Қызылжарға кешірді.



Қанша айтсаң да жаны жайсаң ақын ғой,  
Сағынатын көк толқынды Есілді.

Мен де толқып,  
Жүрген ұлдай өскерде,  
Тұған елді көп айтушы ем Мәскеуде.  
Өуелетсем талай өлең шырқауын,  
Құс жолына ұластырыды көп перне.

Жаңа өлеңін жазған Жәкең кешегі,  
Оқығанда сыр қаулайтын көшелі.  
Ұшқын сөзі «Катюшаның» оғынданай,  
Жарқыл қағып сонда жүрек теседі.

Мәскеу жақтан самолетпен қайтқанда,  
Кез ілмеуші ек тұні бойы, ақ таңда.  
Батыр Баян секілді боп кететін  
Мағжан аға аңыз, назын айтқанда.

Есіме алсам толқымалы жырыммен,  
Сәт оралар жанарынан нұр ілген.  
Айтқызбай тұр емін-еркін бәрін де  
Көздің жасы қылқаламға ілінген.

Отырмаймын салт қамшыны ширатып,  
Ол батыр ғой қайтқан жауды қиратып  
Бар қазаққа бесененеден белгілі,  
Жетіп жатыр деген бір сөз Қизатов.

Содан болар, ұзақ сөзді тежедім,  
Тағдыр ісін тұра келген сеземін.  
Жәлел аға, төсінде Алтын Жұлдызың  
Кең аспанға берді сөнбес кезегін.

Рухың берік.  
Қазаң елді жыллатты,  
Ақ арулап Сыр тебіренип ұзатты.  
Періштедей жан едің сен, пейіштен  
Берсін Алла саған мәңгі тұрақты.

23.02.2000



## ЖЕЗҚАЗҒАНҒА

Мұнаралы қарасам шахталарға,  
Жонда жүрген ұқсайды ат-құнанға.  
Әне біреу алыбын атан дерсің,  
Кіріп кеткен өркеші ақ тұманға.

Мыс заводы көз алмай мүржесінен,  
Кешкі самал лебімен бірлесіп ем.  
Күн ұласқан сияқты жарқырады,  
Мыс төгілсе конвертор шұңгесінен.

Қапы қалып көрмедім, бәйгем кетіп,  
Бір көргенде қалардай жанды емдептіп,  
Жезқиіктер ойнап жүр шың басында.  
Табиғат та үйренді көндігуді,  
Ей, немерем! Өзің біл өндіруді –  
Біз ашқан кен жетеді мың ғасырға.

1981

## КЕНШІЛЕРДІҢ ҚАЛАСЫНДА БІЗДІҢ ҮЙ

Кеншілердің қаласында үйімде  
Үйреніп ем талай құтты үйірге.  
Дәл қасында бүгін қатты тебірендім,  
Тұргандай боп баяғы жас күйімде.

Сырты сұлу адам көңіл бөлгендей,  
Шарбағы да өзім қолмен өргендей.  
Ауласына жанұшырып қараймын,  
Ойнап жүрген ұл-қызыымды көргендей.

Әр бөлмесін демесем де жүз аттық,  
Берді тағдыр бар қызығын ұзак қып.



Тұыстан да артық еді көршілер,  
Тап осы үйден балдызымды ұзаттық.

Қанат жайдық. Өріс тауып ысылдық,  
Інілердің ержеткенін түсіндік.  
Әшірбек пен үйленгенде Қайыркен,  
Құтты төрге келіндерді түсірдік.

Бар асылын мейманына сақтаған  
Ел дәстүрі берді талай сәт маған.  
Аз болатын азаматтар киелі  
Бөйбішемнің қолынан дәм татпаған.

Өмір қызық жан толқытқан назымен,  
Осы үй жебеп кен асылын қазып ем.  
Сері күнде Сарыарқаны аралап,  
Осынау үйде «Жезкиікті» жазып ем.

Тәубе деймін, балаларым ержетті,  
Аралап жүр өз бетінше жер-көкті.  
Немерелер қанат жайды бұл күнде,  
Армандаимыз шөберені көрмекті.

Дәл осы үйден шеру тартып ғасырға,  
Өрге үмтүлдым қанаттанып жасымда.  
Жезқазғанға келген сайын есіркеп,  
Тұрып қайтам құтты үйдің қасында.

15.01.2005.  
Астана

## БАЛДЫЗДАР

Балдыздар, жайнаған алтындар,  
Сендерде сиқырлы қарқын бар.  
Жол-жора дайында берейін,  
Қашан той боларын айтындар.



Балдыздар, балдыздар, балдыздар,  
Балбырап балқыған сал қыздар.  
Жер-жаян жаңарып кетеді  
Жас отау құрғанда жалғыздар.

Балдыздар, жер-көкті барландар,  
Сендерді аңсаган сайран бар.  
Жігіттің сұлтаны тамсансын,  
Өн шырқап, би билеп зауландар.

Жас отау сыйлағыш салтым бар,  
Өүлетке сән беріп шалқындар.  
Мол дәүлет тілеймін, зор бақыт,  
Ән күнге ақ тілек артындар.

2005

## ДОМБЫРА СЫРЫ

Қазақтың сәні – домбыра  
Думанды тойын ашатын.  
Қазақтың жаны – домбыра  
Мұны мен шерін басатын.

Адамға дәру күмбірі,  
Баураған кіші-үлкенді.  
Бойдағы дерттің білгірі,  
Жөндейтін тозған жүйкенді.

Наз айтады домбыра,  
Арудай әні келісті.  
Азайтады домбыра  
Жүрекке батқан берішті.

Екі ішек үні талмайды,  
Үзілмес төтті үміттей.  
Ғашықтық тілін жалғайды,  
Құмартқан қызы мен жігіттей.



---

Сегіз перне сезімтал,  
Қос ішектің үнін жебеген.  
Өрбітер өуен өрімтал,  
Құйғытар құйші көреген.

Қияға құстай ұшыrapar,  
Домбыра – әншінің қанаты.  
Шекітіп, қағып құлшынар,  
Басылмай іңкәр тағаты.

Шешен де тапқыр қатарда,  
Төсөлген ұлттық мол мұра.  
Ауадай қажет қашанда  
Бір үйге бір домбыра.

13.07.2007.  
Астана

## МАЙРА ИЛИЯСҚЫЗЫНА

Әншінің бәрі сұлу ақын үшін,  
Сүйеді күміс көмей татымдысын.  
Жырыма қанат байлап, әнгे қосса,  
Әлемде сол емес пе жақын кісім.

Тәтті әуез қалықтаса легімен,  
Тұған ел саған, Майра, тілегі кең.  
Тетігін сиқырыңың ашық айтам:  
Шырқайсың әнді толық жүргегіңмен.

Жан баурап тез лексең назарыма,  
Құмартақан көзім емес ажарыңа.  
Елтімін, тебіренемін, толқып кетем  
Әсем ән бой балқытқан ғажабына.

Ор мінез ән дүлдүлін елемес кім,  
Адамды тың сарынға бөлеп өстің.



Майрасың Ілиясқызы атың үстем,  
Ешкімнен бұлбұл туған кем емессің.

Кереку Майра десе елестей ме,  
Есімін алып үшқан жел еспей ме?!

Аруағы ұлы әншінің жебеп жүрсін,  
Шақырып жана занғар белестерге.

Самғауға құмар келер ақын ағаң,  
Ұнайды үшқыр өуен заты маған.  
«Алматы вальсіне» билеп кетем,  
Құлпыртып сен шырқасаң сахнадан.

Өзендей Алатаудан сарқыраган,  
Ұмытып егделікті қарқын алам.  
Жұлдыздай жарқыраган көрінесің,  
Тірі жан қалмас сонда шалқымаған,  
Беу, халқым! Әнші деген – алтын адам!

Әншінің бәрі – менің тілектесім,  
Жанданам жырым отты үн еккесін.  
Майрасы Ілиястың, шарықтай бер,  
Қызың түгіл, жігіттер де ілеспесін.

10.10.2002.

Алматы

## ӘН САЛСАН...

(*Кайрат Байбосыновқа арнадым*)

Ән салсан Қайраттай сал аңқылдатып,  
Қызыққа естіген жан қалсын балқып.  
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Үбырай  
Сарынын бәз қалпында қарқындарып.

Әсеттей Қорланды айтқан еркін шалқып,  
Дауысың шықсын майда көлкіп-қалқып.



---

Мазасыз махаббаттың сырын ақтар,  
Сұлулар қайран қалсын елтіп-балқып.

Өн салсаң Қайраттай сал тереңдетіп,  
Сұлу өн сиқырына өрең жетіп.  
«Гәккулет» көңіл толқып, жан шыдамай,  
Алқа топ қосылғандай ере кетіп.

Заулап қал, көп киіктей дүбірлетіп,  
Жеткендей тойлы ауылға іңірлетіп.  
Қалқаға айтарыңды аңы әнге қос,  
Сілтеп қал, барады ғой ғұмыр өтіп.

18.07.2012.  
Астана

## ӨН КЕРЕК

Өн керек тату достай наз айтатын,  
Әл беріп, бойда дерпті азайтатын.  
Қоштасып, құстар көктен қимай қарап,  
Мезгілдей аққу бастап, қаз қайтатын.

Өн керек өлдиімен тербететін,  
Көкіректен жан қинаған шер кететін.  
Құлшынтып құмарыңды бір қандырып,  
Тәуекел көкке құлаш сермететін.

Өн керек «бар» мен «жоқты» сұрыптастын,  
Ұлтыңың ұлағаттар ғұрып-салтын.  
Гүл сезім көңіл төрін жаулап алыш,  
Бір сезін көз жұмғанша ұмытпайтын.

Өн керек сұлу қыздай табындырған,  
Сездірер дабылсыңды сағым қырдан.  
Алыстан ақ дидарын көз шалғанша,  
Жан-тәнің ойран салып қағындырған.



Өн керек тілге тиек ілдіретін,  
Сыбырлап ғашықтармен бір жүретін.  
Алдында ақбоз үйдің асыр салып,  
Жас бала қозы қуып күлдіретін.

Өн керек алқа топты дүрілдеткен,  
Аламан мәресінен дүбір жеткен.  
Оңаша қызды көріп көп қызықтың,  
Есінен бірі кіріп, бірі кеткен.

2012

## АРҒАНАТЫ

Атыңа жаным құмар, Арганаты,  
Көшпелі ел азық тапты арыған аты.  
Ұлытау етегінде ұлы жерсің,  
Атыңа серік болған өн қанаты.

Сарыарқа шөл даламен көпір еткен,  
Есілден ақ қайындар шеті жеткен.  
Қоскөлдің аққу-қазы саңқыл қақса,  
Көкшетау көлкіп өткен көкіректен.

Баяғы тарихыңа етсек байлау,  
Баласы аргын, найман етті жайлана.  
Ерденге ер қанаты себің тисе,  
Тайжанға сенен келді мінез қайрау.

Үш жүздің асылдары тоғысқан жер,  
Қалмақпен қайсар бабам соғысқан жер.  
Абылай орда тіксе Қенгір бойлап,  
Ұлытау қорған болды арыстан бел.

Көтердің Қаныш аға қуат-күшін,  
Жезқазған аспандатты зиятты ісін.  
Мен ушін кенші болып тас қопарған,  
Жүректің бір бөлшегі сияқтысың.

18.07.2012



## ЖАНАРТАУ, СӨНБЕС ЖАЛЫНЫҢ

(Ескендір Хасанғалиевке)

Ақтандарсің, Ескендір,  
Әнінді қазақ жаттаған.  
Сұлу саз болып көшкен нұр,  
Бабалар рухын сақтаған.

«Атамекен» – әнұран,  
«Алтын құм» – әлем білген ән.  
«Ақсұңқарың» – ән-қыран,  
«Елігің» – жүрек тілген ән.

Жаралған жастай таң сүйгіш,  
Нәр алған күннен дарынсың.  
Көкірегің сұлу ән құйғыш,  
Жанартай, сөнбес жалынсың.

Құш-қуатың дін аман,  
Тұлғаң да тұзу сырыйттай.  
Өмірің қызық роман,  
Жүректі қоймас жылытпай.

Болды ғой, шіркін, әр маңда...  
Қызығып көз салғаның.  
Ақылды ісің жалғанда –  
Дариконы алғаның.

Әр күнің зор мереке,  
Жарқырай берсін шырайың.  
Сыйлады құт-береке  
Біржанды берген Құдайым.

Биікте дара өскен гүл,  
Баулыған бұлбұл құс таңдал.  
Дарико, Біржан, Ескендір –  
Бір ұяда үш тармақ.

08.03.2005



## АУЫЛ КЕШІ КӨҢІЛДІ

(Хайдолла Тілемісовке)

«Ауыл кеші көңілді» боп самғады,  
Абай өнін Нұрғисалар жалғады.  
Сол өн жинақ қазақ үшін басы ашық  
Хайдоллаға ескерткіш боп қалғаны.

Жігіт екен жұпар кіндік, тұнба сыр,  
Кең таратты сұлу сазды нұрлы, асыл.  
Бек толқушы ем елден шалғай жүргенде,  
Ауыл көшіп келердей-ақ жылма-жыл.

«Айдал салдым жылқымды ақ қауданға», –  
Деп шырқаушы ек жетердей кең жалғанға.  
«Жамбас сипар» еске түсіп кететін,  
Құрбыларға еркелеп қол салғанда.

Ақан сері «Құлагері» арқырап,  
Шемші өні боп Сыр толқыды сарқырап.  
«Жезкиік» те жүйткіп жүрді ел кезіп,  
Сол жинақта жез қанаты жарқырап.

Ширек ғасыр басқарғанда «Қайнарды»,  
Баспагердің төріне құт байланды.  
Ауыл кеші тірлігі мен тынысы  
Тағдырының талғамына айналды.

Жұлдызы ыстық дос-жаранға адал жан,  
Мейірімді еді қолғабысы сан алуан.  
Ол түскен жоқ өуресіне атақтың,  
Тойымды еді Тобылдай тоқ жаралған.

Қылқаламнан тапты аңсаған тілегін,  
Сұлу сазбен емдеп жүрді жүрегін.  
Қазақ өні Қадір түнін молайтқан  
«Қайнардағы» Хайдолла деп жүр едім.



Ауқымды еді құштар құсын кең ілген,  
Қазанат қой, желіс бүзбай жегілген.  
Отырғандай бүгінгі ауыл тебірентіп,  
Тілге келмей жүріп кетті өмірден.

Үйлестірген жаңа менен ескіні,  
Бірлестірген дарақы мен естіні.  
Мығым жүрген жердің бетін нық басып  
Есте қалды ойлы, маңғаз кескіні.

2000.

*Алматы*

## БАТЫР

*(Сағадат Нұрмагамбетовке)*

Ешқашан батырмын деп жар салмаған,  
Адам жоқ Сағадатқа таңғалмаған.  
Қазақтың көзін жұмды батыр ұлы  
Кеңсесін Гитлердің талқандаған.

Әр сарбаз ұмтылса өз шешімімен,  
Күн туды жаудың үні өшірілген.  
Рахымжан Рейхстагқа ту тіккенде,  
Сағадат кірді атойлад есігінен.

Ер еді асыл, бекзат, зиялды, адам,  
Қалайша оны өлімге қияды адам?  
Жасынан жауға шапқан қайсар еді,  
Батырлық, даналық пен ұялаған.

Елбасын сын сағатта қолдағанда,  
Тағы да басты берік оң қадамға.  
Қорғаныс министрі болды тұнғыш  
Еліме Тәуелсіздік орнағанда.



Берсе де Алла сонша құзарт қүшті,  
Сүм ажал өкетем деп үзак қысты.  
Сарыарқа саңдағынан айырылды,  
Алатай бір жартасы құлап түсті.

Қимайды оны өлімге көңіл деген,  
Отырмын мұң бөлісіп елімменен.  
Алды жарық, иманы серік болсын,  
Осы екен гой опасыз өлім деген.

## МЕН СҮЙГЕНДІ ЕЛ СҮЙДІ

Ақындық кеншілікпен тел табысқан,  
Қос өнер – қос қанатым ел қонысқан.  
Әрі жар, әрі сепшім, сен ортақсың  
Менде бар қуат-жігер, ар-намысқа.

Аралдық болып кеттік кеңгірліктер,  
Сыйып түр жүрегіме ел бірлікten.  
Қызықты, қындықты тең беліскен,  
Табар ма ем сенсіз бақыт мен тірлікten?

Тенеуші ем киікке де, маралға да,  
Жоқ емес айтар сөзім табар жаңа.  
Сарыарқа келінім деп сыйлап еді,  
Жарасты жеңгелігің Арапға да.

1989

## ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖЕТПІС ЖАС!

(Зайролла Дүйсенбекұлына)

Құтты болсын, Зайролла,  
Жеткенің биік белеске.  
Орта жас деген қақ жолға  
Ту тіккен күнің емес пе!



Заманда жүрміз сөні бір,  
Иншалла, тағдыр қолдады.  
Не десек те бәрібір,  
Ақсақалдық берік орнады.

Сәтбаевтың сенсің інісі,  
Есенберлиннің туған бажасы.  
Үрпақсың ұқсас жүрісі,  
Ешкімнің болмас таласы.

Жадында жердің қалауы,  
Далашыл, үлтышыл жүрегің.  
Тәуелсіздік жебеп жалауы,  
Әділдік болды тірегің.

Жайқалып тұрған ел үшін  
Бұтағы қалың терексің.  
Тасқынданай берсін мол күшің,  
Халқында әлі керексің.

Көрінбес өңің жүдеу бол,  
Аласармас шоқтығың.  
Білдірмес ел-жұрт сүйеу бол  
Гүлбаршының жоқтығын.

Заяға уақыт өткізбес,  
Әр күннің сөтін таңдайды ер.  
Құтты болсын жетпіс бес!  
Сұңқардай өрге самғай бер!

18.10.2012

## АСЫЛ АНА ЗИРАТЫНДА АҚ ҚАЙЫҢ

Аралап Фазыл елін барғанымда,  
Шарбақкел көрдім ескі шарбағын да.  
Көз тартты зор ақ қайың зират жақта,  
Жайқалған жас қайындар жан-жағында.



Өuletke Алла берген жанашырдай,  
Басында ардақты ана ағашын-ай!  
Ақ қайың Фазыл еккен жан баурайды,  
Тоқсаннан асып өткен анасындай.

Көңілдің қоштасқанда табылды емі:  
Егіліп бір талшыбық қалып еді.  
Бойы зор, жапырағы мол ақ қайыңға  
Бұл күнде табынады қалың елі.

Балқытар нұрлы шуақ күн көзіндей,  
Шалқытар жылы лебі гүл-сезімдей.  
Жамылған жасыл желек көрінеді  
Меккедегі мешіттің құмбезіндей.

Әнді ағаш – бұлбұлдары сайрап тұрған,  
Сөнді ағаш – сөүле жұтқан әйбат нұрдан.  
Жанды ағаш – қарт ананың дәл өзіндей,  
Жас үрпақ болашағын ойлап тұрған.

Жұмаги таза желмен таранғандай,  
Бауырында Ана-қайың самал қандай!  
Нәр алған бүршігінен жас өрімдер,  
Өсіп тұр бір анадан жаралғандай.

Алыштың құрмет етсек анасына,  
Нар екен басында өскен ағашы да.  
Нар болды мұң-наланы ұмыттырған  
Фазылдай дара туған баласы да.

2006

\* \* \*

Алпыстан асқан жас болмас,  
Жөн табар мың бір тілегің.  
Арулар аса қас болмас,  
Үрлата салар жүрегін.



Жетпісте жүрдім желпініп,  
Жас емес, әрі-сөрі боп.  
Қалса да жылдам жел тиіп,  
Серілік бітпес нәрі көп.

Сексенге жеттім серпіліп,  
Тағдырдан көрмей тапшылық.  
Қалғам жоқ оқыс мертігіп,  
Сабада сарқыт баршылық.

Қызыны шабыт жоймаймын,  
Тергендей еңлік гүлдерді.  
Сөз қазған сәтте ойлаймын  
Жез қазған кенші күндерді.

Тірлікten қалмас көңілім,  
Болса да журек жарапы.  
Ендігі өлең – өмірім,  
Тоқсанга көзін салады.

Толагай қоймас санаспай,  
Тоқсанның қалың орманы.  
Тоғайдан сол бір адаспай,  
Толғанып өтсем болғаны.

17.03.2012.  
Астана

## АРМАН-ФҮМЫР

Сенен артық көрмедім сымбатты адам,  
Ашық еді жанарың мұң batпаған.  
Көгілдірі аққудың секілді едің  
Кек толқынның құшағы құндақтаған.

Жазғы түнді ақ сәуле сүйылтқандай,  
Жұмсақ, шағын ақ жібек иық қандай!



Ақ төсіңе Ай нұры түсуші еді,  
Алақанға ақ уыз ұйытқандай.

Киік тұлғаң қызық-ау бұлғақтаған,  
Жарқ еткенің алдында қымбат маған.  
Сағыныштың әуресі бітпейді екен,  
Ақ жүзінді бір күн жоқ жырлатпаған.

Басылмайды жүректе қалған дүбір,  
Осы екен ғой таусылмас арман-ғұмыр.

1992.  
*Еңбек ауылы*

## АРНАУ

(*Қызылорда қаласындағы №23 орта мектепке  
Ж. Қизатовтың аты берілгенде*)

Өжеттікті мінез етіп сайладың,  
Ерлігіңмен берік қазық байладың.  
Өзің өтсөң, рухың қалды артында,  
Жәлел аға, міне, қайта жайнадың.

Ел құрметін ардақтап та, жөптеп те,  
Қуаныштан өз жүрегім көктеп те,  
Келіп тұрмыз қаумалаған халайық  
Қизатовтың атындағы мектепке.

Көз алдында жайқалғандай көк егін,  
Жауқазын жас балдырганды көремін.  
Алма-кезек оқып жатты балалар  
Батыр аға – ақын аға өлеңін.

Сөз келгенде айттым алғыс оларға,  
Одан артық көрімдігім болар ма?!

Жыр жинағын жана шыққан сыйладым,  
Жас мұражай іші өлеңге толар да.



---

Білім төрі тапты құтты жарасым,  
Лайық екен ағамызға нар асыл.  
Сәнді мектеп,  
Мұрагат жаңа тақта да  
Көркейіп түр Қызылорда қаласын.

Құрмет етіп 80-дегі жасынды,  
Әнмен, құймен, бимен шашу шашылды.  
Жәлел аға, дән разы бол осыған,  
Өлместікке үлкен белгі ашылды.

07.05.2001.  
Қызылорда

## ЕСЕНБЕРЛИН КІМ ДЕСЕН...

«Фасырдың көркін құраған  
Екі-үш қана роман», –  
Депті Пушкин кезінде,  
Сол үгым әлі дін аман.  
«Абай жолы», «Ботакөз»,  
«Көшпендер» болар сөз.  
«Тар жол, тайғақ кешу» бар,  
«Қан мен тер» ойға қонар тез.  
«Алмас қылыш», «Жанталас»,  
«Қаһармен» туды сан талас.  
Өрт лаулады көңілде,  
Дерт қаулады тарқамас.  
«Көшпендер» тармағы  
Қырандай көкте самғады.  
«Қаһарды» оқып бар қазақ  
Жүректерін жалғады.  
«Көшпендер» бұтағы,  
Жеке-дара үтады.  
«Қаһар» болды әр үйдің  
Сүйсініп оқыр кітабы.  
Айдынға бүрдым кемемді,



Сескентпес қарсы жел енді.  
«Қаһарды» оқып түсіндік  
Ұлттық сезім дегенді.  
Ашылды жабық жылғалар,  
Жарқ етті сөule нұр жағар.  
Бой жазып көзге көрінді  
Ел көркі ұлы тұлғалар.  
Ардақты есім – Абылай,  
Кенесары, Наурызбай,  
Бөгенбай мен Қабанбай,  
Ақжолтай батыр Ағылай,  
Қолдауға жүрген жарымай...  
Кеңестік сарын зілденді,  
Ұлттық ұғым именді.  
Аз біліп өстік Қазыбек,  
Әйтеке, Төле билерді.  
Өжеттік билеп санасын,  
Жер мен көк ашты арасын.  
Есенберлин паш етті  
Туган ел талай данасын.  
Тебірентті қазақ баласын,  
Жайнатты саңлақ дарасын:  
Сойылымен қорғаган  
Көкшетау мен Алатау,  
Алтай, Атырау арасын.  
Ой-өріс бұзып қамауын,  
Көтерген елдің жалауын,  
Есенберлин кім десен,  
Дайын тұр айтар жауабым:  
Бодандық тисе кеселі,  
Ашылды шындық еселеі.  
Ол – біздің ұлы жазушы,  
Тарихшылар көсемі.  
Ақылдың салып тезіне,  
Қаратқан елді сөзіне;  
Есенберлин – ғұлама,  
Ұлттық айқын шежіре.  
Кешкен жоқ ол жеңілді,



Намысқа үлттық берілді.  
«Көшпенди́лер» қорғап тұр  
Атадан қалған жерімді.  
Кеңілде қозғап елеңді,  
Толғанды болжап тереңді.  
«Көшпенди́лер» үлгайтты  
Үлттық намыс дегенді.  
Білмestікten арылып,  
Телегей сырға жарыдық.  
Өзімізді өзіміз  
«Қана́рды» оқып таныдық.  
Жорықта берік шатыры,  
Женіспен тынған ақыры.  
Илияс аға – кеменгер,  
Қазақтың қайса́р батыры.  
Тарихта өшпес таңбасы,  
Дауылпаз берік арнасы.  
Есенберлин – ақтангер,  
Махамбет, Мағжан жалғасы.

2005.  
Астана

## АРЫСТАРДЫҢ РУХЫ БЕРИК ҰСТАП ТҰР

Кешкен қасірет өшпей бірге өтеді,  
Көрген қызық ұмыт болып кетеді.  
Жан жарасы іште жабық жатады,  
Дауа бермей қуаныштар жетегі.

Қайғылы адам ойшыл келер журегі,  
Олар өмір оң-терісін біледі.  
Үлтyn ойлаң қасірет шерін шеккендер  
Барша жанға мейірім төгіп жүреді.

Қазақ көрген зұлымдықтар кешегі  
Жүрек шебін кейде қатты теседі.



Үкілі бабам жатқан жерін таба алмай,  
Қатқан беріш қос қабаттап өседі.

Мағжан, Сәкен, Ілиястардың азабын,  
Үнсіз жылап, көрді-ау қайран қазағым.  
Аштық жылы туған тірнек болған соң,  
Бар зардапты көз жасыммен жазамын.

Тәуелсіздік жеңіп ел боп жарастым,  
Жан сырына жасай алар талас кім?!

Айта берем, жалықпаймын айтуда  
Қолдасын деп аруағы Алаштың.

Егемен ел енді армансыз құшсақ нұр,  
О, Жаратқан!

Бақыт жолын үштастыр.  
Жер бетінде қазақ болып қалуды  
Арыстардың рухы берік ұстап тұр.

25.03.2013.  
Астана

## РЕЙХСТАГТЫ АЛЫПТЫ РАҚЫМЖАНДАР

Рақымжан десе, нағыз рақымшыл жан,  
Бауырмал, жат-жааранды жақынсынған.  
Ақ жарқын, өзілге бай ақынжанды,  
Кезі жоқ кеуде қағып батырсынған.

Сырымды көкейіңе түйші, жігіт,  
Рақаңды сүйсөң, мендей сүйші біліп.  
Мығымдар мырза мінез келеді екен,  
Ол – дархан, көкірегі күйші жігіт.

Ел берсе ер ұлына мың қасиет,  
Қастерлеп сақтай білу – ол да өсиет.  
Сол қасиет жеткізді женістерге,  
Қазақ бойын көрсетер сында сүйеп.



Жайпаған жаңған отты шын арыстан,  
Сені көрсем жарылам қуаныштан.  
Рейхстагқа ту тіккен аңыз адам,  
Кезім де жоқ басқаша сыр алысқан.

Кездессем таусылмас сыр үйем сеніп,  
Еркелеп, сағыныштан сүйем келіп.  
Соғыстан оралмаган өз ағамдай,  
Жүремін мақтан етіп иемденіп.

1975

## БАЯНАУЫЛДЫ КӨРГЕНДЕ

Ежелден есіміңе ғашық едім,  
Баурады, Баянауыл, асыл лебің.  
Қаныштың бүйра шашы секілденіп,  
Бұрқырап жатыр орман, жасыл белің.

Ораган сал табигат сыйға қалың,  
Жаннат жер, келісті екен жинағаның.  
Көз екеу болса-дағы, тілім біреу,  
Көркінді жеткізе алмай қиналадын.

Келгендей сұлулықтың базарына,  
Тамсантты ару Ақбет ажары да.  
Бой жазып тау ішінде жатқан қыздай,  
Қызықтым Жасыбай көл ғажабына.

Лұпілі жүргегімнің басылмады,  
Жер мен көк, су мен сәуле – жасыл бәрі.  
Қол сілтеп тасқа шыққан сал қарағай  
Қанышқа үқсан кетті жасындағы.

Бүгінгі бостандықты ырымдаған,  
Кешегі үн береді қыныр заман.  
Айырық – Қерегетас айқындағы  
Балдырған бала Қаныш сырын маган.



Тамсанып қарай берем шың төсіне,  
Бір сүйіп өтіп жатыр бұлт көші де.  
Жас Қаныш тасқа жазған сөзін көрдім  
Үңіліп әрбір үтір, нұкtesіне.

Жан-жаққа таңырқасам күндіз көріп,  
Бітілті тау мен тасқа құндызы көрік.  
Шаттаным айлы түнде кең аспанда  
Жайнаған Қаныш атты жүлдзыз көріп.

Торайғыр көлінен де жүзік тердім,  
Айдында Сұлтанмахмұт жүзін көрдім.  
Бір жылдай панаалаған осы өңірді  
Ақсұнқар Сәкен аға ізін көрдім.

Жасыбай батыр тұрса жол басында,  
Мол сырға қайран көңіл толмасын ба?!

Мәрт мінез Олжабайдан алған екен  
Дүниені дүр сілкінтекен Олжасың да.

Баянтау, жастай ынтық өлкем едің,  
Пай, пай, пай!  
Неткен тажап көркем едің!  
Қаныштай бала күнгі асыр салып,  
Келіп тұр баурайында еркелегім.

09.07.1999

## АЛАТАУДЫҢ АҚИЫФЫ

(*Амангелді Ермекгяевқа*)

Биікте ақын болып самғасам да,  
Әкім боп жердің бетін шарласам да,  
Алдында жайран қағып қарсы алады  
Өзіндей жақсы інілер әрқашан да.



Бойыңа жарасып түр ар биігі,  
Екі көз қырагы екен әр қынығы.  
Құмарттым бір көргеннен мінезіңе,  
Самғауық Алатаудың ақынығы.

Айтыстың атасындай ағындаңдың,  
Тапты ғой ұлы дәстүр бабын жаның.  
Егемен елдің туын тік көтеріп,  
Мәңгілік сөнбес оттай жалындаңдың.

Жігітсің жақсылыққа құмар жаның,  
Бір емес, Сенің асыл мың арманың.  
Әкелді туған елден үлкен алғыс  
Қасымның қос кітабын шығарғаның.

Саялы болсаң елге біткен шынар,  
Жемісің қаулап шықты күткен құмар.  
Аруағы Абылай ханның қолдан сені,  
Жарылғап батыр аунап түскен шығар.

Біреуі алдымызда ақ міндеттің –  
Атағын асқақтату Тәттімбеттің.  
Қасыңа мен де еріп ту үстаймың,  
Тасыған жырмен қосып ағынды екпін.

Осы ғой өміріңің бұла шағы,  
Әр ісің ұлан-ғайыр сыр ашады.  
Дәстүрін туған елдің жалғап жүрсөн,  
Есімің ұлылармен ұласады.

Затыңа атағың сай, Амангелді,  
Бақ құсы тұра заулап саған келді.  
Қашанда шарықтасын, жалықпасын  
Қанатың жарылқаған тамам елді.

2001



## БІРЛІГІН ЕЛДІҢ САҚТАЙЫҚ

Жоғалды ескі жалғастар,  
Өшірді тарих «өшпесті».  
Тағдырлас, сырлас достарым  
Секілді, сирек кездесті.

Фарыш, ғалам алдында  
Демеймін жайдақ, бос қалдық.  
Алғыс айтам тағдырга  
Қазаққа берген бостандық.

Шындыққа болсаң шын көнбіс,  
Алды-артыңа бір қара.  
Бостандықты ел бөлгіш  
Көк бүлікпен былғама.

Байқа, дос, атты таң қандай,  
Салғызбас көне күйіске.  
Атаның құны қалғандай  
Аруаққа бекер тиіспе.

Сұмдықты ескі тастайық,  
Ес жияр құнді білгесін.  
Бірлігін елдің сақтайық,  
Бекітіп бірге іргесін.

1979

## ӘБІШТЕІ АНАСЫНЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Көріп ем талай жүйрік, жорғаны да,  
Көш құрды абзал достар орманы да.  
Солардың шар басында  
Қуанамын  
Әбіштей заңғар қазақ болғанына.



Байтақ ел құрметтесе данасындей,  
Әбіш жүр ортамызда дарасынбай.  
Сүйеді ол үлтын, жұрттын, адамзатты,  
Тоқсаннан асып өткен анасындей.

Базары болса күту қарашиғын,  
Назары жұмақ еді-ау анасының.  
Жалғызын дәл өзіндей сақтасын деп,  
Кларадай баптап кетті жанашырын.

Екеуін ойлап ана көп сақтанды,  
Сезетін сыр білдірмей көзі атқанды.  
Қоштасар сын сағатта...  
Қимай қарап:  
«Әбішті ренжітпендер», – деп аттанды.

Ай маңдай асыл жанның нұры жанды,  
Әлемге жетті өшпестей сырды мәңгі.  
Тек қана...  
Әттең,  
Шіркін, оқыс келіп,  
Сүм ажал Өulet атты ұлын алды.

Барады заман жылжып ілгеріге,  
«Үн» десек, осы естің кіргені де.  
Айтылды мың-мың алғыс бар қазақтың  
Қайғысын қаққа бөле білгеніне.

Бір Алла,  
Жарлығыңа еттік төзім,  
Пендеge қамқоршысың жалғыз өзің.  
Сұраймын ұмытпа деп қарт ананың  
«Әбішті ренжітпе» деген сөзін.

02.07.2013.

Астана



---

## «АҚҚУДЫ» ТАРТШЫ, ҚАРШЫФА!

Сарынға сырлас табындым,  
Жалынға ыстық шалындым.  
Ағынға ынтық бағындым,  
Нұрғиса күйін сағындым.

Сағындым шуақ күлкісін,  
Сағындым ыргақ нұрлысын.  
«Аққуды» тартшы,  
Қаршыға,  
Көргендей қайтқан жыл құсын.

Саңқылдап аққу тамсантсын,  
Қаңқылдап қаздар аңсатсын.  
Там-тұмдап заулат, тамылжыт,  
Көңілдің бұлтын тарқатсын.

Есімнен тандым жабығып,  
Қарайлап қалдым қамығып.  
«Аққуды» тартшы,  
Қаршыға,  
Кетпестей жүрек жарылыш.

Домбыра келді-ау бабына,  
Балбырат, қағыт тағы да.  
Албырт, толқыт, талмаурат,  
Оралтшы шалқар шағыма.

Естіген адам үмсүнсын,  
Махаббат маздар күн тусын.  
«Аққуды» тартшы,  
Қаршыға,  
Нұрғиса күйі құлшынсын.

19.03.2001



## ҚҰТТЫҚТАЙДЫ АТЫРАУ МЕН АҚТАУЫМ

Дұбірімен Геркулестей зор күштің,  
Шахтер қауым батырлармен тең түстің.  
Асқар Алтай теңселгендей екпінмен,  
Шашу шашты толқындары Ертістің.

Еділ – Жайық  
Әнге қосып жан сырын,  
Жырға орады оралғандай жас күнің.  
Жетісудың өзендері желдіртті  
Саған арнап бүйра толқын тасқынын.

Жер бетінде жоқ қой сенің наразын,  
Саба-саба шарап тартты Таразым.  
Ордабасы бата берсе, қосылды  
Қаратаяудай жерabyзы дара шың.

Келе қалса кең айдында шомылғың,  
Шақырады толқындары Тобылдың.  
Қостанайға қос тілекпен қосылышып,  
Қызылжар да сәтін құтті жолыңың.

Елеңдеген болар-ау деп бір тойың,  
Мерейлі үнің масайратты Сыр бойын.  
Сыр сұлулы қыр жігітін сағынды,  
Кездесуге арнағандай жыл бойын.

Байтақ елдің кәрі-жасы қалмады,  
Жер тілегін,  
Ел сөлемін арнады.  
Тас көмірмен жас күніңнен жылытқан  
Барша қазақ жан жылуын арнады.

27.01.2004



## ЕСЕНБАЙ ДУЙСЕНБАЙҒА АЛҒЫСЫМ

*Аллага шын гашықтар пырақ мініп,  
Шырқырап қүштарлығын шырақ қылыш.*

*Қожа Ахмет Иасауи*

Жақсы ақынды жақтап өтер жамағат,  
Сәтті ісіне еттік үлкен қанағат.  
«Пырақ мініп»,  
«Шырақ жағып» қолыңмен,  
Иасауді аударғаның ғаламат.

Әр хикметі ұясындай үлардың,  
Туды оларды ту етуге құмар күн.  
Беделің мол, атың айғақ ақын ең,  
Не де болса Айды аспанға шығардың.

Жүйелі сөз киелі оймен қабысты,  
«Өле сую» дерті саған жабысты.  
Қожа Ахмет жүзін көріп қайтқандай,  
Дана рухы өзіңмен де табысты.

Ол өлемдік төрге күшін баптапты,  
Пайғамбардың аманатын ақтапты.  
Мінәжат етіп ықыласына Алланың,  
Терең ойын сұлу жырмен хаттапты.

Сен көтерсең «Диуани хикмет» қадірін,  
Ел атынан жасағаның тағылым.  
Арыстан бабтың сөзінен алған тәбәрік,  
Жарқыраттың хикметтер шымқай лағылын.

Жылдар өтті, мақтан етер келді күн,  
Жыр-шуақтан жылу алдым мен бүгін.  
«Даналық кітап» сен аударған, Есенбай,  
Қожа Ахмет ескерткіштей ерлігің.



Жұытпайық іштарлықты, ағайын,  
Ұмытпайық қасиетті оқу арайын.  
Ұлықтайық Есенбайдай еренді,  
Нұрландырған поэзия сарайын.

08.10.2008.  
Астана

## БАЛҚАШ ТАҢЫ

Көрдім Балқаш таң атқанда арайын,  
Шолдым кербез Бектауата маңайын.  
Шығыс жақтан көтеріліп алтын күн,  
Жарық төгіп, ашты тойлы сарайын.

Қызық екен көл шетінің ақ таңы,  
Құннің көлге күміс шашу шашқаны.  
Таңғалдырды ақ сөулеге жан бітіп,  
Ақ шабакты қуып бара жатқаны.

Айдын шалқар көрінгендей арай бақ,  
Қонды аққулар жан-жағына қарайлап.  
Құн қып-қызыл, қызғылт тартты су беті,  
Қызыл мысқа ұқсап кетті бар аймақ.

1976

## БАЖАМ ҮЙГЕ КЕЛГЕНДЕ

(Тастай Рыскелдиевке)

Жасымнан көрдім қанша өлім...  
Аз емес назым тергенге.  
Барымды айтпай қайтемін  
Балдызыз бажам келгенде.  
Қайрымсыз қатал қазадан



Мерт болды Жібек дегенде,  
Айрылдық біз де мазадан,  
Жетелеп көп ой тереңге.  
Кеудемде қалмас шыиршық,  
Кем емес қайғым өзінен.  
Ақ маржан шықты бір ыршып  
Азайған жасы көзімнен.  
Жүргегі жылы, жаны нұр,  
Балдыздың еді-ау жақсысы.  
Шырайы шырақ дәрігүл  
Неге өледі жас кісі?  
Жарты жыл әлі өткен жоқ,  
Жанардан жарқыл тоқтар ма?  
Естелік бізде көптен-көп  
Ескертпей айтар достарға.  
Жоғалса жарың Жібектей,  
Күн қайда женіл күрсінбек?  
Орадым жырға жүдептей,  
Бейнесі тірі жүрсін деп.  
Бір үйдің барлап іргесін,  
Жас отау көшін бастап ек,  
Шымкенттен келген шын досым,  
Қайғыңың жартысын тастап кет.

1979

## ҰЛЫТАУФА ТАҒЗЫМ

Кім білсін, шіркін, кім сезді,  
Жүйткісе жүйрік қаламым,  
Ұлытау деген бір сөзді  
Аялап рахат табамын.

Бауырында өткен сан жылдар,  
Бетенсің маған демейді.  
Қасиеті құтты көп шындар  
Жүрсем де қайда жебейді.



Ұл-қызым өсті осында,  
Ұлытау атын жаттады.  
Кез болған сансыз досым да  
Сағынып төрін сақтады.

Киіктер қырда бар сыйлас,  
Жарқ етсе жырым маздады.  
Досым боп кетті жан қимас  
Қоскелдің аққу-қаздары.

Құдіретті дала төрісің,  
Дәстүрі тозбас ескінің.  
Жинасып талай егісін,  
Шалдардан алғыс естідім.

Қаныштың, жас пен көрі де  
Ардақтап, атын еске алар.  
Жоталы жонның бәрі де  
Сағынып, жолға көз салар.

Өмірге берік сеп көрем,  
«Жезкий» жайса атымды.  
Ақтасам, шіркін... деп келем,  
Ұлытау, мархабатыңды.

25.04.2002

## ҚАМСАҚТЫ

Ауылымның өзені алдымда,  
Ол келді... өлде мен бардым ба?  
Балалық базары аңсатты  
Жағанды қалдырған, Қамсақты.

Таусылмай айтар наз іңірден:  
«Үрсады-ау апам...» – деп жүгірген.  
Өзіндей қарайлап жан-жақты,  
Жүгіріп барады Қамсақты.



Алғашқы кездескен кезімдей,  
Жүректе жылт еткен сезімдей.  
Сүйіскен толқындар тамсантты,  
Сыбырлап ағады Қамсақты.

Сен берген ақ түбіт бөкебай  
Секілді желбіреп өтеді Ай.  
Сағындым, сағыныш шаршатты,  
Жағаңа жетсемші, Қамсақты.

## ТАЙҚАЗАН

Бастауынан алақай даңғазаның  
Жарылқанып, ұлғайттым жан базарын.  
Түркістанға қарашы, беу, қазағым!  
Қайта оралды әйгілі тайқазаның.

Тозбаса да жат жерде көнеленіп,  
Қинаушы еді көңілге елең еніп.  
Үнсіз қалды қалың ел баяғыда  
«Алып кетті...» дегенге көне беріп.

Талапайлап есінен танған елді,  
Нелер сүмдышқ өуреге салған еді.  
«Алып кетті» ол күнде келместікке,  
Қазан түгіл, талай сан тарлан ерді.

Қадір тұтсақ қасиетті қазынаны,  
Ата мирас қайырдық азын өлі.  
Қалғандарын осылай қайтарайық,  
Айта бермей таусылмас базынаны.

Бауға толған жемістей қаулап пісіп,  
Ой толқыды санама салмақ түсіп.  
Қожа Ахмет Иасауи жатқан шығар  
«О, тоба...» деп қайта бір аунап түсіп.



## ҰЛТТЫҚ ҚОРҒАН

Әр сөзден көксегенім табылғандай,  
Алады бойға рахат жаным қандай!  
Сүйсініп мен Абайды оқи берем,  
Күнде бір ой шырағы жағылғандай.

Қазаққа жоламастай заманақыр,  
Айтқаны – ақыл-кеңес, санаға сыр.  
Мейірбан, адамсүйгіш ақ тілегі  
Еліме ақ сөуледей тарағ жатыр.

Жұргем жоқ ғашық назын біле білмей,  
Үн қостым артта үзілмес легіндей.  
Абайдың әнін айтсам, жан толқиды,  
Туған ел бірге соққан жүрегіндей.

Кірмедім мен ақындық сапқа бекер,  
Абайшыл пәк тілегім сақтап өтер.  
Өлемдік даналармен қатарласқан  
Ол – нағыз ұлттық қорған мақтан өтер.

2005.  
*Aстانا*

## БҰЛБҰЛДАРДЫҢ БҰЛБҰЛЫ

(Нұржамал Үсенбаевага)

Әнші қандай!  
Асқақ өуен, үн қандай!  
Аққу қонып, айдын жайнап түргандай.  
Баурап алды, елжіретті сұлу саз,  
Бүкіл өлем ән базарын құргандай.

Сайрап тұрды бұлбұлдардың бұлбұлы,  
Алау шашқан ән гүлзарын құрды үні.



Шырқап салды, тік шырқады Нұржамал,  
Деп түрдү жұрт: «Дүлдүлдердің дүлдүлі!»

Жұлдыздарға жетті әуені құз бойлап,  
Желден озып, бұлт төсінде құрды ойнақ.  
Тамылжытты, талмауратты, үзілтті,  
Ән біткенде нұры жанды, жүзі ойнап.

Шексіз дауыс қол бұлғаған армандай,  
Болды әншіні сан әуреге салғандай.  
Көзі ойнады, өзі де бір шаттанды,  
Шыңға жетіп әрең тірі қалғандай.

Үшқыр мезет, құштар ыргақ үзіліп,  
Кетер деп ем жан тылсымы үзіліп:  
Ән тынғанда... құс жолындай кесіліп,  
Әр жүректе үні қалды сзызылып.

07.07.2008.  
Астана

## ҚАРАҒАНДЫ, ШАРЫҚТА!

Сарыарқаның астанасы атанған,  
Бұқар жырау, Тәттімбеттен бата алған,  
Қаз дауысты Қазыбектің елісің,  
Қара шаңырақ озып шыққан қатардан.

*Қайырмасы:*

Жезқазған мен Балқашың,  
Теміртаулы алқасың.  
Тәуелсіздік өрінде  
Нардың жүгін артасың.  
Қарағанды, шарықта,  
Бүкіл әлем байқасын.



---

Қайнарысың ерен-ғайып табыстың,  
Айғағысың, алыштармен жарыстың.  
Кен барлаудың сенде тапқан тетігін  
Аймагысың ел данасы Қаныштың.

*Қайырмасы.*

Өнерпаздар өнегелі – өрісің,  
Өн мен күйдің бесігіндей серісің.  
Ақындықтың ақсұңқары дауылпаз,  
Қарағанды, сен Сәкеннің елісің.

*Қайырмасы.*

Өмір жолын сенде тұңғыш бастаған,  
Құшагында туды талай жақсы адам.  
Қарағанды, құтты төрсің әйгілі  
Нұрсұлтандай Елбасшысын баптаған.

*Қайырмасы.*

19.05.2013.  
Астана

## МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВКЕ

Мырзатай атты мырзаның  
Маңайы құтты, нұрлы ағын.  
Мейірбан, жылы шырайлы,  
Қараашы күліп тұрганын.

Елім деп соққан жүрегі,  
Намысқа бастап жүреді.  
Ол – Абайшыл жарагалған,  
Ар-намыс берік тірегі.

Замандар мәңгі бағалар,  
Құлтегіншіл ғұлама саналар.



Ол – айбынды ақтангер,  
Бауыржан тектес қара нар.

Жамбылшыл ескен наз үні,  
Ол – халқымның әз ұлы.  
Тамыршысы тарихтың,  
Мемлекет алтын қазығы.

Талай іс сөтті тынды ірі,  
Тізбекке сыймас мың бірі.  
Ол – сансызың қырлышы, бір сырлышы,  
Қазақтың асыл дүлдүлі.

Жақсылық толы тілегін  
Алыстан шолып білемін.  
Ерекше қатты сыйлаймын  
«Жезкийкішіл» нәзік жүргегін.

Мырзеке, осы айтарым,  
Сенімді дос деп байқадым.  
Құтты болсын жетпіс жас,  
Әкелсін шаттық әр таңың!

27.05.2007.  
Астана

## ЖАҢААРҚА – ӨНЕР ОРДАСЫ

Аудан дейміз аты өйгілі аймақты,  
Алтын аймақ әсем көркін жайнатты.  
Осы жерде бүгін өнер ордасы,  
Көріп тұрмын сүт бетінде қаймақты.

Шөл мен дала Жаңаарқада белдеуі,  
Содан молдау төрт мұлік мал төлдеуі.  
Сылқыл қағып бара жатыр Сарысу,  
Жарқ еткендей Дайрабайдың белбеуі.



Орман, дала, өңкей сұлу қырқалар,  
Көзің шалса, жүргегінен жыр тамар.  
Жігіттері тартып туған Сәкенге,  
Сұлулармен әудем сәтте тіл табар.

Қалдық, шіркін, Иглікке зәру бол,  
Шырқауышы еді-ау бойда дертке дәру бол.  
Жағыпардың «Сағынышын» төгілтіп,  
Қорабайды іздемейтін ару жоқ.

Бір тыңдасаң есте мәңгі сақтайтын,  
Күй қалды ма Мұхамеджан тартпайтын?!  
Қазағымда мақтан етпес өнші жоқ  
Ақселеудің «Дөурен-айын» айтпайтын.

Қайраттары Біржан салша сайраған,  
Бекболаттар – жаңа қарқын қайнаған.  
Сал-серілер бүгін, достар, осында  
Баяғыда Қекшетауды жайланаған.

Жаңаарқаны мақтан ету жетегі,  
Ата мирас тым аулаққа кетеді.  
Соның бәрін ұзақ сонар тізбей-ақ,  
Сейфулиннің елі десе жетеді.

25.08.2009.  
Астана

## ҰЛТТЫҚ ҮМІТ

(Асқар Егебаевқа)

Жырға орасам жақсыны өңім кірер,  
Орайлы сөз қызын-шабыт төгілдірер.  
Ақындар көп, сыншы да, ғалымдар да,  
Некен-саяқ Асқардай өнімділер.

Халқым сүйген қадірлі қаламгерім,  
Жақындығым – ақындық саған менің.



Елден шалғай жүргенде есендікті  
«Жезқиікпен» жеткізген ағаң едім.

Жарқыратса шырағын жалын күнің,  
Таңғалдырды ғұлама ғалымдығың.  
Айды аспанға шығарып, тартып тұрсың  
Елу деген ақбоз ат жалын бүгін.

Ерен-ғайып еңбегің, өтімдісің,  
Тапты өтеуін ақжолтай нөпір күшің.  
Терең толғап, Абайша сез зерлеген  
Ахмет аға інісі секілдісің.

Көп түгендер, көтердің ауырымды,  
Даңғазасыз дарыттың дабыл үнді.  
Таным тіні, түркілер нағыз тілі,  
Түптен тарттың ежелгі дәүірімді.

Талай жылдар тер төгіп өлектенсе,  
Ғасырлардан түзілттің дейектеме.  
Қырық тармақ ұлт-ұлыс ұлағатын  
Еларалық сыйғызыдың әдепке де.

Іңкәр зәмзәм үмтүлсан құбырына,  
Түсті қырда құландар құрығыңа.  
Томағалы түйиқтан талмай өтіп,  
Таңба орнаттың сезстану ғылымына.

Көрсөң бүгін өресін биік төрдің,  
Том-том кітап – жоралғы жиып келдің.  
Өз қалтаңа көк тиын түспесе де,  
Бар байлықты ел-жұртқа үйіп бердің.

Жамбас та емес, бас та емес, үттүй жілік,  
Сенен күткен ақталды ұлттық үміт.  
Машрыққа «Манастай» мәшінүр болған  
Тапты ежелгі топырағын «Құтты білік».



Баласағұн, Қашқарі сені ортага  
Салып алып кіргізді кең ордага.  
«Аманатың» әкелді жыр гаунарын,  
Желкен жайып, желбіреп жер ортада.

Іс тындырған үндемей жігіт дана,  
Жымиясың Мұхтарша құліп қана.  
Асқар шыңға, Асқарым, шарықтай бер  
Бұйырғанды бұлтартпай іліп қана.

Екі келмес елудің сырлы мәлім,  
Мылтық оқтап аңға шық жылына бір.  
Гүлжинаанның гүл бітсін құлағына,  
Сопы болмай, солға да бұрыла біл.

Талма, Асқар, үйренген желеуіңнен,  
Тілек қосар дос-жаран сені білген.  
Салтың берік, қарқының сарқылмасын,  
Құттықтайдын шаңқай тұс – елуіңмен!

22.03.2000.  
*Алматы*

## АСТАНАДА EXPO-17 КӨРМЕСІ

Женіп алған EXPO-17 көрмесін,  
Астана, даңқың ғарыштарға ерлесін.  
Айғақ етсек әлемге әйгі салтымен,  
Елге қонар бақыт құсы төрлесін!

Болып едік егемен ел тап кеше,  
Жасқанбаймыз тағдыр алға тарт десе.  
Мәлтілдегіп алып келсін мол ырыс,  
Ақ қымызға лық толғандай ақ кесе.

Бұл көрменің шексіз биік беделі,  
Телегей-теңіз ала білсек берері.



---

Орда жасап, орын теуіп қалады  
Әлемде бар жетістіктер ерені.

Атақ үшін келді деме құр аты,  
Фаламшарлық бұл көрменің мұраты.  
Көп шығынсыз электр қорын молайтар  
Жел, Күн, судың пайдаға асқан қуаты.

Әр мемлекет бар көрсетер сенері,  
Сенерінің жетелейді жеңері.  
Көрме өткен соң  
Бәрі асыл мұра боп  
Туган елдің қазынасына енеді.

Жеңіп алсақ көрме жасау жарысын,  
Оны өткеру қыздырды ел намысын.  
Президенттің өзі бастап бұлтартпас  
Ерен істің еркін аяқ алысын.

## БІР МІН БАР

Тіршілік, сенде бір мін бар,  
Шаттықтан қайғың көбірек.  
Сайрамай талай бұлбұлдар,  
Булықты үнсіз еңіреп.

Беу, уақыт! Сенде бір мін бар,  
Жүрісің шымқай асығыс.  
Қамығып өткен мың гүл бар  
Қауызын ашпай қапылыс.

Бір мін бар сенде, арманым,  
Тым биік құлаш сермейсің.  
Білсең де дүние жалғанын,  
Аз ғана тыным бермейсің.

Қайтейін, достым, мін демей,  
Өзінді көптеу сүйесің.



---

Сыздаған жерді іздемей,  
Қытыққа тиіп жүресің.

Бір мін бар, інім, сенде де,  
Сынамас жерде сынайсың.  
Ел-жұртқа жақпас пендеге  
Ергіштеп үйір құрайсың.

Бір мін бар сенде, жан аға,  
Көңілге кірбің тересің.  
Тұскендей сайтан арага,  
Қол ұшын кештеу бересің.

Жаттаған Абай сөзінің  
Қайталап көбін иланам.  
Аз емес мінім өзімнің,  
Кешірек ұғып қиналадам.

2002

## ТУҒАН ЕЛГЕ

Келеді жан баураған ғашық өлең,  
Сенеді жүрегімді ашып өлең.  
Тұған ел, ақ бұлағың болып тусам,  
Шапқылап жарысамын ғасырменен.

Сөнбейтін жанартаудай жалын ішім,  
Өнбейтін талабым жоқ арым үшін.  
Тағдырмен арпалысып келемін ғой,  
Арналды келешекке сағынышым.

Аңсадым атар таңның тез келгенін,  
Адамның адад дедім кез келгенін.  
Үл-қызым көбейтер деп үмітім зор,  
Аз болса тұған елге өз бергенім.



## ОТЕЛЛО

Күн сияқты жүрегім,  
Дос-жаранға нұрым мол.  
Адалдық – жалғыз тілегім,  
Жасырмай айтар сырым сол.

От қызыу мол екен,  
Жеткізбес сөзін мақалдаш.  
Отелло деген сол екен –  
Жүргең толы махаббат.

Күдікке өзін жеңдірген,  
Демес ем кіршік тергіштік.  
Барша жан адап деп жүрген  
Отелло деген – сенгіштік.

## ПАВЛОДАРДА СӘТБАЕВ ЕСКЕРТКІШІ

Ассалаумагалейкум, Қаныш елі,  
Ертіс-Баян қарсы алды таныс желі.  
Сан тойында толагай жыр төгіп ем,  
Құттықтауға жол түсті тағы сені.

Қаныш аға жұз жылдық тойындағы  
Белгілер мол сақталған ойымдағы.  
Бар ғаламға тең ортақ дәрежесін  
ЮНЕСКО Парижде мойыннадады.

Алматыда Сәтбаев ескерткіші,  
Көрініп түр өзгеден өктем күші.  
Жезқазганда жасалған лағыл тастан  
Нар тұлғаны ұмытпас көрген кісі.

Қарағанды, Атырау, Баянауыл,  
Көкшетауда... бірінен-бірі тәуір



---

Ескерткіштер көтерді ел еңсесін,  
Ұлылыққа тағзым – ол бір дәуір.

Бүгін дәстүр ерекше жаңаланды,  
Сүйсіндірді көп күткен сан адамды.  
Павлодарда, Сәтбаев өз елінде  
Құлаш жайып, көркейтті жаңа алаңды.

Құтты болсын Қаныштың ескерткіші!  
Ескерткіш те зор құрмет көрсеткіші!  
Қазба кендер қазыналы көзін ашып,  
Ол – қазақты байытып кеткен кісі.

Бақыт жолы ескірмес ер кісіге,  
Келді дана сағынған Ертісіне.  
Бұл да елімнің дербестік зор айғағы,  
Қарқын қосар жасампаз өр күшіне.

Талай жылдар жаттықсам заман шолып,  
Елеңдettі ел дерті маған қонып.  
Осы ескерткіш орнамай көптен бері,  
Жұруші едім ойсырап алаң болып.

Келді бүгін Қереку кемеліне,  
Желкен бітті айдында кемеліге.  
Бұл – Елбасы қолдаған асыл белгі,  
Түгел сөздің зер салсақ тереңіне.

Қала, дала қарқынды алға басқан,  
Жан толқытты дүбірі әнге ұласқан.  
Астананың сәлемін ала келдім,  
Ерке Есілдің шаттығы араласқан.

Жаса, өрле, Қаныштың сүйікті елі!  
Барша қазақ ақталды үміттері.  
Киелі аймақ рухани мәртебесі  
Кешегіден бір саты биіктеді.

12.04.2010



## ӨЛЕНДЕР КЕТТІ ТҮНШЫҒЫП

(Мұқагали Мақатаевқа)

Үзілсе қайран сезім гүл,  
Отырғам жоқ оңай боп.  
Шаң тастады көгілдір,  
Жыр жорғасы топай кек.

Көріп ем сәтті кездерін  
Аспаннан жұлдыз алғандай.  
Естіп ем отты сөздерін  
Аузына Тәңірі салғандай.

Болса да, мүмкін, төр сенде,  
Тайсалмай айтар кей сырны.  
«Лифте сұлу көрсөң де,  
«Гәккүің» артық», – дейтүғын.

Аударып еді Дантенің  
«Жұмағын» алмай, «Тамұғын».  
Өмірдің де жан телім,  
Жаяулап көрді жабығын.

Құлшынса кейде ес кіріп,  
Еділдің лебі қаулайтын.  
Қазақы күйше естіліп,  
«Аппасионата» заулайтын.

Өкінсек те, шіркін-ай,  
Ол мықтының бірі ғой.  
Өлді деген – ілкім ой,  
Шырағы өшпес, тірі ғой.

Ақын өлді демендер,  
Жыры жүр жерде құлшынып.  
Жазылмаған өлендер  
Кетті ғой, өттен, түншығып.



## ЖАСАЙ БЕР, МҰНАЙШЫЛАР!

Атырау атырабын жадыратқан,  
Әлемге алау сілтеп дабыл қаққан.  
Ақтаудан сарқыраған мөлдір мұнай,  
Қара алтын өзендері ағып жатқан.

Қарт Каспий толқынымен алысқандар,  
Ақыық қырансыңдар алыс самғар.  
Атағын байтақ елдің айғақтатқан,  
Сендерсін, мұнайшылар, арыс жандар.

Тасыған ел байлығын құбырларың,  
Бұлқынып жасап жатыр дүбірі ағын.  
Қазақтың көрі-жасын сүйсіндірген,  
Фажап қой қызу майдан ғұмырларың.

Сендерді батырлар деп айта аламын,  
Сенім мол келер күнге, жай табамын.  
Ең асыл нұрын төксін атқан таңдар,  
Тұн келсе жарқыратсын Ай қабағын.

Айбынды мұнаралар,  
Су кешіп, құм аралар.  
Құтты көш құрайсыңдар,  
Дауылға шыдайсыңдар,  
Жасай бер, мұнайшылар!

## ТЫНЫШТАҚ

Сал тыныштық турағы далам менің,  
Құн нұрымен құшады заман лебін.  
Таң сәулесі ақ шуақ саф ауамен,  
Жусан исін құмартып алар демін.

Өзім-дағы гүлқанат самал желден,  
Кәүсар жұтам жерүйық қоңыр белден.



Көк шалғынға көңілжай жата кетсем,  
Бейжай өмір рақаты хабар берген.

Тыңаясың, сондайда ес кіреді,  
Онсыз дерптің табылмас ешбір емі.  
Жаным құштар табиғат дыбыстары  
Еш мұлтікіз, тап-таза естіледі.

Желпіндірер сандуғаш сайрағаны,  
Желі, көген женгелер байлағаны.  
Заводтардың қосылып жез сыңғыры,  
Оркестр боп жалғасар аймақ әні.

Риза көңіл үлғайтып тынысынды,  
Шығармайсың, мәз қалпың, дыбысынды.  
Ыршып түсер бірақ та болар бір сәт  
Есіңе алсаң бітпеген мың ісіндеі.

## ҚҰДА КЕЛДІ

Құда келді!  
Ауылға құда келді!  
Есің неге шықты деп сұрама енді.  
Құдашаны көруге құштар едім,  
Жүргегіме жүгірмек лаң енді.

Інілерім, кәнекей, жүгіріңдер,  
Құдағидың алдында бүгіліңдер!  
Қозы іздеген қасқырдай тесіреймей,  
Қоян ілер тұлкідей үніліңдер.

Құда менен құдағи сынар елді,  
Білдірмейік той толас, тынар жерді.  
Ән шырқайық, ай, аспан жаңғырықсын,  
Биге шығар от жанаар, бұраң белді.



Құда келді!  
Келеді қүй ақтарғым,  
Қандырайын құрышын құлақтардың.  
Аққу әні, жезкиік дүбіріне,  
Құлкісіне салайын бұлақтардың.

Беу, құдаша!  
Бізге де құлақ салғын,  
Тостаған көз, томпақ бет, ұнап қалдың.  
Ата-баба, сал-сері салтыменен  
Тап қасыңа келеді құлап қалғым.

Біздің елдің әні бар «Жамбас сипар»,  
Бір сипамай қоймайтын мен де қиқар.  
Шырқаганым ұнаса шабыттанам,  
Өршеленіп кеткендей өрде тұлпар.

Құда келді, женеше! Құда келді!  
Ұмысындыр да қымсындыр қыран ерді.  
Өкшең емес, ұшымен басып бар да,  
Сактағаның қайда еді?  
Шығар енді!

Құдаларды көрейік, күтімді етіп,  
Шампанды қүй шапшытып, шүпілдетіп.  
Өктем сөйлеп, өндірте алдырындар,  
Рюмкенің сыңғырын үкімді етіп.

Әзілмен жен, жауап сөз таппайтындей,  
Тілінді алдыр, айтқаннан қайтпайтындей.  
Мені жібер!  
Қинайын құдашаны,  
Қинай білмес құда деп айтпайтындей.

Құдалардың қалмасын қызбағаны,  
Құдашаны әйтпесе қызғанады.  
Не де болса қуаныш құтты болсын!  
Ұлы тойдан ұлағат із қалады.



## БІРЛІК ТУЫ – БИАФА

Бел-белестен белгі тастап Бейімбет,  
Шоқ жұлдыздан қалған жоқсың кейіндең.  
Қай ауылда тусаң-дағы байтақ ел  
Жан-жүргегін тосар саған бейімдеп.

Сырт айналса ауыр күнде дос талай,  
Ұмытқан жоқ өзің туған Қостанай.  
Ардақтады Сәбит, Фабит ағалар,  
Нұр тұлға деп сыйлас, естен тастамай.

Кер заманның шексең талай азабын,  
Туды бүгін Биаға дер ғажап үн.  
Мәңгі бақи сені ардақтап өтеді  
Жер бетінде есен болса қазағың.

Сәкен үшқан ғарышта,  
Ілияс озған жарыста,  
Магжан жеткен қияда  
Сен де жүрсін, Биаға!

1994

## МОЙЫНСҮНУ

Сексенде шабыт толғайды,  
Сенімін көптің ақтаймын.  
Мәңгі жас өмір болмайды,  
Мәңгі жас көңіл сақтаймын.

Жастық шақ ізгі бәрі де,  
Шақырсаң даусың жетпейтін.  
Біреулер бар ғой әлі де  
Есіңнен көркі қетпейтін.



Жұлдызым сөнбес көгімде,  
Ұмынтып өрге қыстап жүр.  
Көп жасасам өмірде,  
Фашықтық жыры устал жүр.

Тұсімде көріп селк етем  
Ақ жүзін ай боп ататын.  
Махаббат өшпес дерт екен  
Беріш боп жанға бататын.

10.07.2012.  
Астана

## ӨСЕТ-ЖҰЛДЫЗ ЖАРҚЫЛЫ

(Өсет Бейсеуовке)

Жел сыңсып, Ай қамығып,  
Тастан-дағы  
Сол күні балқып шықпас жас қалмады.  
Құйылып Өсет-жұлдыз жерге түсті,  
Қиылып алтын сызық аспандағы.

Өн сүйгіш қауым көкке қарап қалды,  
Теңселтті ауыр қаза қазақтарды.  
Тек қана Заманбектей ер азамат  
Өлімге қимай қару-жарақтанды.

Секілді сәл мезетке көз ілдірген,  
Ғажапты жеткізер ме сезім тілмен?  
Жарқ етіп Өсет-жұлдыз қайта жанды,  
Жыр болып жалғыз шумақ төгілдім мен.

Кенсайды басып жұлдыз төтесімен,  
Тік шықты Алатаудың шекесінен.  
Құлімдеп Өсет-жұлдыз нүр шашып тұр,  
Сұлу саз қауышқандай көкесімен.



Жақсының жақсылығын жасырмаған,  
Жасымнан мінез бердің, ғасыр, маган.  
Өсеттің атағына атақ қосты  
Болғаны Заманбектей қасында адам.

Шын достық шуағына ел де қанды,  
Сүйсінні дистар түгіл бөгде жанды.  
Бір жұлдыз «Өсет болып көкте жанса»,  
«Бес жұз ән» шырақ болып жерде жанды.

Тірлікте дос-жаранға төрің толса,  
Қырықтың біреуінен қыдыр қонса,  
Ажалдан шошыну да бекер екен  
Адал жан – Заманбектей досың болса.

04.12.1998

## ТУФАН ЕЛ

Араладым талай жер шартарабын,  
Орындадым ортаймас жан талабын.  
Өздеріңе ешбір жер жетпейді екен,  
Баянауыл, Қекшетау, Қарқаралым.

Балқан барып байлығын байқағаным,  
Сұлулығы таңдантса сай-саланың,  
Жетпей тұрған бір жерін іздегенде,  
Аттарыңды сан рет қайталадым.

Сексен көлдер елестеп кезектеген,  
Аққулары алдымнан тез өтпеген.  
Тентек жүрек қызық-ау...  
Жас баладай  
Тез кетейік елге деп безектеген.

1979



## АҚЫН ҚАРЫНДАСҚА

Әкім деп безбей сен менен,  
Ақын деп ізде қашанда.  
Жанымды жырың емдеген,  
Сырымды көпке ашам ба?

Отырмын жылы сез танып,  
Жарқ етсөң өнер көшінде.  
Жоқ менің жіті көз салып  
Не барын байқау төсінде.

Жатырқама, кел бері,  
Жанымда жақын өлеңім.  
Шынымды айтсам, мен сені  
Періште қыздай көремін.

1979

## САЛТ ҚАМШЫ

Салт қамшының сырғы жатыр алыста,  
Ол құс қанат алғып үшар жарыста.  
«Қыз қусаң да» қамшы үйіртіп жетіп бар,  
Бәсекеде қыздырады намысқа.

*Қайырмасы:*

Заула, заула, құйындар,  
Шаңға орап кет, бұрын тарт!  
Бас қамшыға, екпіндегі!  
Оза шауып, еркін жет!  
Бір серпіліп қалады ел,  
Бас жүлденді ала бер.

Тал бойында намысы бар жақсының,  
Сұлу қамшы айтқызады жан сырын.



Адал досың ұмытпайды ешқашан,  
Қиналғанда ұшын берсең қамшының.

*Қайырмасы.*

Сан сайыста топтан оздық, жендік те,  
Алшаң бастық қамшымызға сендік те.  
Салт қамшыңды үйіріп қал дер кезде,  
Сонда жайнар серілік те, ерлік те.

*Қайырмасы.*

Бір сілтеп қал, Ақан сері айтқандай,  
Құлагерше тез құйындан жасқанбай!  
Қазақ үшін қуанышта не жетсін  
Алқа топтың алдын озық ашқандай.

*Қайырмасы.*

07.09.2012.  
Астана

**ЕЛ БІРЛІГІН БИКТЕТКЕН ТУЫМСЫҢ**  
*(Бейімбет Майлинге)*

Дабылдатса даңқы букіл ғасырды,  
Кейде тағдыр атын елден жасырды.  
Найзағайлар арасынан жарқ еткен  
Қайта көрдік Бейімбеттей асылды.

«Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз...»  
Деген сөзді ұран еттік әлі біз.  
Дәл айтыпсың сол заманда, Биага,  
Ауыл көріп, ашып түр ғой жанымыз.

Лұпілі бар жүректі үшке бөлмейміз,  
Алатудай Сарыарқаны төр дейміз.



Сәкен, Ілияс, Бейімбет – үш дария,  
Өзен болсақ, дария жаққа өрлейміз.

Бар қазақтың бірлігіне сенеміз,  
Егемен ел, өрде ортақ кемеміз.  
Қайғырсақ та, қуансақ та үндесіп,  
Дерті бірлер демде ұғысып келеміз.

Жаралғандай жаның нұрлы парыздан,  
Адалдығың – нағыз аппақ қауыз, дән.  
Қай ауылда тусақ-тағы, бар қазақ  
Тастамаймыз Биага деп ауыздан.

Арыстармен арманы бір шыңымсын,  
Білмегендер бүгін жөндеп ұғынсын.  
Қостанайым қосқан ұлы дүбірге,  
Ел бірлігін биіктеткен туымсың.

1994

## ӘЖЕСІ БАР АДАМДАР – КҮНДЕ БАЛА

Болғандай жалғыз сенің жан садаған,  
Күні жоқ ертелі-кеш аңсамаған.  
Атаң мен әжең бары қандай бақыт,  
Бір саған бүйіргандай барша ғалам.

Жүгірген «құлныым» деген үнге ғана,  
Ұқсайсың шаң тигізбес гүлге ғана.  
Атасы бар адамның қорғаны бар,  
Әжесі бар адамдар – күнде бала.

Келеді әке-шешең тәртіп құмар:  
Қит етсең «тентек» деген даңқың шығар.  
Атаң мен әжең бәрін жоққа асырып,  
Қатенді жетістікten артық қылар.



Сондайда шаттанасың тасып жігер,  
Туады орайлы сәт ашық күлер.  
Әжеңнің бір ғажайып ғадеті бар  
Бірдеме қалтасына салып жүрер.

Дүкендей қалтасы да кең көлемді,  
«Не бар?...» – деп тез бастайсың сен де өлеңді.  
Берері бала күнде көмпіт еді,  
Есейіп өсе келе теңгеленді.

11.10.2008.  
Астана

## АНАМ БЕРГЕН ДОМБЫРА

Досымнан сыр жасырам мен несіне,  
Анамды көп айтушы ем жерлесіме.  
Көкшени көшкен бұлттар торлағанда,  
Жан анам соғыс жылғы келді есіме.

Жан серік қам көңілдің бар назына,  
Құмарттым Ақан сері өн назына.  
Мектепті мен медальмен бітіргенде  
Домбыра әперді анам байғазыға.

Күмбірі көршілерді таңғалдырды,  
Көркейтті көкіректе жанған нұрды.  
Женгейлер көрімдікке көмпіт шашса,  
Үлкендер бата беріп, өн салдырды.

Студент күндер үқсан өскерге де,  
Сыйғыздым тар вагонда аз жерге де.  
Болсын деп қимас досым қайды жүрсем,  
Әкеттім домбырамды Мәскеуге де.

Жүргегім түрлі назға тасып толды,  
Фашық өн жасырынбай ашық қонды.



Домбыра көп тартқызып  
Аққұба қыз,  
Ақыры бір көруге асық болды.

Мұңдайсам сегіз перне болды ма сеп,  
Құпия таң сарында мол құрап ек.  
Атадым тұңғыш өлең жинағымда  
Алғашқы поэмамды «Домбыра» деп.

Толғанып екі ішекке мұң да арттым,  
Күмбірі жан толқытып сырға баттым.  
Әжесін ерте кеткен көре алмаған  
Ұлымда домбырамды сыйға тарттым.

Қолға алсам қуанамын жар салардай,  
Кезім жоқ күмілжіген өн сала алмай.  
Ерланның үйіне мен жиі барам,  
Жан анам Жезқазғанда қарсы алардай.

2009.  
Астана

## ӘКІМ ТАРАЗИГЕ

Сексен жас құтты болсын, Әкім інім,  
Мен сендей дүлдүлдердің жақынымын.  
Дос болып өүел бастан қосылып ек  
Астында екінші Мекке шатырының.

Сондағы сәті қызық жағдайдың,  
Көрсеттің қүзетшіге нағыз айбын.  
Тәбемді аспан-кекке көтеріп ең  
Алдында Иасауи мен Абылайдың.

Өлең көп баяндаған жаз-қысымды,  
Бұл жолы дінге арнадым жан құсымды.



Мақтаған Түркістанда сөзің үшін  
Ал менің шын жүректен алғысымды.

Атынды уақыт ерте дөғармасын,  
Шабытты күндер, тұндер көп орнасын.  
Сексенде інім бар деп жар салайын,  
Жұрт мені жүзге келді деп ойласын.

05.10.2013.  
*Astana*

## АҚБЕТКЕ

Ақбет тауы, алышсың  
Баянаула төсінде.  
Өшпестей боп қалышсың  
Қаныш аға есінде.

Самғап үшса сақ қыран,  
Танданды арқар, сілеусін.  
«Бұркітбай» атты шаттық ән,  
Сол еді-ау сенің тілеушің.

Тындалп ем сұлу бұл әнді  
